ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ
ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ
ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

# «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ АБАЙДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДЕБИ МҰРАСЫ»

дөңгелек үстел материалдар жинағы

# «ФИЛОСОФСКОЕ И ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ АБАЯ В КОНТЕКСТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ»

сборник материалов круглого стола

Алматы
2020

**ӘОЖ 821.512.122.0**
**КБЖ 83.3 (5 Қаз)**
**Р 87**

*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының Ғылыми кеңесі ұсынған*

**Редакция алқасы:**
***А.Қ. Бижанов,*** саяси ғылымдарының докторы, профессор, (жауапты редактор)
***К.І. Матыжанов***, филология ғылымдарының докторы, профессор
***С.Е. Нұрмұратов***, философия ғылымдарының докторы, профессор

**«Рухани жаңғыру аясындағы Абайдың философиялық және әдеби мұрасы»: дөңгелек үстел материалдар жинағы. – Сборник материалов круглого стола: «Философское и литературное наследие Абая в контексте модернизации общественного сознания».** – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2020. – 180 б.

ISBN – 978-601-230-082-6

Қазақ халқының көрнекті ойшылы Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты біріге ұйымдастырған дөңгелек үстел материалдарының жинағы тарих пен қазіргі заманның өзекті гуманитарлық мәселелерін талдауға арналған мақалалардан тұрады.

Жинақ гуманитарлық бағыттағы ғылым саласында қызмет ететін ғалымдар мен оқытушыларға, докторант, магистрант және студенттерге, сондай-ақ аталмыш мәселеге қызығушылық танытатын жалпы оқырман қауымға арналады.

**ӘОЖ 821.512.122.0**
**КБЖ 83.3 (5 Қаз)**

ISBN – 978-601-230-082-6

© ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2020
© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2020

# МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ


**Вступительное слово**........................................................................ 5

***Бижанов А.Қ.***
Рухани жаңғыру аясындағы Абайдың ұлт болмысы туралы философиялық ойлары........................................................................ 7

***Матыжанов К.І.***
Абайтанудың жаңа көкжиектері.................................................. 14

***Нысанбаев Ә.Н.***
Абайдың әлеуметтік онтологиясы және қазіргі жаһандану заманы........................................................................ 31

***Сейтахметова Н.Л., Турганбаева Ж.***
Deconstruction and Reconstruction of Meanings in the Kazakh Adab: Abay and Shakarim.......................................... 37

***Барлыбаева Г.Г.***
Концепция «толық адам» в философском наследии Абая.......... 47

***Нұрмұратов С.Е., Молдағалиев Б.Е.***
Абай дүниетанымының терең рухани тамырлары....................... 54

***Ананьева С.В.***
Всемирное значение творческого наследия Абая Кунанбаева: новые переводы на мировые языки............................................. 66

***Хамраев Ә.Т.***
Абай мәңгілігіндегі мұсылмандық ренессанс............................. 74

***Соловьева Г.Г.***
Философия прекрасного: Пушкин и Абай.................................. 90

***Бейсбаев С.Е.***
Абайдың рухани мұрасы: сабақтастық мәселесі........................ 98

***Әлжан Қ.Ұ.***
Абай – мыслитель........................................................................ 103

***Сағиқызы А.***
Абай о сущности знания.............................................................. 112

***Ошақбаева Ж.Б.***
Абай философиясындағы жүрек ұғымының мәні............................ 117

***Қоңырбаева К.М.***
Абайдың этикалық әлемі............................................................... 124

***Аймұратов С.Б.***
Абай Құнанбаевтың философиялық дүниетанымы
руханилықтың қайнар көзі........................................................... 131

***Изотов М.З., Жаңабаева Д.М.***
Абай философиясындағы диалектикалық идеялар...................... 139

***Мейрманов А.Д.***
Танымдық ізденіс – адам болмысының мәні................................ 146

***Нүсіпова Г.И., Рахметова Ж.Ә.***
Абай идеяларының қазақстандық философияға ықпалы............ 154

***Қалдыбеков Н.***
Абайдың он екінші қара сөзіндегі ғибадат мәселесі.................... 160

***Алтайқызы А.***
Абай шығармашылығындағы діни мәселелер.............................. 166

***Ержанова А.Ж.***
Абай философиясындағы қайырымды қоғам тұжырымдамасы.... 172

# ВСТУПИТЕЛЬНОЕ СЛОВО

Актуальность абаевских идей вызвала к жизни огромную литературу об Абае, свидетельствующую о глубине интереса к великому мыслителю и поэту, заключающейся в том, что Абай – зеркало своей эпохи и что нельзя, не всматриваясь в это зеркало, ни узнать, ни понять историю, прошлое, настоящее и будущее казахского народа. М.О. Ауэзов верно отмечал, что «читая Абая, можно составить ясное, разностороннее и точное представление о социально-экономическом, правовом, семейном и общественном, а также культурно-историческом, моральном состоянии казахского общества». Наследие казахского поэта-философа – это поистине своеобразная энциклопедия народной жизни и поэтому вполне закономерно, что о нем написано так много, что каждое поколение, опираясь на опыт предшественников, изучает эту своеобразную энциклопедию.

В эпоху глобализации, охватившей весь мир, в том числе и Казахстан, обращение к философскому и литературному наследию Абая, осмысление его в контексте модернизации общественного сознания, отвечает самым важным задачам сегодняшнего дня и определяет направление будущих перспектив.

Вы знаете, что 9 января этого года Президент нашей страны Касым-Жомарт Токаев опубликовал статью «Абай и Казахстан в XXI веке». Одним из главных месседжей, говоря современным языком, этой статьи являются следующие слова: «Если мы хотим восстановить национальное самосознание и сформировать конкурентоспособную нацию, мы должны внимательно прочитать работы Абая. Его взгляды на различные процессы в обществе сегодня очень полезны для Казахстана. Абай, который отражает образ не только своего времени, но и современного общества, является нерушимым железом страны».

Творческое наследие Абая насыщено глубокими философскими идеями: он размышляет над проблемой человека – «толық адам», развивает учение о нравственных качествах. Об Абае мож-

но сказать, что это был уникальный духовный мир, абаевская вселенная, в центре которой находится человек.

Абай как никто до него высоко поднял значение художественного слова и поэзии. Он резко критиковал тех акынов, которые сочиняли стихи по любому поводу, прославляли богатых и сильных мира сего, «золотое слово песни превратили в медь». Согласно мыслителю, художественное, поэтическое слово не может и не должно быть простым средством существования, потому что назначение его высокое и божественное, и оно должно трогать сердце и обжигать душу. Поэтому, глубоко убежден философ, поэзия должна изображать жизнь, защищать истину и добро, разоблачать порок и зло. Безусловно, стремление к прекрасному составляет суть творчества великого Абая, чьи принципы стали основой всего последующего развития казахской духовной культуры.

Возрождение подлинного интереса к собственным философским истокам, философии Абая, в частности, способствует росту самосознания народа, становлению его национальной идентичности, а также укреплению его культурного кода.

Хотелось бы отметить, что Абай – во многом этнообразующая фигура. Его роль особо заметна в формировании духовного единства нации. И поэтому, на наш взгляд, нет ничего удивительного в том, что Абай желает сделать свое детище как можно более совершенным. В этом, возможно, и состоит величайшая ценность его наследия. Читая Абая, духовно советуясь с ним, мы узнаем себя: кто мы, кем были и какими должны быть. Абай заставляет нас думать, сомневаться. Абай не дает успокоиться. Нужен был он в XIX веке, еще более нужен в XXI и в будущем. В этом и состоит величие его как мыслителя.

# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ АБАЙДЫҢ ҰЛТ БОЛМЫСЫ ТУРАЛЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЛАРЫ

***БИЖАНОВ Ақан Құсайынұлы,***
*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры,*
*саяси ғылымдарының докторы, профессор*

Адамның жан-дүниесін жаңғыратын, сол халықтың мінез-құлқын қалыптастыратын, ұлттық бірегейлігіне қызмет ететін ақындар мен философтар, ағартушылар болады. Ұлы Абай міне, осындай тұлға. Абайдың тағылымдары арқылы қазақ философиясының маңыздылығы өзінің шарықтау шегіне жетіп, ұлтымыздың барынша кемелденуіне жол ашты. Кемел ақынның келелі ойлары арқылы халқымыз әлемді жаңа қырынан тани білді. Рухани тұрғыдан дамуымызға даңғыл жол ашты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кемеңгер ойшыл, ғұлама ағартушы жөнінде «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» деп аталатын «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған көлемді де көркем мақаласы жыл басындағы жұртшылықты елең еткізген дүние болды [1]. Оның өзектілігі мен өміршеңдігінде сөз жоқ. Біле-білсек, Абай тағылымы біздің ұлттық идеологиямыздың түпқазығы, берік ұстанымы. Біз Абайды қанша танып білдік десек те терең ойлы ғұламаның тұжырымдары бүгінгі заманды жаңаша көзқараспен зерделеуге жетелейді. Айтулы мақала үстіміздегі жылы кең көлемде аталып өтілетін Абай мерейтойының маңызы мен мәнін ой елегінен өткізіп, алдымыздағы ауқымды жұмыстардың бағыт-бағдарын көрсетіп отыр.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің айтулы мақаласында барынша ашып көрсетіп «Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады» [1], – деп атап көрсетті.

Абайдың рухани ізденістерінің негізгі түпқазығы – әлем мен адамзаттың түбегейлі жаңаруында, жаңа құндылықтар мен ілгері

дамуында, адамның ой-санасын ояту арқылы кемелдікке талпынуында. Адамның биік парасаттылығы мен ұдайы ізденісте болуы, үйренуге, білім алуға талпынуы, өзгелердің мәдени құндылықтарын бойына сіңіруі өркениетке жетелейді. Абайдың терең ойлары міне, осыған меңзейді. Кемел ойлы кемеңгер ақынның, ұлы ағартушының терең толғамдары сол тұстағы дәстүрлі мәдениетімізден түбегейлі ерекшеленеді. Ол әлемді жаңаша тануды, дүниетанымды тың ойлармен қабылдауды ұсынады. Этикалық және эстетикалық құндылықтарды өзектеп, қазақтарға өмір сүрудің жаңа принциптерін ұсынады, тұрмыстағы жаңа идеалдарды қалыптастыру жағына қарай шақырады [2].

Мемлекет басшысы өз мақаласында ғалымдарды Абайдың кемелдікке бағыттаған, биік парасаттылыққа үндейтін, жан-жақты қабілетті «толық адам» мәселесіне назар аударуды ұсынады. Абайдың тума талант, кемел ойлы кемеңгер, халқымыздың үлгі тұтар тарихи тұлғасы екендігінде дау жоқ. Өз заманынының озық ойлы данышпаны ретінде Батыстан да, Шығыстан да көп ілім алған, бойына мол білім жинаған ғұлама. Шын мәнінде оның барлық шығармалары, қазақ философиялық ойын дамытқан терең толғаулары дүниетанымдық бағыт береді. Оның басты мақсаты – нағыз кемелдікке жету үшін адам не істеуге үйрету керек?, неден бас тарту керек? деген сауалдарға жауаптар іздейді, ойлы тұжырымдарға жетелейді. Адамның рухани келбетінің этикалық, эстетикалық мәні мен мақсаты ақын ізденістерінің негізгі бағыты, сонымен қатар әлеуметте қалай өмір сүрудің мағынасын анықтауды өзіне басты бағдар еткені байқалады. Ойшылды интеллектуалдық сана-сезімді қалыптастыру терең толғандырды.

Абайдың «Толық адам» ілімі, яғни кемелдікке жету дүниенің тылсым сырын ашып, соған толық ден қойып, терең бойлап, дендей алғанда ғана, соның бәрін бүгінгі өмірмен салыстырғанда ғана өз тиімділігін береді. Ол рухани құндылықтар – білім, мәдениет, тарих, философиялық тұжырымдар арқылы ғана адамзат баласы даму жолына түсетінін көрсетеді. Ұлы ойшылдың тұжырымы негізіндегі адам нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайратпен қаруланатын болса, жер бетінде әділетсіздік аз болар еді. Абайдың «пайда ойлама, ар ойла» деген өсиетін ұмытпау керек. Тұран

даласынан шыққан айтулы философ, ұлы ағартушының айтып көрсеткеніндей, дүниетануға гуманистік көзқараспен үңілу, рухани ізгілік бағыттағы қадамдар мен сананы серпілту идеяларын қалыптастыру керек. Абайша пайымдағанда, «Толық адам», яғни кемел ойлы кемеңгер жан билікке, байлыққа тәуелді болмай, бәрінен биік тұрып, азаттықта, еркін самғай алады. Ең бастысы, адамның ішкі жан-дүниесі таза, рухани санасы сергек болса ғана ол кемелдікке жетеді. Демек, осы тұрғыда біз тағы да Абайға жүгінеміз. Сонда ғана қоғам өмірін ізгілендіре аламыз, өркениетке жаңаша бет бұрамыз. Сондықтан Абай мұраларын жаңғырта білуіміз керек. Жаңа ғасырдағы өркениет құндылықтары бізді соған алып барады. Жаһандану үрдісі рухани салаға мейлінше пәрмендірек ене бастайды. Ендігі жерде адамның рухани санасына, әлемдік психологияның өзгеруіне батыл өзгерістер жасалуы тиіс.

Бір сәт данышпан Абай туралы оның шәкірті, ойшыл ақын Шәкәрімнің пікіріне назар аударсақ, «Абай қазақтан бөлек, дара кісі еді... Ибрагим мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан, қадірі азырақ білінді. Олай болмағанда, данышпан, хакім философ кісі еді» [3], деп еске алады. Бүгінде ұлы Абайды әлем аренасына уақыттың өзі алып шығып отыр. Ендігі жерде біздің, яғни кейінгі ұрпақтың міндеті, Абайдың «Толық адам» іліміне терең бойлау. Сол себепті бәріміз ұлт болып ұйысып, әйгілі философ, кемеңгер ақынның ойлы тұжырымдарына барынша ден қоялық, оның ілімін жүзеге асырайық. Сонда ғана халқымыздың ұлттық болмысын биіктетіп, өркениет есігінен еркін кіріп, төрлей аламыз.

Абай алдымен өз халқының өмірлік мүдделерінің жоқшысы. Елін сүйген, оның болашағын ойлап қам жеген, халқын әлеуметтік бірлікке, қарекетшіл еңбекке, өнер-білімге, өркениетке үндеген ғұлама. Ауыл арасындағы өзара айтыс-тартыстан арылып, ұлы ағартушы жұртшылықты ғылым-білімді меңгеру нәтижесінде дүниенің сырын білуге үндеді. Болашақта көп тілді меңгеріп, алған біліміңді халықтың игілігіне жаратып, соған қызмет ету арқылы, оны ілгері қарай дамытуда екенін ұғындырды.

Данышпан ақынның туған халқын дүниелік ғылым-білімді, өнерді, техниканы меңгеру арқылы дамудың даңғыл жолына

түсуге шақырған жалынды сөздері оның гуманистік көзқарасы белгілі бір жүйеде қалыптасып, жоғары азаматтық деңгейге көтерілгенін аңғартады. Адамзат белгілі дәрежеде биік деңгейіне көтерілуі үшін оған үш нәрсе: зерделі ақыл, қажырлы қайрат және мейірбан жүрек керек деп топшылайды. Міне, Абай айтқан, кемеліне келген «Толық адам» тұжырымдамасы осындай.

«Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де сол. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет», [1] деп атап көрсетеді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің мақаласында. Ұлы ағартушы, ойшыл ақынның идеясы бойынша ұлттық бірегейлік, адамның өзін өзі тануы арқылы ұжымдасып, бірлесе отырып топтасудың нәтижесінде өзінің ішкі жан-дүниесін жаңғыртып, бәсекеге қабілетті ұлт ретінде нығаюды меңзейді. Бұл қазіргі таңда өзектілікке айналған қоғамдық сананы серпілту, мақалада көрсетілгеніндей, «егемен ел ретінде өсіп-өркендеуіміз үшін мемлекеттілігімізді нығайту» сынды ойды ұлы ақын өзінің шығармаларында айтып, елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетуге бағыштаған.

Абайдың әр сөзінің терең астары мен мағыналы мәні бар, сондықтан бас ақынымызды толық зерттеп білдік деп айтуға болмайды. Біз Абайды бүгінгінің көзімен көруіміз керек. Өркениеттік тұрғыда оның шығармашылығына үңіліп, астарын ұғып, соны жеткізуді мақсат етуге тиіспіз. Абайды зерттеп, жазып, айтып қана қоймай, оларды топтастырып тың идея мен нақты шешілу жолдарын қарастыруымыз керек. Келешек туралы, рухани құндылықтар, ғылым, білім, жастар, өркениетке ұмтылу секілді толып жатқан мәселелерді әрдайым назарда ұстауымыз керек.

Дүние жүзінде ғылым мен білімнің түрлі салаларын дамытуға зор үлес қосып, бүкіл адамзатқа ортақ ойшыл ретінде танылған тұлғалар баршылық. Өзге жұрт қазақ халқын абай арқылы, ұлы ағартушы, философтың еңбектері арқылы бізді құрметтеп, ізгілікпен қарап отырса, сол үлкен жетістік. Өйткені ақынның ғибраты мол бағалы мұрасы біздің таусылмас қазынамыз, рухани азығымыз. Сондықтан біз осыны терең ұғынып, ғұлама ақынның есімін асқақтатата беруге тиіспіз.

Ұлы ағартушы, аса зерделі ойшыл ақынның қазақ топырағынан шыққан кемеңгер екендігінде дау жоқ. Ол барша жұртқа ақыл-ойдың мәуелі жемісін сыйлады. Жалпы, Абайдың ақындық қуатының терең тамырына үңілген зерттеушілеріміз оның қазақ фольклорынан, Шығыс пен Батыстың сөз өнерінен, орыс әдебиетінен, тарихи еңбектерден сарқылмас нәр алғанын айтады. Оның мұндай тұжырымға Шығыс пен Батыс философтарының еңбектерін терең зерттеп біліп, зердесіне түйіп барып жеткені анық.

Абай өз халқын қадірлегендіктен де, кемшіліктеріне күйіне отырып ащы сынайды. Әйтпесе оның өз жағдайы жақсы болатын, мұқтаждық көрген жан емес, бір өлеңінде «жарлы емеспін, зарлымын» деп жазғаны да бар. 1903 жылы орыс ғалымы Галкин жазбаларында Абайға: «Он весьма состоятелен» [4] деп керемет мінездеме берген. Оның мың жылқысы, екі мыңдай қойы, басқа да малы болғандығы айтылады. Демек, Абай өзін ойлап алаңдаған жан емес, ол келелі толғамдарын елінің қамын жеп жүріп жазған. Әуелі адам болып алып, яғни рухани жаңғырып барып, содан соң ғана білікті маман болғанымыз абзал. Өзі өте білімдар Абайдың үш әйелінен туған балаларын оқытып, білім беріп, кітап, газет-журналдармен қамтамсыз еткен. Бұл бір есептен оның демографиялық мәселені де оңтайлы шешкенін көрсетсе керек. Осыны бүгінде орта кәсіпкерлікті қалыптастыру ретінде қарастыруға болады. Мемлекеттік қызметте би, болыстық правитель болғаны мәлім.

Жалпы біздің дамуымыздағы негізгі басымдықтар ретінде ең әуелі рухани құндылықтарды атауы осындай ойларға жетелейді. Заманында Абай философиялық трактаттар жазғанын ұмытпайық. Абай бүкіл шығыс ғұламаларының философиясын оқыған, зерттеген, аударған. Осы арада ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты үстіміздегі жылы «Рухани жаңғыру» бастамасын ұлы Абай ойларымен сабақтастырып, Абай арқылы халық санасын өсіру секілді аса ауқымды шараларды жүзеге асырады. Абай ұрпақ тәрбиелеуге, де жастарды саналы, сапалы, салиқалы болуға үндейтін, жол сілтейтін, бағыт-бағдар беретін кесек-кесек ойларымен орамды. Жаңа ғасырдағы

ұрпақ үшін Абай ілімі мен білімі әсіресе ізденімпаз жастар үшін көкейкесті.

Мақалада атап көрсетілгендей, Абай тағылымдары барша қазаққа, алдымен білімге құштар жастарға үлгі. Мектеп қабырғасында жүріп, бірінші кезекте Абайдың шығармаларын, өмір жолын, балалық шағын біліп өссе, кейініректе заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын тұщына оқып шығады, тәрбие алар тұстарын зердесіне тоқиды. Ақынның ойлы өлеңдері мен тағылым аларлық «Қара сөздерінде» ұлттың болмыс-бітімі, тұрмыс-тіршілігі, мінезі мен келбеті айқын байқалады. Осы ерекшеліктердің бәрін жастарымыздан бастап, жасамысқа дейін бойына сіңіріп, өмірлік тәжірибе ретінде қалыптастырады.

Ал кәмелеттік жасқа толып, шаңырақ көтерген, отау құрған жастардың дені алдымен Абай ескерткішіне барып, тағзым етіп, гүл шоқтарын қояды. Кейінгі жылдары біз осындай үрдісті көріп, біліп, сүйсініп жүрміз. Әрине, зерделі ұрпақ қалыптастыру тұрғысында қоғамдық сананы сілкінту, ғылым мен білімнің, философиялық тұжырымдарды жүзеге асырудың алар орны ерекше.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ұлттық болмыстың үлгісі ретінде жаңа құндылықтарға жол ашу дегеніміз, жаңғыру деп өткеннен қол үзіп қалмай, қайта ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре отырып, ой елегінен өткізіп, жаңаша дамытуды көздейтін құбылыс деп атап көрсетті. Бұл ретте, Абай бізге темірқазық. Біле-білсек, ойшыл Абай осыдан жүз жылдан астам уақыт бұрын-ақ ұлтымызды дамытуға, жаңғыртуға, жаңаруға, кемелденуге үндеген. Заман көшінен қалмай, ілгері қадам басуға, ілім мен білімді үйренуге шақырған.

Абайдың ойлы шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Осылайша кемеңгер тұлға қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін, халқының озық ойлы болғанын бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», [5] деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне на-

зар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Ойшыл ағартушының халқын ілгері дамыуға үндеген тұжырымдары қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі біз XXI ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Ендігі жерде біздің міндетіміз – осы ілгері ұмтылған ұлы көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан ойып тұрып орын алу. «Ол үшін ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек», – деп атап көрсетті Мемлекет басшысы.

Қазіргі әлем күн сайын емес, сәт сайын, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек.

Ұлы Абай өз тұсында замандастарына сыни көзбен қарап, «Терең ой, терең ғылым іздемейді, өтірік пен өсекті жүндей сабап» [5]деп үнемі көңілі толмай отырды. Бұл бүгін де күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Бос сөз, өсек, өтірік, мақтаншақ, даңғойлық, ысырапшылдық секілді келеңсіз жәйттерден арылатын кез жетті.

Абай ақын, ағартушы, ғұлама ойшыл, білікті аудармашы, көреген адам ғана емес, өмірді терең зерделеген философ. Адам жанын мұқият зерттеген үлкен пәлсапашы. Біле білгенге Абай мұраларының тағылым алар тұстары жетерлік. Біз соның бір парасына ғана тоқталдық. Абай әлемі біздерді алысқа құлаш сермеуге үндейді.

**Әдебиеттер:**

1. Тоқаев Қ. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан, 09.01.2020.

2. Абай және қазіргі заман. – Алматы: Ғылым, 1995. – 195 б.

3. Шәкәрім шығармалары. – Алматы,1988. – 265 б.

4. «Абай» энциклопедиясы. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 1995. – 452 б.

5. Абай. Қалың елім, қазағым. – Алматы, 1995. – 257 б.

# АБАЙТАНУДЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕРІ

***МАТЫЖАНОВ Кенжехан Ісләмжанұлы,***
*Филология ғылымдарының докторы,*
*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,*
*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және*
*өнер институтының директоры*

Ұлы тұлғаларды жыл өткен сайын жаңаша танып отырудың ешқашан ескірмейтін ақиқат екені белгілі. Оларды қайталап оқыған сайын жаңа қырынан ашылып отыратыны да мәлім жағдай. Ал енді қоғамдық сана өзгеріп, идеологиялық ұстаным құрсауын кеңейткен кезде, таным түсініктің әлемдік ақыл-оймен астасып, еркіндікке шыққан уақыттағы тұлғатанудың жөні бөлек. Міне, біз кемеңгер Абайдың ақыл-ой қазынасына осындай бұрылысты кезеңде қайта оралып отырмыз.

Әрине, қазақтың руханият тарихына мызғымастай етіп ұлы М. Әуезов орнықтырған Абайтану ілімі өз биігінде тұр. Одан беріде азды-көпті жасалған шаруалар да баршылық. Ал енді азаттықтың ақ таңы атып, кеңестік идеологияның тар құрсауынан құтылғаннан кейінгі тәуелсіздік дәуірінде Абайды қалай танып жүрміз? Алдыңғы ұрпақ айта алмаған, бүгінгі ұрпақ тарата түсіндіре алмай отырған "жұмбақ жанның" сырлы әлем суыртпағының ұшығынан ұстай алып жүрміз бе? – деген сауалдар "көкірегі ояу" оқырманның әркез көкейінде тұрары сөзсіз.

Шынын айтатын болсақ, соңғы ширек ғасырда біз Абайтануды әбден қалжыратып алдық, әсіресе, сапалық, іргелі зерттеу жағынан. Әрине, жазылған мақалаларда, ұйымдастырылған хабарларда, қайталап шығарылған кітаптардың санында қапы жоқ, мәселе жаңаша тануда, тыңға түрен салуда болып отыр.

Ең алдымен, ойға келетіні Абайдан қалған асыл мұраны қаншалықты мұқият жинақтап, аялы қамқорлыққа алып, жүйелеп, текстологиялық зерттеулер жүргізіп, сап таза алтындай қастерлеп оқырман назарына ұсынып жүрміз деген сауал. Бұл тұрғыдан келгенде, ұлы ойшылдың шығармаларын түгендеп, мәтінтану ғылымы тұрғысынан жаңаша саралап, академиялық нұсқасын

қалыптастыруда атқарылуға тиісті іргелі шаралар әлі де шаш етектен.

Күні бүгінге дейін Абай шығармаларының әр кезеңде онға жуық (1909, 1922(24), 1933, 1939, 1945, 1954, 1957, 1961, 1977, 1995 ) толық жинағы жарық көрген екен. Әрине, сапалық жағынан әртүрлі болып келетін басылымдарды көктей шолып, салыстыра зерделесек, Абай шығармаларының жиналуы мен жариялануының күрделі де, қиын жолдан өткенін көреміз. Солардың басым көпшілігі М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдарының (М. Әуезовтың басшылығымен) күшімен дайындалған. Бұл орайда, аса зор табандылық пен терең білім-білік танытқан М. Әуезов еңбегіне бас иеміз, әлі күнге бағдаршам тұтамыз.

Дегенмен, бұл төңіректе әлі де түп тиянағын таппаған сауалдар, заманның ырқымен қалтарыста қалған немесе өзгеріске түскен ақын сөздері , қолжазбаларды әркелкі оқудан кеткен ағаттықтар, жазбаға түсіру, басып шығару кезінде кеткен техникалық қателер жетіп артылады. Оның үстіне, ұлы Мұхаңның жігерін жасытып, сағын сындырған, қолына байлау, аяғына тұсау салған кеңестік идеология Абай шығармаларының мәтінін саралап, жинақтап, жүйелеп жариялау ісіне де салқынын тигізбей қойған жоқ. Мәселен, Абай шығармаларындағы Шығыс әдебиетінен келген сарындарға, дінге байланысты ұғым-түсініктерге, Абайдың дүниетану, адамтану іліміне қатысты ұстанымдарға жете мән берілмегенін еске салсақ та жеткілікті. Сол сияқты Абай шығармаларын орыс әдебиетінің аударма жаңғырығы ретінде тану, оның төлтумалығына күмәнмен қарау сияқты көзқарастар да үстем болды.

Сол сияқты қазақ әдебиеттану ғылымында мәтінтану саласының тым кенже қалуы да Абай шығармаларының текстологиясына өз зардабын тигізбей қойған жоқ. Мәселен, Абай шығармаларының текстологиясына Қ. Мұхаметхановтан кейін соңғы жарты ғасырдан астам уақытта арнайы ат ізін салған ғалымдар қарасы көзге шалынбайды!

Жалпы, Абай шығармаларының текстологиялық зерттеулер жүргізудің аса күрделі шаруа екендігінің объективті себептері де жетерлік.

Ең басты қиыншылық – ақын мұрасының өз қолымен жазылып, хатталған нұсқасының бізге жетпеуінде.

Екіншіден, ақын шығармаларын хатқа түсіріп әртүрлі жолмен елге таратқан адамдардың қолжазбаларының ала-құлалығында. Мәселен, Абай шығармасын хатқа түсірудегі басты тұлға – Мүрсейіт Бікіұлы қолжазбаларының өзінде біркелкілік (1905,1907, 1910) жоқ.

Үшіншіден, Абай қолжазбаларының барлығы дерлік арап әліпбиінде әсіресе, ескі (қадымша) арап жазуында жазылған. Бұл – мәтінді оқу көп қиыншылық келтіреді. Өйткені ертеде жазылған (А. Байтұрсынов әліпбиі шыққанға дейін) қолжазбаларда қазақ тілінің орфографиясы да, пунктуациясы да болмаған, тіпті, кей жағдайда дауысты дыбыстар жазылмауы да мүмкін. Оның үстіне ол әрқилы қолтаңбамен арап, парсы тіліндегі сауаттылық деңгейлері алуан түрлі адамдар қолымен көшірілсе, мәтінтанушылардың жұмысын одан әрі күрделендіре түседі.

Сол сияқты 1909 жылы шыққан жинақтың [1] өзінде баспагерлер тарапынан кеткен ақаулықтар жетіп артылады. (Оны жинақты құрастырушы Кәкітай Ысқақұлы да атап көрсеткен). Өкінішке орай, осы жинақтың Кәкітай, Тұрағұл қолымен жинақталған қолжазба нұсқасы да бізге жетпеген.

Сонымен қоса, Абай өлеңдерінің құрылымына, кейбір сөздердің қолданылуына, мағыналық қисынына байланысты ілкі ғалымдардың пікірлері де ала құла, ал кейінгі жас буын Абай заманының лексикасына терең бойлай алмайды, осындайда жас мамандарға көмекке келетін қазақ тілінің тарихи сөздігі де жасалған жоқ, сондықтан әркімнің білім-білігіне, ой қисынына, ішкі түйсігіне көп салмақ түседі.

Міне, мұның бәрі мәтінтанушы ғалымдардан араб жазуын ежелеп оқи білетін сауаттылықты, ықылас пен ыждаһаттылықты, төзімділікті, абайтанудың арғы-бергі тарихына байланысты көп ізденісті талап ететін мехнатты шаруа.

Жалпы, Абайдың алғашқы толық жинағы 1933 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген. Жинақты құрастырып, алғысөзін жазған Ілияс Жансүгіров. Осы алғысөзде Абай еліндегі көптеген адамдардың атын атай отырып, ақын мұрасын жинап,

толықтыруға үлес қосуға шақырады. Басына бұлт үйіріліп жүрсе де бұл жинақтың бұрынғы басылымдардан толымды шығуына М. Әуезов жанын салды, өз қолымен жинаған және Абайдікі екеніне көңілі сенген көптеген өлеңдерді жаңадан қосты. Соның нәтижесінде бұл жинақ осыған дейінгі ақын кітабының ең толымдысы болды. Кейінгі М. Әуезов өзі бас болған жинақтардың барлығында (1945, 1954, 1957, 1961) оны үнемі толықтырумен, жетілдірумен болды. «Абай қалдырған мұраны тану керек, зерттеу керек дегенді бәріміз де түсіндік. Күннен – күн, жылдан – жыл өткен сайын осы істерге көңіл бөліп, зер салушының саны молайып келеді», – деп қуана жазады ол жөнінде абайтану ілімінің іргетасын қалаушы [2].

Міне, содан бері ұлы Абайдың академиялық басылымын дайындауға деген талпыныс мерейтойлардың кезінде болса да оқтын-оқтын қолға алынып келеді. Әрине, әр басылымның өзіндік ерекшеліктері мен жетістіктері, әттегенайлары да қоса қабат. Осы жинақтарды әзірлеу кезінде Ахат Шәкәрімұлы, Қайым Мұхаметханұлы сияқты кәнігі абайтанушылардың ел арасынан жинап, М. Әуезов сарасынан өткізе отырып, біршама жаңа шығармаларды жарыққа шығарғанын ерекше атап айтқан жөн. Қаншама рухани қыспақтан өтсе де ел ішінде бертінге дейін қолжазба көшірмелердің табылып жатқандығы, ақын өлеңдерін бастан аяқ жатқа білетін адамдардың да жиі кездесетіндігі Абай мұрасына деген халық ықыласының өте жоғары болғандығын көрсетеді. Соның нәтижесінде, ұлы ойшылдың құрдымға кете жаздап қалған мұрасының ұзын-ырғасы жинақталып, ел игілігіне айналды деуге болады. Осылайша, ақын мұрасын зерделеудің жаңа кезеңі басталды, ол ақын шығармашылығы жөніндегі ел аузындағы бар мағлұматтарды жинақтауды жалғастыра отырып, шығармаларды текстологиялық тұрғыдан саралау, ақынның шығармашылық лабараториясын зерттеп, шығармаларының канондық нұсқасын қалыптастырып, академиялық басылымын басып шығару деген сияқты ұшы-қиыры жоқ зерттеу жұмыстарын жүргізу болатын. Бұл орайда да азды-көпті атқарылған шаралар аз емес.

Дегенмен, Абайдың бар шығармалары жете сараланып, ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, текстологиялық тұрғыдан тексеріліп,

толық тиянақталды деп айтуға әлі ерте. Әрине, Шекспирден бастап, Пушкинге дейінгі ұлы қаламгерлердің өз қолдарымен хатқа түсіп немесе көзі тірісінде баспа бетін көрген шығармашылық мұралары да әлі күнге әртүрлі пікір туғызып келеді, сондықтан Абай мұрасы жөніндегі ізденістерде де шек болмайтыны ақиқат.

Абай мұрасын жинақтап, саралап, жүйелеп басып шығарудағы өз кезіндегі белесті еңбек болған ақынның екі томдық толық шығармалар жинағының [3] басылғанына биыл аттай 25 болыпты (Жалпы редакциясын басқарған ҰҒА академиктері З. Ахметов пен С. Қирабаев. Томды дайындауға белгілі абайтанушылар Қ. Мұхаметханов, М. Мырзахметов, Ж. Ысмағұлов, Б. Байғалиевтер қатынасқан).

Қазір заман өзгерді, қоғам жаңарды, әлемдік өркениет рухани дүниеге жаңаша қараудың үлгісін көрсетіп, жаңа методология мен технологиялар тасқынын алып келуде, елімізге тәуелсіз сана орнығып, рухани жаңғырып жатырмыз... Осының барлығы Абайдан қалған асыл мұраға жаңа көзқарасты, тың танымды қажет ететіні айдан анық. Ширек ғасыр аз уақыт емес. Осы мерзім ішінде Абай мұрасына байланысты біраз мәселе қордаланып қалды, мұратануға қатысты жаңа көзқарастар, тың деректер, соны зерттеулер дүниеге келді. Сөз жоқ, оның барлығы жаңа жинаққа қосымша жүк артады. Мәселен, соңғы кезеңде Абай шығармаларының арап әліпбиімен көшірілген қолжазбаларының саны оннан асты. Оның үшеуі (1905, 1907, 1910) Мүрсейіт Бікіұлының Абай шығармаларының түпнұсқасы саналып жүрген әйгілі қолжазбалар. Қалғандары әртүрлі кезеңдерде жазылған көшірмелер. Бұлардың қай-қайсысы болмасын мәтінтануда өзінше рөл атқаратын құнды мұрағаттар. Бірақ олардың барлығы дерлік салыстырылып, сараланып, жарияланып, еркін ғылыми айналысқа түскен жоқ. Тіпті, ең толық деген соңғы (1995) жинақтың өзінде олар түгел қамтылмаған. Кейінгі жылдары Абай заманына байланысты біршама архив деректері, алаш арыстарының еңбектері, естеліктер, шетел қазақтарынан табылған материалдар мәлім болуда. Сондықтан да болар Абай шығармашылығына қатысты қазір қоғамда әртүрлі сауалдар көбейіп, оған деген әуесқойшылық күн сайын артып келеді, тіпті, Абайдың жаңа

шығармалары, суреті табылды деген де жел сөздер әлеуметтік желілерді дүрліктіріп жатады. Міне, осындай ақпарат ағыны буырқанған заманда Абайдың асыл мұрасын кезеңдік сарадан өткізіп отыру барша зиялы қауымды тыныш отырғызбайтын шетін мәселе. Оның үстіне, сол екі томдықтың өзінде жаңаша түсіндіретін жайлар мен ағат кеткен әртүрлі "әттегенайлар", еміле, тыныс белгілік қателіктер де аз емес. Сондықтан да, биылғы мерейтой қарсаңында ұлы ақын шығармаларына барынша кең текстологиялық зерттеулер жасай отырып, тың түсініктермен, мазмұнды материалдармен толықтырып, жаңа сарамен жүйелеп, оқырманға толымды академиялық басылым даярлап ұсыну әдебиеттанушы ғалымдардың да, бүгінгі жаңа қоғам мен мемлекеттің кезеңдік парызы болуға тиіс.

Тұтастай алғанда, біздің қазақ гуманитарлық ғылымында академиялық басылым дайындау ісі әбден жолға қойылып, игілікті дәстүрге айнала алмай келеді. Оның алғашқы үлгісін М. Әуезов Абайға қатысты өткен ғасырда бастаса да, ол мемлекеттік деңгейдегі маңызды іске айнала қойған жоқ. Қазақ руханиятындағы академиялық басылымның алғашқы бір жақсы үлгісі ретінде Ә. Марғұлан негізін қалаған Ш. Уәлихановтың көптомдығын атауға болады [4]. Бұл еңбектің артықшылығы сонда, Шоқанға қатысты барша деректер барынша толық жинақталып, қолжазбалары мен хаттарына дейін қамтылып, көлемді ғылыми түсініктерімен жарияланған. Одан кейін жарық көрген М.О. Әуезовтың 50 томдық шығармалар жинағын да осы саладағы жетістік ретінде атап өтуге болады [5].

Әлемдегі ұланғайыр тарихы бар өркениетті елдерде, мәселен Ресейде бұл дәстүр баяғыда үлгілі үрдіске айналған. Мәселен, "Пушкин үйі» («Пушкинский Дом») орыс әдебиеті институтында осындай айдармен 40-тан астам орыс ақын-жазушыларының академиялық басылымдары дайындалып, электронды кітапханаға жинақталу үстінде. Академиялық толық шығармалар жинағына тән басты ерекшелік – жазушының бүкіл қолжазба және баспа мәтіндерінің ғылыми-анықтамалық аппаратпен жарақтап, барлық әдеби, сыни, публицистикалық, қызметтік, эпистолярлық мұрасын толық және нақты саралап көрсету.

Әрбір классик жазушының академиялық басылымның жарық көруі ұлт руханияты үшін үлкен мәдени құбылыс болып табылады. Ғылыми негізде дайындалған мәтін белгілі тұлғаның шығармашылығы жөніндегі қоғамдағы әртүрлі ауа жайылушылыққа тосқауыл қояды, қалың оқырманнан бастап, мектеп оқулықтарының авторларына дейін құныға бас қоятын рухани игілігікке айналады. Жаңа басылымдар мен сөздіктердің сапасын арттырады. Былайша айтқанда академиялық жинақ классикалық мәтіннің өмір сүруінің жаңа сапасын анықтайды, оның отандық және әлемдік мәдениетке деген ықпалын еселеп арттырады. Сондықтан да ол мемлекеттік тұрғыдан қаржыландырылып, үйлестіріліп, қадағаланып отыратын маңызды іс. Онымен ғылыми кадрлармен жабдықталған, өзіндік тарихи дәстүрі мен ғылыми әдістемесі қалыптасқан ғылыми орталық мақсатты түрде айналысып отыруы тиіс. Абайдан қалған асыл мұраны да дәл осылай аялап, қадірлей білуіміз керек. Сондықтан, ұлы ойшылдың академиялық басылымын әзірлеп, басып шығару – бүгінгі «Рухани жаңғыру» кезеңінің ең асқаралы ісі. Шындап келгенде, данышпан бабамыздың мерейтойынан қалатын ең асыл белгі – жаңарған, жасарған, қайта түлеген асыл мұрасы болуы керек.

*«Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,*
*Содан тапқан - шын асыл, тастай көрме»*, -

деп ақынның өзі айтқан – бәрімiздің “жүрегіміздің түбіндегі” ең қымбат, азбайтын, тозбайтын даналықтың жарық нұры осы. Ол – халықтың да, қоғамның да ардақтап, аялап ұстайтын, ұрпақтан ұрпаққа аманат ететін қастерлі жәдігері. Одан басқаның бәрі екінші қатардағы, содан туындайтын ұлағаттар, ал той өткізу уақыт озған сайын айналып келіп тұратын өткінші құбылыс. Абайдан қалған асыл мұраның бір сөзін жоғалту біз үшін ұлттық қасірет, ал оған жасалған жанашырлықтың қандайы болмасын қастерлі іс болуы тиіс. Сонда ғана біз қазақ қоғамын Абайдың парасат биігіне көтере аламыз.

***

Абайтанудың екінші үлкен арнасы – ақыннан қалған ұшан-теңіз асыл мұраның түбіндегі шын асылды табу, ақын «жұмбағының» шешуін тарқату.

Сөз жоқ, бұл орайда, Абай шығармашылығын әр қырынан саралаған тыңғылықты зерттеулер, өрелі ойлар аз емес. Тіпті, осы уақытқа дейін Абайтануға арналған ғылыми танымдық еңбектердің өзі елу томға жүк боларлықтай қомақты көлем құрайды екен. Бірақ соның өзі қазіргі тәуелсіз сананы, әлемдік тұлғатану үрдісіне өріс ашқан жаңа ғылыми сараны қанағаттандыра алмайтыны айдан анық. Оның үстіне, Абайдың "жұмбағы" тереңдеген сайын інжу-маржаны молынан ашыла түсетін алып мұхит сияқты тылсым әлем. Сондықтан бұл салада атқарылуға сұранып тұрған шаруалар шаш етектен.

Соның қазіргі ұлттық сананы жаңғырту кезеңіндегі ең бір көкейтесті мәселесі – Абай шығармашылығындағы адамзаттық құндылықтардың көріністерін қайта саралау.

Мәселен, қазақ әдебиеттану ғылымында, Абай – қазақтың мұң-шерін «алыстан сермеп, жүректен тербеп» жырлаған сыншыл-реалист, классик, ақын деген тұжырым ежелден орныққан. Оған шәк келтіруге де болмайды. Жалпы гуманитарлық ғылымдағы пайымдауларымыз да сол төңіректен көп ұзаған емес. Шындығында, осы анықтамаға толық сай келетін ұлттық деңгейдегі классик ақындар қазақ әдебиеті тарихында Абайға дейін де, одан кейін де аз болмаған. Ал Абайдың олардан даралығы неде? Неге оған «ұлы», «кемеңгер», «данышпан» деген анықтауыштарды қосып айтамыз?

Егер барлап қарасақ, есім сойына дәл сондай анықтауыштар қосылып айтылатын әлемдік тұлғалардың ең басты, тұғырлы сипаты - ғаламдық, адамзаттық мәселелер мен құндылықтар жөнінде кеңінен қамтып, тереңіне сүңгіп, өз ұлтының пайым-парасаты тұрғысынан ой қозғап, толғана білуінде екендігін көреміз. Олардың адамзат тағдыры жөніндегі толғамдары сала-сала болып зерделеніп, жеке-жеке тұлға ретінде танылып, өзінше кең ғылыми өріс ашқан. Ал біздің Абайымыз осы уақытқа дейін тек ұлттық деңгейде, соның ішінде қазақ әдебиеті аясында ғана қалып келеді. «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп» шар тарапқа үңіліп, азат, еркін

пайым-парасатпен ой қорытқан ғұлама XX ғасыр бойында да «етекбасты» болып «кең дүниеге» шыға алмады. Кеңестік заман бізге бұл биікке көтеріліп, Абайды әлемдік ой алыптарымен иық тірестіре ой қозғауға мұрша бермеді. Есесіне тұтас қазақ қоғамын, соның ішінде Абайды да әлемдік өркениет тарихынан бөліп алып, тар қоршауға тұмшалап, қараңғы қапасқа қамады. Сөйтіп, орыстан басқа үлгі-өнегеміз жоқ, «коммунизм елесінен» басқа көретін сәулеміз жоқ елірме тобырға айналдық. Біз өзіміздің әлемдік өркениет тарихының ажырамас құрамдас бөлігі екендігімізді, адамзат ақыл-ой дариясында тамшыдай болса да үлесіміздің бар екендігіне сенуден қалдық.

Міне, дәл осындай отарлықтың өктемдігі санамызға сіңіріп тастаған мешеу түсінікті Абай шығармашылығындағы ешқандай «цензурасыз» қағаз бетіне түскен, тәуелсіз, арда сана еркіндігіне қайта ден қоя отырып, оны адамзаттық құндылықтармен астастыра қарағанда ғана біз өзімізді де жете танып, өзгеге де таныта аламыз. Демек, әлемді толассыз толғандырып келе жатқан адамзаттық құндылықтарға қатысты Абай пайымдауларын жете зерттеп, ғылыми айналысқа енгізу – бүгінгі Абайтанудың көкжиегін тың өріске шығаратын, ойшыл шығармашылығын түбірінен қайта карауды талап ететін ең іргелі, тың ұстаным болуы тиіс.

Әрине, Алаш арыстары бас болып, М. Әуезов қабырғасын тұрғызған абайтану ілімі қай кезде болмасын бұл салада мүлде әрекетсіз болған емес. Өкініштісі, сол ізденістерге толассыз тежеу салынып, үнемі құйрық-жалын күзеп, қанатын қырқып отырды. Тіпті, «Абай адамзат тағдыры туралы толғануы, қараңғы қазақ көгін бұзып шығып, адамзаттық деңгейге шарықтай көтерілуі мүмкін емес» деген қасаң түсінікті ғалымдар санасына күштеп ұялатты. «Абай бар-жоғы ақын ғана, оны зерттеу әдебиетанушылардың еншісі» деген мешеу тұжырым да Абайды ғылымның басқа саласынан алшақтатып жіберді.

Бірақ асылды қанша жасырсаң да тот баспайтыны, сәті келгенде жарқырап жарыққа шығары ақиқат. Абай да сол өзінің ұлы биігінде сап таза күйінде, тылсым құбылыс болып, бар асылын «жүрегіне» жиып бүгінгі күнге жетті. Біздіңше, Абай мұрасының бар асылы –оның бүкіл адамзат ғұмырында жинақталған ақыл-

ой қазынасын өз көкірек көзінен өткізе отырып жаңа ой, тың тұжырымдар қорыта білуінде. Абайдың ұлылығы да, даналығы да сол адамзаттық құндылықтарды, «ыстық қайрат», «нұрлы ақыл», «жылы жүрекпен» ештеңеге жалтақтамай, асқан кемеңгерлікпен, «әділетті» ой-парасатпен, өз дәуірінің әлемдік ғылыми жетістіктері тұрғысынан, халқының өмірімен байланыстыра отырып аша білуінде. Міне, осылайша, данышпан тұлға адамзатты алға сүйрейтін асыл қасиеттерді қазақы ой толғам тұрғысынан өзінше өрбітті?! Адамзат қоғамының да, сол қоғамның рухани өзегі әдебиет пен мәдениеттің, гуманитарлық ғылымның мәңгілік проблемасы – адамтану іліміне өзінше соны леп әкелді.

Егер адамзатты басқа тіршілік әлемінен ерекшеленген өзгеше тірлігі – бір-бірімен тілдесе түсінісіп, қауымдасып өмір сүру салтын енгізіп, адамзат қоғамын құру деп санасақ, онда адамтану дегеннің өзі қоғамтану ғылымына ұласады. Демек, адамзат ғұмыр бойына өзін-өзі танумен, өзін өзі жетілдірумен, сол арқылы адамзат қоғамын кемелдендірумен келеді. Қазіргі «төртінші индустриялық революцияны» басып өтіп «бесінші индустриялық революцияға» аяқ басқан «жасанды интеллект» заманында да қоғамтану ілімінде адамның рухани жетілуі ешқашан толастамайтын мәңгілік мәселе. Міне, Абай да өз заманында осы адамтану, қоғамтану мәселесі жөнінде әлем ойшылдарымен иық теңестіре тың толғам айтқан ғұлама.

Абай шығармаларына үңілсек оның адамзат әлемін «адам» және «пенде» деп екіге бөліп қарағаны бірден көзге шалынады. Әрине, ақын үшін ең қымбат асылы – алғашқысы. «Адам деген даңқым бар...», «Атымды адам қойған соң...» деп бастап, оны ерекше әспеттейді және «адам» деген құрметті атқа лайық болудың басты қасиеттерін санамалап көрсетеді.

«Адам болам десеңіз, оған қайғы жесеңіз» «бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» дейді. Қашық болуға үндеп отырғандары: өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашпақтық». Бұл адамға дұшпан жағымсыз істен қазіргі қазақ қоғамы да, жалпы адамзат та әлі арылып біткен жоқ, тіпті кейде барған сайын өршіп бара жатқандай әсер қалдырады. Ал үлгі етіп тартатын бес асыл ісі – «талап, еңбек, терең ой, қанағат,

рахым», бұл бесеуі де күні бүгінге дейінгі адамзат тәрбиесінің асыл құндылықтары. Ол бұлардың барлығын адамның рухани кемелденуінің іргетасы деп біледі.

Абай адам қажеттіліктерін тән азығы және жан азығы деп екіге бөліп, соның ішінде адамды кемелдендіретін – жан азығы дегенге ерекше мән береді. Өзінің философиялық көзқарастарында жан мен тәнді бөліп қарастыра отырып, тән (табиғат) уақытша, жан (рух) мәңгілік деген тұжырымды көлденең тартады:

*Өлсе өлер табиғат, адам өлмес.*
*Ол бірақ қайтіп келіп ойнап-күлмес.*
*Мені мен, менікінің айырылғанын,*
*«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес* [6]

Бұл, әрине, дүние ғұламалары бас қатырып келе жатқан мәңгілік сауал. Адам мен табиғат, жан мен тән мәселелері философиядағы ең іргелі тақырыптар. Бұл орайдағы философиялық танымның «материяны, табиғатты – алғашқы, сананы олардың туындысы», – деп санайтын материалистерге, «рух пен сананы алғашқы, материя мен табиғат бұлардан тыс», – деп санайтын идеалистерге бөлінетіні белгілі жағдай. Осы орайда, Абайдың көңілінің идеалистерге құлауы Кеңестік кезеңде дәуірі жүріп тұрған материалистерге түбегейлі ұнаған жоқ. Сол ұстанымның ызғарынан ыққан біздің абайтанушылар оны керісінше түсіндіруге немесе бұл тақырыпты айналып өтуге тырысты. Сондықтан зерттеу еңбектердің барлығы дерлік Абайдың ағартушылық, демократтық бағытын алдыға тартып, тақырып тереңіне бойламады.

Екінші бір бағыт, Абайды әсіре орысшыл етіп көрсету, оның бүкіл шығармашылығын орыс ақын-жазушылары мен ойшылдарына апарып телу ақын шығармашылығының шалқарын тарылтып, биігін аласартып, қазақ қоғамының қараңғы түкпірінен шығармай келді. Ал шын мәніне келгенде, Абай өз дәуіріндегі қазақ қоғамынан да, дүниенің тең жартысын уысында ұстаған «Алтын орда» мемлекетін талқандап, тарихты тек өзінен ғана бастауға біржолата бет бұрған орыс отаршылдығынан да бой оздырып, «екі жаққа (Шығыс пен батысқа) терең үңілген», арап-парсы, шағатай-түрік, орыс тілдерін жете меңгерген кемел тұлға

болатын. Сондықтан да адам табиғаты, қоғамның даму үрдісі жөніндегі бүкіләлемдік мәселелер оны толғандырмай қойған жоқ. Осы орайда, ұлы ойшыл өз заманындағы алдыңғы қатардағы озық ойларды парасат-пайымына темір қазық ете білді. Ол дәуірдегі Шығыс философиясының да, батыс ойшылдарының да еңбектеріндегі басты мәселе – адамды білім мен мәдениетке жеткізе отырып рухани жетілдіру болатын.

Осыдан келіп Ұлы ақын бүкіл шығармаларына «мәңгілік адам жанын» кемелдендіруді арқау етті. Міне, осы орайда Абай адам психологиясына, жан дүниесіне терең үңіліп, оның рухани әлемін алдыңғы кезекке шығарып, өзінше пайымдаулар жасайды..

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті -

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», [7] -

дей отырып, адамның жан дүниесінің үш ұстыны болып табылатын «ақылдың», «қайраттың», «жүректің» мәні деген мәселелерді қазақ қоғамының назарына алып шықты. Енді осы үшеуінің арақатынасын:

*«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,*

*Сонда толық боласың елден бөлек…*, -

деп түйіндейді.

Міне, осыдан шығарып, ғалымдар «Абайдың толық адам ілімі» деген жаңа зерттеу өрісін ашып отыр [8]. Бұл, әрине, Абай мұрасын кең арнаға шығарудың бастапқы талпынысы деуге болады.

Адамның «толық» болуы немесе «кемелдікке» жетуі тек осы үшеуімен ғана шектелмейді. Абай бұл күрделі мәселені өлеңдерінен бастап, бүкіл қарасөздерінің барлығында жүйелі түрде әр қырынан тарата баяндап, өз шығармашылығының алтын өзегіне айналдырады. Мәселен, жоғарыда атап көрсеткеніндей ақын адам өміріндегі ғылым мен білімнің орнын

*...Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,*

*Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек* [9], -

деп, ерекше атап көрсетеді. Он жетінші қара сөзінде ақыл, қайрат, жүрек үшеуі таласып, ғылымға жүгініске барады, сонда ақын ғылымға «Осы үшеуінің басын қос, бәрін де жүрекке билет» [10], – деп жүректі басты орынға қояды. Осыдан келіп ғалымдар Абай шығармашылығындағы «жүрек культі» деген ұғымды қалыптастыруға ұмтылып жүр [11].

Тіпті, кейбір ізденушілер «Абай өз шығармаларында жүректі 169 рет қолданғанын білеміз», «жүрек» сөзін 40-тан астам мағынада 107 рет қайталаған екен», деген нақты пікірлер де айтып жүр. Бұл жерде мәселе, ақынның жүрек сөзін қанша рет қолданғанында емес, қандай философиялық категория ретінде қолданғанында болуы тиіс.

Міне, осы тұрғыдан келгенде біз ұлы ойшылдың «жүрегіне» терең бойлай алдық па? Бұл сауалға, әрине, кім де болса «жоқ» деп жауап берері сөзссіз. Біз осы уақытқа дейін Абайдың «жүрек культі» деген терминді күн тәртібіне қойғанымызбен, ойшыл «жүректі» қандай мағынада «культ» жасағанын немесе қандай ғылыми ұғым түсінік аясында қолданғанын жете саралағанымыз жоқ.

Біздіңше, бұл жерде ақын жүректің адам табиғатындағы бүкіл эмоциялық сезім күйін, қазіргі тілмен айтқанда американдық психолог ғалым Дэниел Гоулман негізін салған «эмоциональдық интелектіні» [12] меңзеген сияқты. Қалай дегенде де, Абайдың «суық ақылды» да, «ыстық қайратты» да «жүрекке» билетуіне қарағанда ақын жүрек мәселесіне діни философия, нақтылай айтқанда ислами көзқарас тұрғысынан келгені анық байқалады. «Алланы сүю», «адамды сүю», «әділетті сүю» сияқты сүйіспеншілік, махаббат, мейірбандылық қасиеттердің барлығының алтын «сауыты» – «жүрек». Демек, «жанның мәңгілігі» жөніндегі Абай идеализмінің алтын тұғыры да – «жылы жүрек». Былайша айтқанда, жүрек – адам жанының ұясы, бұл – қазақтың «жаным ұяда болса» дейтін дәстүрлі түсінігімен де үйлеседі. Олай болса, ұлы ойшыл адам табиғатының мәні болып табылатын жанды, рухты “жүрек” бейнесінде суреттеген деуге де болады.

Оның түсіндіруі бойынша, әлемдегі әділет пен адалдықтың, рухани тазалық пен ізгіліктің, қайырымдылық пен мейірімділіктің, былайша айтқанда, бүкіл адамгершілік қасиеттердің алтын ұясы – жүрек. Сондықтан да Абай жүрекке өзінің гуманистік ілімінде төрден орын береді. «Жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық – бұл төрт нәрсемен кірлетпей таза сақтауды» өсиет етеді. Былайша айтқанда, жалған дүниенің алдамшы қызықшылығынан гөрі жан дүниенің тазалығын басты орынға

қояды. Абай гуманизмінің, адамгершілік мораль философиясының бар қайнары осы тұнық тұмадан бастау алады.

Осындай таза жүректі Адамға кемелдікке жету үшін тағы да үш үлкен қасиетті өсиет етеді: Оның алғашқысы – АЛЛАНЫ (Құдайды) сүю. Екіншісі – сол АЛЛАНЫҢ өзі «махаббатпен жаратқан» АДАМДЫ сүю, үшіншісі – «хақтың жолы» ретінде ӘДІЛЕТТІ сүю.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті,
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы деп әділетті, [13]-

деп оның соңын «имани гүлге» әкеліп байлауы да оның түп тамырының діни философияда жатқандығын көрсетеді. Абай құдайды «рас» және бір деп таниды. Ол әлемдегі діни түсініктердің түбінің де бір екендігін және олардың бәрі бір Құдайды танудың жолы екендігін меңзейді:

*Алланың өзі де рас, сөзі де рас,*
*Рас сөз ешқашанда жалған болмас.*
*Көп кітап келді АЛЛАДАН, оның төрті*
*Алланы танытуға сөз айырмас* [14].

Ол АЛЛАНЫ ақылмен тануды, оның адамзатты махаббатпен жартқанын жүрекпен сезініп құлай сүю қажеттігін айтады. Мұның барлығы ойшыл мұрасын сырттай шола қарағанда-ақ көрініп тұрған сипаттар. Ал оны Абай заманындағы қазақ даласында берік орныққан діни ұстаным мен әртүрлі бағытта өріс алған ислам діні ағымдарымен салыстыра отырып ашу бүгінгі абайтанудың арналы саласы. Мәселен, ғалымдардың соңғы кезеңдегі кейбір зерттеулеріне қарағанда Семей қаласындағы кітапхананың сирек кітаптар қорында екі жүзден астам ислам діні мен Түркілік Шығыс тарихына қатысты кітаптар бар екен. Оны кезінде ғұламаның түгелге дерлік оқығаны анық. Қазір сол кітаптарды сарадан өткізе отырып, Абайдың ойшылдық лабораториясына тереңдей бойлаытын уақыт келді.

Жалпы *Абайдың дінге көзқарасы* енді-енді ғана ашылып келе жатқан тың тақырып. Ол тек Ислам дінін ғана емес, христиан, иудея, будда діндерін де терең зерделеген және ислам дініне саналы

түрде бас қойған. Мәселен, соңғы кезеңде оның «Ескендір» поэмасының сюжетін «Торадан» алғандығы мәлім болып отыр [15] (Қасқабасов С.А.) Яғни, ол «төрт кітаптағы» діни сюжеттердің тегінің бір екендігін, олардың айтпақ идесының да сарындас екендігін жақсы білген, бұл орайда да Абайдың барша адамзаттық құндылықтарды молынан игере отырып, «Адамды сүю» идеясын үлкен гуманистік ұстанымға ұластырады.

*Адамды сүй, Алланың хикметін сез,*
*Не қызық бар өмірде онан басқа?!* – [15, 130 б.]

Интереснейшее суждение об этом аспекте этического учения Абая высказывает Ж.М. Абдильдин: «Абай ... ввел в казахское общество новое понимание категории труда. Разумеется, казахи понимали и имели представление о труде и до Абая. Однако в их представлении труд являлся обычной формой деятельности наряду с такими формами, как есть, пить и т.д. В их традиционной культуре, когда речь шла о труде, больше подчеркивалась отрицателная его сторона. Он рассматривался как то, что отнимает покой, радость и счастье человека. В отличие от такого представления, Абай открыл и внедрил в казахское сознание принципиально новую трактовку труда. Согласно философу, труд – не просто функция, а фундаменталный принцип человеческого бытия. Поэтому имеет громадное значение в развитии общества, в формировании личности» [7, с. 90].

Абай глубоко раскрыл двоякое значение труда. С одной стороны, труд имеет колоссальное значение в формировании личности человека, так как только посредством труда достигается подлинное знание, а, по глубокому убеждению Абая, постижение науки, обладание подлинным знанием – суть самый напряженный и тяжелый труд. С другой стороны, казахский мыслитель понимал труд как занятость человека, как средство для жизни, как важнейшее условие самостоятельного существования. В силу этого человек, опирающейся на свой труд, по мнению Абая, несомненно, достойный человек.

Философские воззрения казахского мыслителя, пронизанные идеей нравственного совершенствования, идеями добра, совестливости, милосердия, справедливости и толерантности, служат основой казахского национального мировоззрения, которое, на наш взгляд, и формирует культурный код нации. Мы полагаем, что философский мир Великой степи, в частности, философское наследие Абая вызывают интерес не только тем, какими они были и

как возможно объяснить их, а чем-то большим, что имеет непреходящее значение для возрождения духовной культуры народа, а также для сохранения и укрепления его национального кода.

Чингиз Айтматов совершенно верно отмечал, что Абай ныне переживает 3-ю эпоху, вслед за эпохой русского самодержавия, в которой протекала его физическая жизнь, эпохой Октябрьской революции и советского тоталитаризма. Мыслитель живет сейчас вместе с нами в условиях обретения независимости и модернизации исторического сознания. Примечательно, что в каждой из этих эпох потенциальные ресурсы абаевского наследия раскрывались в новом значении и новом измерении.

Был период, когда Абай служил защитной ипостасью для казахской культуры и казахского языка, бастионом, средством сохранения национальной самобытности перед лицом надвигающегося процесса языковой ассимиляции и одностороннего окультуривания. Но даже тогда никто не смел поднять руку на Абая, и этот факт служил сохранению казахского слова и национального самосознания.

В современных же условиях Абай, впитавший в себя великие идеи просветительства и творчески трансформировавший русскую и западную культуру в ее мировой значимости, служит нам в иной ипостаси. Сегодня Абай уберегает нас от национального изоляционизма и слепоты национального эгоизма. Абай, как никто другой, как явление сугубо национальное и в то же время мирового порядка, внушительно и зримо стоит на перепутье евроазиатских культур, совмещая и сочетая в себе истоки и опыт Востока и Запада.

Идеи, выдвинутые казахским мыслителем, не только не остались в породившем их времени, а многие из этих идей очень современны и могут плодотворно взаимодействовать с теми подходами, которые сложились сегодня в мировой философии. Казахская философская мысль, философия Абая, в частности, всегда были не безразличны к происходящим в мире явлениям, осмысливая их под углом этического и эстетического восприятия, что позволяло более глубоко взглянуть на проблемы и предложить свои пути развития и варианты лучшего мира для всех людей, живущих на Земле.

Востребованность и актуальность идей Абая, жившего на рубеже XIX и XX веков, объясняется тем фактом, что наша рубежная

эпоха – начало XXI столетия в аспектах напряженности экономической, политической и духовной ситуаций вполне может быть сопоставима со временем, когда творил великий мыслитель и поэт. Несомненно, что его идеи и рекомендации в ряде пунктов применимы и к сегодняшнему дню.

Очевидно, что рассуждения казахского мыслителя о благородстве и великодушии, о правдивости и искренности, о скромности и воспитании человечности, о благе и счастье, одновременно осуждение и критика их антиподов – жестокости, лжи, алчности, скупости, высокомерия и других пороков, порождаемых невежеством и низменностью души, обращенные к своим современникам, не потеряли своей ценности и сейчас.

Абай искренне желал видеть казахов нравственным, просвещенным, трудолюбивым народом и постоянно задавал вопрос: «Что делать?». Как вытащить людей из беспросветной и нищей жизни? Как убедить их не лениться, не предаваться праздности и ничегонеделанию? Как научить их трудиться? Как стать конкурентоспособными? Эти вопросы Абая, обращенные им к своим современникам, исключительно актуальны и востребованы сегодня, они звучат так остро и обжигающе, словно сказаны в наши дни и призваны пробудить казахстанцев, заставить задуматься над своей жизнью.

**Литература:**

1. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер. II том. Алматы: Жазушы, 1995. 384 б.

2. Абдильдин Ж.М. Собр.соч. в пяти томах. Том V. Алматы: Өнер, 2001. 455 с.

3. Тоқаев Қ-Ж.К. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан // Egemen Qazaqstan, 9 қаңтар 2020 жыл.

4. Орынбеков М.С. Философские воззрения Абая. Алматы: Білім, 1995. 136 с.

5. Габдуллин  Б.Г. Этические воззрения Абая. Алма-Ата: Казахстан, 1970.104 с.

6. Абай. Слова назидания. Алма-Ата: Жазушы, 1970. 128 с.

7. Абдильдин Ж.М. Абай как великий мыслитель и гуманист // Абай. Наследники. На перепутье... Алматы: Агентство «Аль-Халел», 1995. С. 88-95.

# АБАЙ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ТЕРЕҢ РУХАНИ ТАМЫРЛАРЫ

***НҰРМҰРАТОВ Серік Есентайұлы,***
*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты директорының орынбасары, философия ғылымдарының докторы, профессор;*

***МОЛДАҒАЛИЕВ Бауыржан Есқалиұлы,***
*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми қызметкері, PhD*

Қазақтың өткен ғасырларындағы көптеген даналар адамның рухани жетілуі, кемелденуі мәселесіне үлкен мән бергені белгілі. Ұлы ойшыл, өз заманының философы Абайдың рухани мұрасында жан мен рух, адамның мәңгілік өмірі, өмірдің мәні мәселелері қомақты орын алады. Оның үстіне Абайдың философиялық көзқарастары діни, этикалық, эстетикалық идеялар мен гуманистік идеяларға, ұлтты біріктіру идеясына тұнып тұрғаны белгілі. Ойшылдың шығармаларында барлық әлем мен адамның өзара рухани байланысын, бүкіл болмыстың, оның ішінде адам болмысының да ерекше деңгейлілігі сипатталған. Сонымен қатар, осы аталған қырлар данагөй ақынның шығармашылығы арқылы жалпы қазақтың этнофилософиялық ойының терең тамырларын, оның әмбебаптылығын, өміршеңдігін білдіреді.

Ұлттық санаға, ұлттық болмысқа рухани жаңғырып отыру үшін алдымен не керек деген сауал туындайды? Әлеуметке қандай жолмен дамыған тиімдірек? деген сауалдар қай халықтың болса да алдынан шығып тұратыны анық. Зияткерлік пен зайырлылық жолын таңдау ұлт үшін өте маңызды. «Қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы», – дейді ҚР президенті Қ.К.Тоқаев [1].

XIX ғасырдың заңғар биігі, ерекше тарихи тұлғасы, өз ұлтының қамын ойлаған ойшыл (ақынды тек «ағартушы» деп оның бір қырымен ғана шектеуге де болмайды, ол өз заманының әмбебап сипаттағы бүкіләлемдік деңгейдегі тұлғасы) Абай Құнанбаевтың шығармашылығы (оның өлеңдері, поэмалары, аудармалары, қара сөздері) қазақ мәдениеті үшін ғана емес жалпы адамзаттың рухани байлығы үшін де орасан зор құндылығы бар тарихи дүниелер. Данышпанға тән көрегендігі бар ғұлама бабамыз өзінің әрбір ойын, тұжырымын, түсінігін өте нақты, дәлелді ойлармен және көркем образдармен бейнелеу арқылы жеткізуге тырысқан. Абай өзінің лирикалық өлеңдерін философиялық ойтолғаулар түрінде жеткізе білген және оның қандай шығармасын алсақ та адамды жақсылыққа, асыл дүниеге ұмтылуға, әсемдікке сүйсінуге баулиды, азаматтарды өзара сұқбатқа шақырады, қоғамда үнемі тәрбиелік міндетін атқарып отырады.

Абай өз заманында бұл дүниенің рухани тұтқасы махаббаттан, шынайы іңкәр қатынастан тұратыны туралы пікірін жан-жақты пайымдаған еді. Абайдың «Үш сүюден» құралған рухани әлемдегі адами қарым-қатынастың ішкі механизмі – алдымен Алланың адамзатты сүюінен, сосын адамның Алланы сүюінен және соңынан – адамның адамзатты сүюінен тұрады. «Бұл айтылған үш хаслеттің иелерінің алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, онан соңхакимдер, ең ақыры – кәміл мұсылмандар» – дейді Абай, «толық адамның» жетілуі деңгейлерін сатылай көрсете келіп [2, 103 б.]. Міне, осы жіктемелеулерден пендеге кәміл мұсылман деңгейіне жетудің өзі біршама сатылардан тұратынын байқаймыз. Кез келген адам үшін осындай белестерді игеру өмір міндеті іспетті. Адами даналықтың көкжиегі осындай талаптарға оңды жауап беруден тұратынын аңғарамыз.

Жоғарыдағы сөздердің астарында ойшылдың пайымдауынша, өзгелерге ғана емес, өзіңе деген сыни көзқарасың – тіршілікте үздіксіз рухани жетілуге негіз болады, Ақиқатқа қарай ұмтылуға мүмкіндіктер ашады дегендей. Өзінің қателіктерін, тіпті кейже күнәларын шынайы мойындамаған жан тәкаппарлықтың құрбаны болады, рухани тоқырауға, жетілмеушілікке ұшырайды. Адам

өз бойындағы жақсы қасиеттерді, өзінің рухани әлемінің құнды тұстарын сыйлауы тиіс, сонда ғана өзінің жеке басының шынайы болмысының мүмкіндіктерін анықтай алады. Бірақ өзінің кемшілігін көрмеген, осал тұстарын байқамаған, оны жеңуге ұмтылмаған кісі рухани кемелденуден алшақтай түседі. Ақын «тіршілікте адам қателіктерге толы жолға түсіп кетуі де ғажап емесау» деген ойды ортаға салады, көпшілікті бұл мәселе төңірегінде үнемі ойланып, қырағы болуға шақырады. «Қара сөздердің» 15-шісіне назар аударсақ, онда әрбір тұлғаны жауапкершілікке, қырағылыққа шақырғанын байқаймыз [2].

Кейінгі ұрпаққа қаншама жоғарғы деңгейдегі нақыл сөздерін, рухани тағылымдарын айтқанмен ойшыл өзінің де басқалар сияқты қарапайым табиғи қырлары бар екенін, рухани жетілу әркімге де парыз екенін жасырмайды. Міне осындай әлеумет алдындағы ашықтыққа бару үшін адамға нағыз азаматтық тазалық қажет, рухани шынайылық керек. Ал енді өзінің ғұмырында басқаларға тек ақыл айтуды, басқаларды сынауды ғана мақсат еткен адам өзін өзге жұрттан біршама биіктете түседі. Бұл тәкаппарлықтың белгісі. Даналардың ілімі өзінің дүниетанымдық адалдығымен, әлеуметтік дамудағы рухани заңдылықтарды айқындаудағы шынайылығымен, қарапайым ақпейілділігімен, көңілінің жомарттығымен кейінгі ұрпаққа құнды және үлгі. Абай ұстанған «Адамзаттың барлығын сүй, бауырым, деп» деген қағидаға сәйкес келу қарапайым азамат үшін қиынның қиыны сияқты және ал қазіргі заманның дараланған жандары үшін орындалуы күрделі асқақ міндет іспетті. Прагматизм мен технократиялық даму жолындағы пенде бір-біріне рухани қатынастан алшақтай түскендей.

Одан әрі қарай Абайдың адамсүйгіш көзқарастарына тағы да назар аударсақ, онда ол ғылымның адам өміріндегі орны туралы өз тұжырымдарын төмендегі жолдар арқылы келтіреді: «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр . Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, ғиззат - хұрмет таппақ секілді нәрселердің махаббаты мен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды» [2, 104 б.]. Абай үшін Ақиқаттың сырын ұғуға тырысу – нағыз әлемге деген риясыздықтан, шынайылықтан

басталады және одан туындайтын іс-әрекет жасампаздық қасиетке ие болады. Міне, осы ерекшеліктеріміздің арқасында адамдар әлемінде руханилықтың, ізгіліктің негізі қаланады, махаббат деген ерекше қасиет сезім адам өмірінің мәніне айналады. Аталған ақиқаттың астарына, оның даму қисынына күмәндана қарау әркімнің өз еркінде. Адамзат тарихындағы көптеген зұлымдықтар мен кикілжіңдерге назар аударатын болсақ, онда бұл әлеуметтік және рухани прогреске деген күмәндану мен сенбеушіліктің негізі жоқ та емес.  Дегенмен, Ақиқаттың болашағы бұлыңғыр емес, ол дүниені ыдыратып, бұзатын қара түнекпен, теріс құбылыстармен салыстырғанда түбінде адам үшін жолды ашатын, айқын, жарқын болары анық. Онсыз жалпы адамзат тарихының мәні мен мағынасы жойылады.

*Өлсе өлер табиғат, адам өлмес*
*Ол бірақ қайтіп келіп, ойнап ойнап-күлмес*
*«Мені» мен «менікінің» айрылғанын*
*«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес* [2].

(Орыс тіліндегі нұсқасы төмендегідей аудармамен берілген:

*«Природа смертна, человек – бессмертен,*
*Даже если он не может повернуть время вспять.*
*Отделение друг о друга «я» и «моего» –*
*Несведующие по неведению назвали «смертью»)* [3].

Әрі қарай Абай адам өмірінің мәнін сөз құдіретімен, рухани дүниемен, шығармашылық өнімдерімен байланыстырады және сөзді адам үшін мәңгіліктің өлшемі ретінде қарастырады. Өмірді бекер сүрмей артына қомақты нәрсе қалдыру керек ойды өрнектейді ғұлама ойшыл:

*Көп адам дүниеге бой алдырған*
*Бой алдырып, аяғын көп шалдырған*
*Өлді деуге сыяма айтыңдаршы*
*Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?* [2 ]

Абай –  қазақ халқының маңдайына біткен алтын жұлдызы іспетті жеке дара, алып әрі қайталанбас кемеңгер тұлға. Абай шығармашылығындағы дүниетанымдық-философиялық мәселе-

лердің аксиологиялық қырларына тоқталу қашан да орынды. Қоғам бір орында тұрмайды, үнемі өзгерісте болады және ол өзінің даму кезеңдерінде әртүрлі әлеуметтік-саяси, экономикалық қиыншылықтарды басынан өткізеді. Дегенмен, сол дағдарыстардан шығудың бірден-бір жолы алдымен руханият әлемін ретке келтіру болып табылады, яғни азаматтардың рухани құндылықтарға бет бұруы. Сондықтан құндылықтар әлемі үнемі өзекті мәселелер санатында.

Абай өзінің: «Қара сөздерінде» [2] руханияттың нақты дүниедегі көріністерін сыни-жасампаздық сипатта пайымдап, халыққа рухани өсиеттер түрінде жеткізген. Ойшыл өз шығармашылығында этникалық қауымдастыққа тән ділдік негіздердің сан қырлы тіндерін, астарларын құндылықтық бағалаулар тұрғысынан айшықтаған, сонымен қатар бұқара көпшілік барынша үйреніп, әдеттеніп кеткен әрекеттердің осал тұстарын көрсетіп береді. Әдеттенген таптаурын болып кеткен дүниелердің қайшылықты табиғатын сыни тұжы-рымдау тезінен өткізеді және олардың әлеуметке прогреске қызмет етпейтіндерін анықтап, шынайылықпен талдаулар жасайды. Әрине осындай талдаулар және қоғамның дамуы үшін қажет және осы әрекеттердің әдіснамасы заманауи қоғамдық сана үшін де маңыздылығын жойған емес.

Абай өз шығармашылығында орыс мәдениетінің озық үлгілері арқылы Батыс мәдениетінің мәйегінен сусындауға шақырады және философия саласындағы классикалық Батыс стиліндегі ұғымдар мен түсініктерді көп қолданбағанымен, ол халықтың ішкі мәдени дамуының нәтижесінде қалыптасқан ауыз әдебиеті, фольклор сипатындағы рухани-құндылықтық және этнолингвистикалық байлығын игеруге тырысты. Шығыстың араб-парсы мұсылман мәдениетінің қазақ жеріне жетіп, ұлттық болмыс-бітімімізге барынша сіңісіп кеткен дәстүрлі пайымдауларын, тұжырымдарын барынша ұтымды және дарынды пайдаланып, шығармашылығын адамсүйгіштік, этикалық-гуманистік негізде өрнектегенін атап өтуге болады [4].

Абайдың дүниетанымына қайнар көз болған негіздерге тоқталғанда жоғарыда аталған екі сыртқы бастаумен қатар

халқымыздың ішкі дүниесінің мәйегін құрайтын негізгі халықтық рухын, дәстүрін сақтаған фольклордың маңыздылығына тоқталу қажет. Осы орайда Ғарифолла Есімнің орынды пайымдауынша, сан ғасырлық далалық тарихымызда «... халық рухы тарихи сергелдеңдер заманында өшіп жойылмай, көркем сананың ерекше формасы фольклорда сақталып қалды» [5, 356 б.]. Әрине, халықтың тіл мәдениеті өзінің сан қырлы көріністері арқылы үнемі дамып, кемелденіп отырды, қазақ даласында басқа көрші мемлекеттердегідей қалалық мәдениет кең етек алмағанмен рухани мәдениеттің ерекше саласы – ауыз әдебиеті халықты біртұтастандырушы, рухани құндылықтарды қордалаушы негізгі тетікке айналғанын атап өту керек. Абай осы рухани байлықтан, тамырлардан толықтай сусындаған, оны өзінің дүниетанымында сыни талдаулар жасау арқылы игерген тарихи тұлға.

Қазақтың өмір салты, этникалық дара келбеті ғасырлар бойы дәстүрлі құндылықтар негізінде калыптасқаны белгілі. Әрине, оның дүниетанымдық, этногенезистік, тарихи эво-люциялық, онтологиялық және әлеуметтік-психологиялық қырларын Абай өз шығармашылығында «терең ғылыми тұрғыда игермеді, зерттемеді» деп талап қоюшылық – үлкен рухани әбестік, кәсіби үстірттік болар еді. Өйткені, Абай жеткен рухани және шығармашылық жетістіктің өзі ғаламат зор дәреже және оның маңыздылығы өз замандастарының мәдени деңгейімен салыстырғанда көш ілгеріде тұрғандығын мойындауымыз керек. Абайдың дүниетанымдық көкжиегінің көтерілген шамасы өткен ғасырдағы қазақтың этникалық санасын сипаттайтын тарихи дерек ретінде жалпы халқымыздың рухани әлемінің кейбір даму векторларын, деңгейін танытады, рухани құндылықтық бағдарларынан ақпараттар береді.

Өз уақытында мәселені өткір қоя білген ойшылдың негізгі еңбектері – Абайдың келесі ұрпақтарға қалдырған рухани-мирастық сәлемдемесі болып табылады. Бұл әрекет ақын дара руханилығының көрінісі, халқының жарқын болашағына деген үміті мен сенімінен туындаған әрекеті деп бағаланады. Әрине, ойшыл көптеген әлеуметтік және дүниетанымдық қайшылықтардың құбылыстық деңгейдегі көріністерінің өмірде молдығына наза-

ланады және олардың жақын арада шешімін таппайтындығын біледі және де олар нәзік жанды ақынды барынша күйзеліске ұшыратып, оның қолына рухани қару болған қалам ұстатқан еді. Соның нәтижесін ғасырлар бойы дүниетанымдық-сараптамалық тұрғыдан талдаудан өткізіп жатқанымыз белгілі.

Ойшылдың құндылықтар жүйесінде, дүниетанымдық әлемінде озық үлгідегі нағыз гуманистік, рухани бағдарлар көркем образдар және танымдық түсініктер сипатында көрініс бергені және басымдық танытқаны белгілі. Сондықтан ақынды таза поэзияның ғана өкілі деп атамаймыз, ол «адамзаттың даналық әлемінің көрнекті тұлғасы» деген атқа лайықты. Осыған орай төмендегідей ғылыми сараптамалық тұжырымдарымен келісуге болады: «Абайды ақын деп сөзсіз мойындап отырғанымызбен, оның дүниетанымында қай сананың (философиялық немесе көркемдік сананың) басым екенін айыру мүмкін емес. Абай өмірге бірде тек ақын көзімен, бірде тек ойшылдықпен қарамаған, оның дүниеге көзқарасы өзін қоршаған ортаны тұтас қабылдаудан туған. Ақын өз заманының тұнып тұрған әлеуметтік қайшылықтарын тұтас қабылдап, «ауыр ойды көтеріп ауырған жан» [5, 360 б.].

Абайдың тұтастанған дүниетанымында негізінен дәріптеген рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесінің құрылымы өзара тығыз байланысты үш салаға бөлінеді. Алдымен ойшыл өзінің құндылықтар жүйесі иерархиясында адамзат үшін, жеке адамның тұлғалық рухани жетілуі үшін маңызды құбылыс ретінде ғылым мен білімді бәрінен жоғары қояды, одан кейін дін мен мәдениеттің маңызды орындарын өз шығармашылығында көркем сөздермен нақты анықтап береді. Шын мәнінде Абай тұлғасы мен көзқарастары заманауи әлемге нендей сипатымен құнды деген сауалдар туындайтыны анық. Ол қоғамды бөлшек-бөлшек етпей, тұтастай қарастыруға шықырады. Демек, дін, мәдениет және ғылым өзара біріге отырып адамның рухани кемелденуіне қызмет ететіндігі тұжырымдалады. Қазіргі Қазақстанның иглікті мақсаттарының бірі – интеллектуалды ұлтты қалыптастыру болса, осы жерде жоғарыдағы формула ұлттық кодымызға айналуы тиіс. Әрине, мемлекетіміз көптеген өркениетті елдер іспетті зайырлылық

қағидатын әлеуметтік кеңістікте барлығынан жоғары қояды, бірақ ол діннен бас тартпайды және оны әрбір азаматтың жеке таңдауы деп біледі. Дегенмен, білім мен сенім бір-бірін толықтыратын рухани феномендер екені бекер тұжырымдалып отырған жоқ.

Адам болам десеңіз бес нәрседен: яғни өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашпақтық (ысырап) аулақ бол, керісінше, бес нәрсеге: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым деген қасиеттерге ие бол! деп тайға таңба басқандай қылып жаман мен жақсыны, адамдық пен арамдықты, кісілік қасиет пен жануарлық тірлікті, бір-біріне қарама-қайшы түсініктерді ажыратып береді. Бұл құрылымдарға «асыл іс пен дұшпан» деген ат беріп, жастарға қайсысынан үлгі алу керектігін ашып көрсетеді. Осындай тұжырымдардың түп негізін, терең астарларын философиялық сыни көзқарас тұрғысынан қарастырған маман үшін де, немесе ақынның құндылықтар жүйесіне бойлаған оқырман үшін де маңызды. Ақынның даналыққа толы гуманистік түйіндері ізденушіні алдынан айқын көрініс беріп отырады. Дүние егер ақпарат пен қуаттан құралған болса, онда осы қуаттың маңыздылығы оның жасампаздықтың кілтіне айналғанында екені пайымдалғандай әсер қалдырады.

Абайдың жоғарыдағы келтірілген «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің дүниетанымдық, құндылықтық маңызын бағалай келіп, қазақтың белгілі жазушысы Мұқтар Әуезов былай деп тұжырымдайды: «Ел ішіндегі жас желеңге Абайдың әсіресе көп ой қорытып айтқан мағыналы да програмдық бір өлеңі осы деуге болады. Бұнда Абай адам бойындағы қазынаның үлкені және әрбір жігерлі жастың талпынатын арманы – ғылым дейді. Осы өлеңнің әр кезінде сол ғылымды Абай шап-шағын дүние деп бағаламайды. «Ғылым» деген сөзді әдейі бірнеше қайырып қолдану арқылы ұзақ өрісі бар терең білім деп таниды. Сол ғылымға талпыну жолында үгіттеп, тәрбиелемек болған жастарды айналадағы көпшіліктің соракы, бұзық мінездерінен жирентіп өсірмек» [6, 15-16 бб.]. Осындай «терең білім» деп аталған рухани құндылықтар әлемін дәріптеген, игерген және өрбіткен елдің ғана болашағы кең екені анық.

Абай жастарға ғылым таппай мақтанбауды өсиеттеп, өсек пен өтірік айту, мақтаншақ болу, еріншектік көрсету, бекер мал

шашумен айналысу сияқты мінездерден, қасиеттерден аулақ болуды кеңес етуі арқылы адамды қоршаған ғаламның үйлесімділігі жайында ойлануға шақырады, жеке дүниетанымның көкжиегін кеңейтуге кеңес береді. «Көкжиекті кеңейтем» деп көтере алмайтын шоқпарды жанға байлағанның да қисыны келмейтіні белгілі деген тұжырымды төмендегідей жолдардан байқаймыз.

Абай үшін ең бірінші қажеттілік – білім. Абай қазақ халқына білім және ғылымды ерекше құндылық ретінде ұсынды. Ол өзінің «Екінші сөзінде», «Жетінші сөзінде», «Сегізінші сөзінде», «Оныншы сөзінде», «Он сегізінші сөзінде», «Он жетінші сөзінде», «Жиырма бесінші сөзінде», «Қырық үшінші сөздерінде» ағартушылық, білім, ғылым, өнер мәселесін көбірек қозғайды. Олардың барлығы бір-бірімен астасып жататындығына меңзейді.

Абай өзінің Жетінші сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» [2, 8 б.] деген. Дәл осы қасиет адамның хайуандардан кейбір айырмашылығы болып табылады. Бұл қасиет табиғаттан дарыған, оны сақтап ары қарай жетілдіру керек. Оның осы дүниетанымдық көзқарастары Аристотельдің «Метафизикасында» көрсетілген барлық тірі ағзалар білмекке құмар деген түсініктерімен сәйкес келеді. Осы жерде әл-Фараби ілімімен де ұқсастықты аңғарамыз.

Абай ақиқатты тануды білім деп санайды. Ақиқаттың жоғарғы сатысы – ол болмыс, дүниені тану маңыздылығының құпиясы деп танылады. Адамның өміріндегі білімнің рөлі өте жоғары, адамды адаммен теңестіретін білім, ақыл мен таным өмірді толық

мәнді ететін адам бойындағы жоғарғы қасиет. Ақыл арқылы адам дүниенің кез-келген құпиясын түсінуге әзір. Бірақ сол ақылды адам шыңдап отырмаса, ақпараттар ағыны заманында тоқырап, кешеуілдеп, мардымсызданып қалуы мүмкін. Абай өз заманында болашақтағы білімнің құрылымы күрделене түсетінін аңғарған. Бір күн жаңа мәліметтер оқымаған, жаңа ақпараттармен таныспаған кәсіби маман өз саласының алдыңғы қатарлы шебері болудан қалады. Әсіресе, технология саласындағы мамандар үшін нағыз ақпараттар ағыны заманы туындап отыр.

Ерекше психологиялық категория болып табылатын Талап – білсем, көрсем дегенді қажет етіп отыратын, адамға қосымша күш сыйлайтын, дамудың, жетілудің ішкі қайнаркөзі іспетті. Абайдың көзқарастарынан адамға қатысты осындай күшті талапты байқаймыз. Адам құндылықтардың жоғарғы сатысына талпынып шықпаса, оның бір орында тұрақтап, тоқтауы, тіпті құлдырауы мүмкін екені анық. Қоғамдағы басымдық танытатын этикалық нормаларды адам көбінесе өз қажетіне қарай икемдейді. Әрине, адамдар онсызда талап етілген нормаларға сай өмір сүруде. Қоғам өзгерістер ұшырауы кезеңінде, елең-алаң шақта Абай секілді, адам жанын өткір сөздерімен жаулайтын, есеңгіреген күйінен оятып, өзін-өзі бағалап, өмірге жаңаша көзқараспен қарататын данагөйді қажет етеді. Ол өзіне «Жаратушыдан берілген талапты жоғалтып алғаным жоқ па?» деген сұрақты қою керек? Талап – адамға өзеннің ағысына қарсы тұра алатындай күш сыйлайды, дүниеге деген жеке көзқарасы бар, үнемі алға жылжуға итермелейтін құрал іспетті. Ал сол талапты қанаттандырып отыратын білім. Дәл осы білім адамның бойында «ештеңе білмейтінімді білемін» деп Сократ секілді өзін сынға алдырып, талапқа итермелейді. Абайдың түсінігінде талап-білімге, руханилыққа, жоғары күшке, идеалға деген талап. Адам жаны тек жоғарыға, трансценденттілікке талпынған жағдайда ғана тұрақтап қалмайды. Ал бұл қасиеттілікке талпынатын адам жанының имандылығын білдіреді.

Абай өз шығармашылығында білім түсінігі мен талпыныс, ынта, жігер ұғымдарын қатар қарастырады. Тануға, білуге талпынған адам ғана ғылымды игере алады. «Білім – ғылым

үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас». Осы тұста оның қойған шарты: «Әуелі – білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім – ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады». Ғылым жолындағы адам, өзін тек осы салаға арнап, ұсақ-түйек нәрселелеге көңіл бөле беру қажеті жоқ. «Ғылымды туған анаңдай құрметтеу керек» [2, 9 б.].

Бүгінде ғылымның дамуына жан-жақты қолдау да көрсетіліп, біршама қаражаттар да бөлінгенімен, өкінішке орай ғылыми білімге қатысты әлеумет пен әкімшілік тарапынан немқұрайлы қатынастар да жоқ емес. Елдің дамуы мен өркендеуінің негізін қалап, халыққа бағыт-бағдар беріп, жол сілтеу, қоғамдық сананы қалыптастырушы ғылыми қауымдастық болып табылады. Алайда осы немқұрайлықтың нәтижесінде кейбір ортада әлеуметтік жауапкершілік төмендеді, сапаға емес санға қызмет ету көрініс бере бастады. Оны мемлекеттік құрылымдардың ғылымның дамуы жөніндегі әртүрлі есептерінен, анықтамаларынан байқауға болады.

Қазіргі замандағы үздіксіз білім беру, дуалды білім беру сияқты тұжырымдаманың өзі өмір қажеттілігінен, проблемалардың зәрулігінен туындаған іспетті. Қазіргі заманның тұрғысынан Абай сөздеріне бағалаулар жасасақ, онда ақын өсиетінің тарихи маңыздылығын өзектендіре түсеміз және ғылыми білімнің күн өткен сайын күнделікті тіршілікке бойлап келе жатқанына күмән келтіруге болмайды. Қазақ жастары білім мен ғылым іздеп шетелдерде беделді университеттерде оқуда, өз еліміздегі оқу орындарының саны жағынан алғанда әлемдік рейтингте алдыңғы қатарлардамыз, жан басына шаққанда оқу орындары

жеткілікті. Мәселе, енді сапаны да барынша көтеруде болып тұр. Ақын өсиеттерінің қазіргі заманауи тіршілікте біршама пәрменді жүзеге аса бастағанының да куәсі болып отырмыз. Қалайда рухани мұраның маңыздылығы туралы түсініктер барлық мәдениеттерде қалыптасқаны белгілі. Ал рухани жаңғыру жолына түскен қазақстандық қоғам үшін руханияттың інжу-маржандарына оралып отырудың маңыздылығы зор. Ал өмірдегі барлық үдерістер оралудан тұратынын ежелгіл мифтердің өзінде жазылғаны белгілі [7].

Білім ерекше рухани және әлеуметтік феномен ретінде қазіргі таңда әлеуметтік тәжірибе мен мәдениетті тасымалдап, жеткізіп отыратын маңызды құрал болып табылады. Ақпараттық қоғамға өту сатысымен шартталған қазіргі әлемнің дамуы барысында білімнің рөлін көтеріп, бүгінгі күннің басты басымдықтарына айналдыру маңызды үрдіс, әсіресе адами капиталдың маңыздылығы артқан сайын бұл құбылыстың орны ерекше. Заманауи өркениетті қоғамның білімсіз күні қараңғы екені анық. Білімнің деңгейі мен бағыт-бағдары, оның сапасы қоғамның рухани және әлеуметтік-экономикалық дамуы мен келешегін анықтайды.

**Әдебиеттер:**


1. Тоқаев Қ.К. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан. 2020. 9 қаңтар

2. Құнанбаев А. Қара сөздер. Поэмалар. Алматы: Ел, 1993. - 154 б. 38 сөз.

3. Қажыбек Е. Тысячеленняя мудрость Абая // Казахстанская правда. 2020. 30 января

4. Бижанов А.Х., Барлыбаева Г.Г. Абай в современном мире // Казахстанская правда. 17 января 2020 год.

5. Ғарифолла Есім. Абай хәкім // Абай Құнанбайұлы. Ұлы Дала Тұлғалары сериясы. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013. – 500 б.

6. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20 том. Алматы: Жазушы, 1985. 110-136 б. // Абай Құнанбаев. «Қалың елім қазағым...». Астана, 2006. – 160 б.

7. Безертинов Р.Н. Древнетюркское мировоззрение «Тэнгрианство». Учебное пособие. Казань: РИЦ «Школа», 2017. - 180 с.

# ВСЕМИРНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ТВОРЧЕСКОГО НАСЛЕДИЯ АБАЯ КУНАНБАЕВА: НОВЫЕ ПЕРЕВОДЫ НА МИРОВЫЕ ЯЗЫКИ

***АНАНЬЕВА Светлана Викторовна,***
*заведующая отделом международных связей и мировой литературы Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова КН МОН РК, кандидат филологических наук, доцент, член Правления Союза писателей Казахстана*

Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев в статье «Абай и Казахстан в XXI веке» призывает пропагандировать творчество и гуманистические идеи великого казахского поэта, просветителя, мыслителя Абая Кунанбаева как культурный капитал нации. Абая «необходимо широко представить мировому сообществу как бренд нового Казахстана. Это долг нынешнего поколения» [1].

Творчество Абая Кунанбаева – явление феноменальное в истории мировой литературы. Произведения Абая звучат на многих иностранных языках. Жить – значит «переводить с языка одной национальной культуры на язык другой, с языка одной исторической эпохи на язык другой… Всех видов перевода – из культуры в культуру, из эпохи в эпоху, из дискурса – в дискурс, из души – в душу – не перечислить» [2, с. 49].

Новейшее мировое литературоведение, тренды и тенденции его развития невозможно представить без реалий и перспектив международных литературных контактов, роли в них перевода национальных литератур на другие языки; литературных взаимосвязей в контексте международных общекультурных взаимоотношений; совместных издательских проектов как способа расширения культурного взаимодействия. Художественный перевод в современном литературоведении рассматривается как аспект компаративистики. О растущей роли переводов в XXI веке свидетельствует следующий факт: число читателей переводов значительно превышает число читателей оригинала. Позиционируя художе-

ственный перевод в качестве средства взаимообогащения национальных культур и литератур, мы все отчетливее осознаем, что художественный текст: оригинал и перевод могут быть прочитаны с применением разных культурно-исторических и литературных кодов. Это, в свою очередь, способствует интегрированности национальных литературных явлений в мировой литературный процесс.

Один из первых переводов «Слов назиданий» Абая Кунанбаева непосредственно с казахского языка на польский осуществлен профессором Познаньского университета Х. Янковски. В предисловии «Абай и его творчество» к изданию «Abaj Kunanbaiuly. Slova» (2013) Х. Янковски пишет: «Абай занимает особое место в казахской литературе. Он признан выдающимся классиком и основателем письменной литературы… Абай переведен на многие языки. Одна из его поэм «Масгут» в 1996 году переведена на польский Малгожатой Лабецка-Кочеровой. Я думаю, что «Слова назидания» Абая должны быть доступны полякам в прямом переводе с казахского языка» [3, с. 216].

Произведения Абая Кунанбаева на белорусский язык блистательно перевел лауреат Государственной премии Республики Беларусь, известный поэт М. Метлицкий [4]. Знакомя читателей с процессом работы над художественным переводом, М. Метлицкий делает особый акцент на сравнительно-сопоставительном анализе: «Я не афишировал свою работу, я это делал где-то так, сидя и за рабочим столом, и в командировках, понемножку переводил, вникал в большую сущность поэзии мудреца. Когда переводил эти стихи, они по своим датам где-то совпадали с датами рождения наших классиков Янки Купалы, Якуба Коласа. Это стихи 80-х годов уже позапрошлого столетия. И это мне придавало таких творческих сил… Поэтический мир Абая гениально прост – на полотне необъятной степи обыкновенными красками жизни воссоздана непростая судьба родного народа. Как все это созвучно творчеству нашего Янки Купалы!» [5, с. 68].

Белорусский перевод Абая идет в широкий европейский простор. Это ключевое мнение министра информации Республики Беларусь А.Н. Карлюкевича, одного из инициаторов проведения в

Минске Международного симпозиума литераторов «Писатель и время» (в феврале этого года состоялся VI симпозиум) и международных круглых столов «Художественная литература как путь друг к другу» в рамках ежегодного Дня белорусской письменности. Обмен мнениями по проблемам художественного перевода – неотъемлемая составная часть белорусских научных и издательских мероприятий.

Поэтический сборник «Абай. Песни золотой юрты» [6] на корейском языке, по мнению переводчика, автора комментариев и Предисловия Ким Бён Хака, стал открытым окном для корейских читателей, направленным на казахскую литературу. В сборник включены «Слова назидания», философская, пейзажная лирика, лирика скорби, восьмистишия и сатирическая поэзия Абая Кунанбаева. В книге, оформленной иллюстрациями художника Е. Сидоркина, произведения Абая публикуются на корейском и оригинал на казахском языках.

Подстрочный перевод поэзии Абая для белорусского и корейского изданий подготовил председатель Правления ОО «Тәржiман – Союз литературных переводчиков» поэт, переводчик, главный редактор литературно-художественного журнала «Простор» К. Бакбергенов.

Абай – и гордость казахского народа, и символ казахской литературы. «Как кочевая культура Казахстана на перекрестке Востока и Запада сталкивалась, сливалась с разнородными элементами и принимала с великодушием, так и Абай, – уверен Ким Бён Хак, – опираясь на дух просторных степей и заключив в объятия великую природу и жизнь кочевников, воспевал песни радости, печали и надежды. Он искал одновременно и собственно казахские традиции, и рациональность Запада, и религиозную духовность… Казахский народ проявляет уважение и восхваляет народного поэта Абая, неизменно доказывает его величие» [7, с. 6].

Совершенно удивительный факт в истории казахско-немецких литературных связей, выступающих вместе с литературно-художественным диалогом и художественным переводом областью сравнительного литературоведения, – два издания перевода Абая на немецком языке. Издатель, эссеист, переводчик, лауреат премии Казахстанского ПЕН-клуба Л. Кошут блестяще перевел на

немецкий язык 20 стихотворений Абая. На немецком, казахском и русском языках книга «Abai. Zwanzig Gedichte» выдержала два издания, в 2007 году в серии «Kasachiche Bibliothek», Кёльн [8] и в 2019 году, Берлин [9]. В письме от 21 января 2008 года к автору данных строк Л. Кошут пишет: «Еще студентом (то есть в сороковые годы) занимался поэтическими переводами М. Лермонтова, перевел тогда и стихотворение «Утес» на немецкий язык (помню это занятие до сих пор). И читал с большим интересом, с какими – частично – совсем другими проблемами сталкивался Абай, переводя это стихотворение, как он решал эти проблемы».

Абай зазвучал по-немецки благодаря консультациям, переписке Л. Кошута с Г. Бельгером. Проблема перевода интересует Л. Кошута постоянно, и в связи с творчеством В. Маяковского, С. Есенина, Б. Окуджавы, И. Чавчавадзе, Ю. Марцинкявичюса, и в связи с изданием в Германии книг прозы М.О. Ауэзова, О. Бокеева, Т. Ахтанова, А. Алимжанова, С. Санбаева, А. Кекилбаева, Д, Досжана, М. Симашко, О. Сулейменова и других поэтов и прозаиков.

Большой друг казахской литературы и многих национальных литератур стран Содружества, Л. Кошут по поводу переводов стихотворений Абая Кунанбаева не ждет восхищения своей работой. Для него важнее «понимание того, что означает даже такое маленькое издание более ста лет после завершения жизни национального поэта Казахстана. Вся моя издательская работа была посвящена тому, чтобы содействовать познанию немецкими читателями других национальных культур». Переписка двух сподвижников Г. Бельгера и Л. Кошута по проблемам перевода поэзии Абая на немецкий язык хранится в архиве Академии искусств Германии. Очень трудно добиться соответствия в немецком варианте дыхания, мелодики, ритма и размера стиха оригиналу Абая. И только Л. Кошут сумел услышать оригинал, передать интонацию и близость лексики, настрой стихотворениий. Издание стихотворений Абая в Кёльне включает сведения об Абае и его переводчиках – Л. Кошуте и Г. Бельгере.

Отличительная особенность изданий «Абай. Тандамалы өлендер» и второго издания «Abai. Zwanzig Gedichte» заключается

в том, что в них содержатся отзывы о новых переводах, таким образом, по мнению авторов коллективной монографии «Руководство по компаративистике: теории, исследовательские области, научная практика», подключаются к традиционным исследовательским областям современного сравнительного литературоведения изучение «влияний (Einflussforschung), исследование рецепции и воздействия (Rezeptions- und Wirkungsforschung), переводоведение, исследование образов (Image)…» [10, с. 3].

Новое издание двадцати стихотворений Абая Кунанбаева на немецком языке украшает портрет Абая, читающего книгу. На внутренних сторонах обложки даны портреты Л. Кошута и Г. Бельгера, краткие сведения о творчестве. Берлинское издание «Abai. Zwanzig Gedichte» включает библиографию статей немецких и казахстанских исследователей о переводах стихотворений Абая Кунанбаева на немецкий язык, опубликованных Л. Кошутом, Г. Бельгером, Б. Мамраевым, С. Ананьевой, А. Машаковой, З. Клейнмихель и другими исследователями в научных и периодических изданиях Беларуси, Германии, Казахстана, России и т.д. Берлинское издание завершает «Послесловие» Л. Кошута, благодаря личному вкладу которого Абай зазвучал на немецком языке, а поэтический сборник «Abai. Zwanzig Gedichte» дважды увидел свет в Германии.

Издание «Абай. Тандамалы өлендер» дает возможность профессионально сопоставить мнения литературного критика Джонг Санг Джина, профессоров Джо Гю Ика и Сунг Силя о переводах Абая, осуществленных Ким Бён Хаком. Так компаративная проблематика и тематика все активнее обогащают современное мировое литературоведение. «Когда я читаю стихи Абая, переведенные на мой родной язык, я чувствую, – пишет Джонг Санг Джин, – аромат степи. В степи дует ветер, скачут кони, летают орлы, прелестные девушки поют, а природа цветет. И четко вижу образ Абая как мыслителя, мучающегося человека, просветителя, как страдающего от любви человека» [6, с. 163]. И в этом, безусловно, большая составляющая успеха переводчика Ким Бён Хака, полюбившего казахскую литературу и культуру.

О неугасающем интересе к поэзии Абая в России свидетельствуют переводы его стихотворений на русский язык собствен-

ным корреспондентом «Литературной газеты» по Астраханской области и Республике Калмыкия, председателем Астраханского отделения Союза писателей России Ю. Щербаковым, лауреатом I Международного конкурса переводов тюркоязычной поэзии «Ак торна», всероссийских литературных премий «За верность Слову и Отечеству», имени Курмангазы Сагырбаева и многих других. Новые переводы поэзии Абая на русский язык опубликованы Ю. Щербаковым в его поэтических сборниках «Степное братство», «На разбуженной земле», в который включено 16 стихотворений Абая Кунанбаева, начиная с цикла о временах года: «Лето», «Осень», «Зима», «Весна», и др.

Автор предисловия «Истоки поэтической реки» к книге переводов Ю. Щербакова секретарь Союза писателей Казахстана, поэт, переводчик Б. Канапьянов пишет: «Исторически Казахстан и Астрахань веками связаны узами духовного родства и братства. Многие мотивы казахского фольклора вбирают свои истоки из этих легендарных земель, начиная от Доспамбет-жырау, далее через лиро-эпическую поэму «Кыз Жибек» ближе к нам, двадцать первому столетию, к прекрасному поэту Тулегену Айбергенову, чьи стихи переложил на язык Пушкина поэт и переводчик Юрий Щербаков. Вблизи Астрахани есть и сакральное место – Малый Арал, где покоится прах хана Букея и могила-мавзолей его сподвижника, суфия, дервиша-пилигрима, святого Сеид-баба, проповедника философско-гуманистической линии Ислама, а рядом небольшой аул, где живут ногайцы, до последнего позвонка близкие по фольклору и языку казахскому народу. И уже в двадцать первом столетии в Кызыл жаре Астраханской области открыт культурно-мемориальный комплекс Курмангазы – на родине гениального композитора» [11, с. 6].

Новая книга переводов с казахского языка Ю. Щербакова «О, пламя слов родного языка!», изданная под эгидой Центра литературного перевода, созданного и успешно функционирующего в Астрахани, открывается переложениями на русский язык стихотворений Абая: «У слова есть великий падишах – Поэзия, так повелел Аллах!» [12, с. 3]. «Будь милосерден и будь справед-

лив!», – призывает поэт. Книга переводов Ю. Щербакова «О, пламя слов родного языка!» успешно презентована 7 февраля этого года в Минске в рамках VI Международного симпозиума литераторов «Писатель и время» и вызвала большой интерес не только у белорусских читателей, но и среди участников XXVII Минской Международной книжной выставки-ярмарки.

Известный художник, поэт, переводчик Гао Ман (КНР) в стихотворении «Абаю» пишет о казахском поэте как о поэте-философе, выступавшем за родной народ против порабощения, как о живом человеке, черпающем силы в природе, которую он так живописал в своих стихотворениях.

*Твоя мечта – это справедливость,*
*доброта и красота.*

Голос поэта разбудил степь. Но он ушел, оставив потомкам и всему человечеству «стихи, музыку и гаклия». Лучшая награда Абаю – улыбающиеся свободные лица, ибо справедливость побеждает.

*Абай, слышишь, как ветер*
*разносит твое имя.*
*Как род людской живет*
*Думами о тебе.*

Рукописный вариант стихотворения Гао Мана в авторском переводе на русский язык бережно хранит М.М. Ауэзов, дорожа личным знакомством с выдающимся китайским деятелем культуры и литературы.

Исследовательский и читательский круг поэзии и прозы Абая расширяется по всему миру. Мировое литературное пространство обогащается глубочайшими философскими идеями выдающегося поэта-интеллектуала Абая Кунанбаева, эстетикой его классического литературного текста, вечного и актуального. Диалог культур и литератур, у истоков которого классики наших национальных литератур, продолжается в XXI столетии. Директор Института грузинской литературы имени Шота Руставели И. Ратиани пишет: «Межлитературный диалог логично трансформируется в диалог межкультурный. Стремясь к благоденствию родных народов, Илья Чавчавадзе и Абай Кунанбаев осмысливали значение свободы,

заботились о насаждении верных ориентиров, повышении национального самосознания, сохранении национальной культуры и языка» [13, с.101].

Благодаря зарубежным поэтам, переводчикам, издателям модель отечественного культурного развития, национального культурного кода и казахской литературы активно продвигается в зарубежных странах. Несомненно, 2020 год, год 175-летия со дня рождения Абая Кунанбаева активизирует внимание к его творческому наследию, обогатит мировой литературный процесс новыми художественными переводами на многих языках мира.

**Литература:**


1. Токаев К. Абай и Казахстан в XXI веке // KAZINFORM. 9.01.2020. https://www.inform.kz/ru/opublikovana-stat-ya-kasym-zhomarta-tokaeva-abay-i-kazahstan-v-xxi-veke_a36018
2. Жеребин А. Проблема перевода в герменевтическом освещении // Вопросы литературы. – Май-июнь 2014. – С.133-147.
3. Янковски Х. Абай и его творчество // Творчество Абая Кунанбаева в зарубежной рецепции /Отв. редактор С. Ананьева. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2016. – С.212-217.
4. Абай. Стэпавы прастор. Выбраныя вершы. – Мінск: Літаратура і Мастацтва, 2011. – 158 с.
5. Метлицкий М. Полюбив поэта, любишь его народ // Созвучие: альманах / сост. А.Н. Бадак, А.Н. Карлюкевич. – Минск: ИД «Звязда», 2014. – С.67-70.
6. Абай. Тандамалы өлендер. – Сеул: Интербукс, 2010. – 275 с.
7. Ким Бён Хак. Предисловие // Абай. Тандамалы өлендер. – Сеул: Интербукс, 2010. – С. 5-6.
8. Abai. Zwanzig Gedichte. – Köln: önelVerlag, 2007. – 136 s.
9. Abai. Zwanzig Gedichte. – Berlin: NORA, 2019. – 147 s.
10. andbuch Komparatistik: Theorien, Arbeitsfelder, Wissenspraxis / Hrsg.von Zymmer R., Hölter A. – Stuttgart: Verlag J.B. Metzler, 2013. – 405 s.
11. Канапьянов Б. Истоки поэтической реки // Щербаков Ю. На разбуженной земле. – М.: ИД «Литературная газета», 2017. – С.3-5.
12. Щербаков Ю. О, пламя слов родного языка! – Астрахань, 2019 – 36 с.
13. Ратиани И. Илья Чавчавадзе и Абай Кунанбаев // Творчество Абая Кунанбаева в зарубежной рецепции /Отв. редактор С. Ананьева. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2016. – С.100-102.

# АБАЙ МӘҢГІЛІГІНДЕГІ МҰСЫЛМАНДЫҚ РЕНЕССАНС

***ХАМРАЕВ Әлімжан Тілепалдыұлы,***
*ҚР БҒМ ҒК М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы*

Қазақ халқының ұлы ойшылы және түркітілді халықтарының мақтанышы Абайдың шығармашылық мұралары XIX ғасырдың екінші жартысына тура келеді. Бұл кезең әлемдік ауқымнан алып қарағанда мәдениеттердің тоғысқан тұсы және қарама-қарсылықтарға толы кезең еді. Аталған ғасырда дүниедегі алып империялардың арасындағы күрес жаңа сатыға көтеріліп қана қоймай, олардың қарамағындағы халықтардың ұлт азаттық қозғалыстары да жаңа кезеңге өткен болатын. Әсіресе, ислам әлемінің сабыр-тақаты таусылған шиеленісті сәт еді. Бұл дүниежүзілік сипат алған ұлтшылдық пен жаңа ояну кезеңінде шығыс ойшылдары төтенше зор рөл атқарып, көптеген халықтардың рухани сілкінісіне түрткі болды. Атақты ғалым, теолог Жамаладдин әл-Афғани және оның шәкірті әрі замандасы Мұхамед Абдоның ислам дүниесін реформалау бойынша толғамды пікірлері мұсылман жұртының сенімі мен қарым-қабілетіне әсер етті. Батыстағы өзгерістерге әлем мұсылмандарының назары жедел ауа бастады, ондағы ғылым-білім жетістіктері Шығыс зиялыларын қызықтыра түсті. Медреселер мен әртүрлі оқыту ошақтарында біртұтас жаңаша оқыту тәсілдері енгізілді, яғни дін мен пән қатар жүргізілетін үрдіс қалыптасты. Жергілікті халықтың зиялылары өздерінің ұлттық тарихы мен мәдениетіне ден қойды [1, 219 б]. Бұл қоғамдық-мәдени өрлеу Мысырдағы ұлт-азаттық күрестің бұрқ ете түсуіне себеп болды. Аталған жаңа идея Түркия жерінде де жоғары қарқын алды. Өйткені Түркиядағы озық ойлы білімділер Осман империясы құдіретінің әлсіреп бара жатқанына риза емес еді. Ислам әлеміндегі бұл қайта ояну деген көптің ынтызарлығы аса қарқынды болды. Біртұтас көтерілген тау толқындар кедергілерді де бұзуға қуатты еді. Сондай бір күрделі жағдайда мұсылман әлемі

XIX ғасырдың ортасында жаңаша сипатты ағартушылық кезеңге батыл қадам басты. Ұшқыннан жалынға айнала бастаған бұл ояну дәуірі ислам әлемінің түрлі бірігулері мен мәдени қайнар көздерін аша түсті. Оларды шынжыр формалы даму жолына қарай жетеледі. Оның белгілі бір бөлігі түрік дүниесінде «Жәдитшілер» (жаңалану) деген атпен әйгілі болды. Дәл осы кезде патшалық Ресейдің іргесін кеңейту саясаты асқына түсіп, мұсылман әлеміндегі жүргізіліп жатқан Англия-Франция үстемдігіне қарама-қарсы келіп қалғанын көреміз. Сондықтан Орыс патшасы Мысырда бұрқ ете қалған діни және ғылыми сипаттағы ұлт-азаттық қозғалысты материалдық және рухани тұрғыдан, әртүрлі формада дем беріп қолдап отырды. Бұл жағдай мемлекеттердің мәдени байланыстар жөніндегі шекарасын барынша кеңейтіп, қарым-қатынасты нығайтты. Афғани мен Абдоның патшалық Ресей мұсылмандарымен байланысы әржақты мүмкіндікке ие болды. Олардың ұлттық ағартушылық бағытындағы жаңа идеялары мемлекет пен қоғамға біртіндеп кіреге бастады. Патшалық Ресейдің қарамағындағы көптеген медреселерге жаңа мазмұндағы, жаңа формадағы ғылыми зерттеулер, діни трактаттар, газет-журналдар қосылып, мәдени орталықтарды жаулай бастады. Міне, сол идеялар мен материалдар ықпал етіп, жаңаша ойлайтын зиялылар шоғырын қалыптастырды. Діни ғұламалар мен саяси қоғам қайраткерлерінің жиі кездесулері көбейді. Сопылар тариқатты орталық ете отырып жаңа дүниетаныммен өмір сүруге бейімделді. Осы кезеңде қазақ даласы да алабөтен өзгерістерге ұшырап, заманалар толқынында тербеліске түсіп, жаңа дәуірдің қойнына ене бастаған болатын. Бұл қым-қуыт қоғамдық өзгерістер Абай, Алтынсарин, Шәкәрім секілді озық зиялылардың өсіп жетілуіне, реформашылдық идеяларының пайда болуына жағдай жасап берді. Абай мен Шәкәрім нәзариялық ұстанымдарға көбірек зер салса, Ыбырай Алтынсарин дін мен пәнді біріктіріп, іс-әрекетпен тығыз бірлестірді. Сөйте тұра үшеуі де сол тұстағы шет елдерден жеткен араб, парсы, түрік тілдеріне тәржімаланған көптеген кітаптарды қызығып оқып, терең зерттеді [2], [3], [4]. Бұл ойшылдарымыз «Жаңғыру», «Экономика», «Қырық мысал», «Мәлімет», «Ғылым және Дін», «Дін және Әдеп», «Жәдит туралы мәлімет» (жаңа мәлімет), «Әл-Минар», «Ислах» (жаңару) сынды

журналдарды мұқият зерттеп оқыды. Тарихтан мәлім болғанындай қазақ зиялылары Әлішер Науаидің «Тарихи мүлүки әжәм» (Әжәм – араб емес патшаларының тарихы), «Тарихи әнбия ул һукәма» (пайғамбарлар мен әкімдер тарихы) кітаптарын ыждағаттылықпен оқыған. Сондықтан олар көптеген ислам мемлекеттерінде талқыланып жатқан экономикалық мәдени реформаларға өз пікірі мен көзқарасын ашық білдіріп отырды. Бүгінгі таңда Семей қаласындағы Абай мұражайындағы кітап қорында тұрған мұраларға қарасақ көп нәрсеге көз жеткіземіз. Бізге жеткен және ұлы ақынның өзі оқыған шығармалардың ішінде араб-парсы және шағатай түркі тілдерінде жазылған 252 кітап және журналдар сақтаулы тұр. Бұл мұражайға жетпеген, сақталмағандары қаншама, оны тап басып айту қиын. Бұл еңбектердің басым көпшілігі діни және ғылыми жаңашылдыққа тән. Жалпы Абай оқыған кітаптарды мазмұнына қарай бірнеше бағыттар бойынша жіктеуге болады. 1. Саяси және қоғамдық мәселелерге арналған басылымдар. 2. Діни құқық және ислам құндылықтарына байланысты басылымдар. 3. Ғылым-білімге қатысты кітаптар мен мақалалар (тіл, әдебиет, көркемөнер, тарих, жағрапия, астрономия, медицина және басқалар). 4. Орта-шығыс мұсылман ренессансына тән еңбектер.

Бұл аталған 252 кітаптың бәрі Кеңес кезеңінде шектеліп, тиым салынған еңбектер болатын. Сондықтан бұлардың ішіне Еуропа мәдениетіне мұрагерлік ететін еңбектер енбейді. Таңқаларлық жері, Абай 1880-1890 жылдар арасында Түркияның оқу-ағарту министрінің рұқсатымен Ыстамбұлдың «Османия» баспасында жарық көрген «Аз тарих Жаудат» (Жаудаттың ұлы тарихы, 300 бет), «Тарихи Жаудат» (374 бет), «Чын-Мачын тарихы», «Әл-Жазаил ауал мин тарих ил Камал» (674 бет), «Мұхтасар мәни» (464 бет), Әсмәт Ихсанның «Асия шаркие саяһат» (Шығыс Азияға саяхат), «Тарих Мұхтасар ислам», «Әл-Жизаи әл-хамис мин тарих ил-Камил аламати бин аласари ил-йазар», Ахмәд Мәдаһтың Америкада басылған «Мұсұлман жасампаздығы» секілді көптеген шығармалармен өз уағында үздіксіз хабардар болып отырғаны анық. Бұл аталған еңбектерде саяси, әдеби, ғылыми мәліметтер өте көп еді. Еуропадағы соғыс хабарлары аса кең жайылған болатын. Әсіресе, олардың арасындағы Уфадан башқұрт тілінде шығатын

«Мәлімет», араб-парсы тілінде жарық көретін «Әл-Усури йәжәдид», «Жаңа дәуір» журналдарының рухани мән-маңызы зор болды. Бұл жердегі көлемі 900 беттік «Әлемнің камил (толық) тарихы» кітабын айтпай кету мүмкін емес. Одан Қарахандар хандығы (Арслан хан, Тауғаш хан, Қашқар және Хорезм қалалары) туралы мәліметтермен танысамыз. Абайдың кітапханасындағы Әхмәд ибн Яхия Йанар әл-Бағдадидің «Китаб футтуқин-булдани» (Елдерді тану кітабы) секілді сапар кітабы арқылы кейбір қалалардың түрік сардарларының аты-жөнімен тікелей қатысты екеніне көз жеткіземіз. Мысалы: Казвин – қаласы түркі халықтарының Иранға қарсы (Рүстем шапқыншылығына қарсы) соғысқан даңқты сардар Алп Ер Тұңа (Афрасияб) қызының атымен аталғаны туралы мәлімет бар. Кейбіреулер осы тарихи мәліметтерге қарап, Абайдың өзіне ұстаз санаған Шығыс классиктерінің бірі Иран шайыры Әбулқасым Фердауси (940-1030) екенін анық пайымдайды. Бұл жорамалда, әрине, үлкен ақиқат бар деп шамалаймыз [5]. Ғалымдар Абайдың «Ескендір» поэмасын салыстыра зерттеу арқылы осындай пікірлерін алға тартады. Шығыс әдебиет тарихынан білуімізше, Зұлқарнайын туралы Фердаусидың «Ескендірінен» басқа, Низамидің (1141-1203) «Ескендірнама», Хұсраудың (1253-1325) «Ескендірдің айнасы», Жәмидің (1414-1492) «Ескендір даналығы кітабы» және Әлішер Науаидің (1441-1501) «Сәдди Искәндәрий» сынды атақты еңбектері бар еді. Фердауси туралы нақты анық мәліметті Абай кітапханасындағы шығармалардың тізімінен таба алмадық. Соған қарамастан біз XIX ғасырда түркі тілдеріне болған тәржімалық еңбектердің (қолжазбаларының) өте көп екеніне және ойшылдың бір өлеңі ұлы парсы ақынына қаратылғанына қарап, ғұлама қазақ ақынының ол кітаптардан хабары болғанын сеземіз.

*Физули, Шәмси, Сәйхали,*
*Науаи, Сағди, Фирдауси,*
*Хожа Хафиз – бу һәммәси,*
*Мәдәт бәр я шағири фәрияд!*

Абай оқыған кітаптардың арасында имам Әхмәт Риза медресесінің араб, парсы, шағатай-түркі тілінде жарық көрген діни

мазмұндағы кітаптардың өте көп екеніне куә боламыз. Олардың арасында «Дін және мешіт», «Ислам Мужалласы» (Ислам) журналдарын айтпағанда, «Тасирил кабири» (Қиямет-қайым күні, тәубе ету парыздары. Авторы Имам Мұхаммет), «Неке және Талах», «Ислам құндылықтары», имам Мұхаммет Рази Фахридидің діни-рухани сипат алған «Тапсирил-кабири» ауқымды көлемдегі тәпсірі, «Кітаб зум дүние», «Кітаб зум инжил», «Китаб зум хаят» секілді үш кітап, «Алжизиил-самин мин китаб итхасис-саватил-матқаина бас шарах» трактаты, «мунасиб дин», «Мағрифатнамә» (Мәдхийә кітабы), 528 беттік екі кітап «Китаб фарух» және «Зил китаб фарух» (Жарық, нұрлы кітаптар) сынды аса маңызды теологиялық еңбектер, діни-құқықтық және қызметке қатысты шығармалар бар. 1879 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Дәрет алу», «Некелену», «Ажырау және талақ», «Иман келтіру» секілді маңызды тақырыптар бойынша бірнеше кітаптардан құралған шариғат қағидаларын жан-жақты түсіндіретін зор көлемдегі діни шығармаларды өз ішіне қамтиды. Бұл әдеттегі бір зерттеушінің қызығып іздену құштарлығын қозғайтыны шүбәсіз. Абайдың осындай дүниетанымдағы ғылыми-мәдени тәлімдерге қызығуы әрі одан шабыт алуы, ойшыл үшін халқының саяси қоғамдық және мәдени құқығын қорғауда, қоғамдық әділеттікті қамтамасыз етуде теңдессіз рөл атқарды. Бұл пікірлерімізге Абайдың 1876 жылдан 1896 жылға дейінгі аралықта Қази (сот) және заңды атқаратын орындарда (билік құрғаны) жүргізген басшылық жұмыстары дәлел бола алады.

Абай оқыған және шынайы үйренген ғылым-білімге тән болған ислам еңбектерінің салмағы да мол болған [6]. Бұл секілді еңбектер әлемнің мұсылман медреселерінде қолданылып жатқан және қазақ даласында жүзеге асырылған, яғни мәні жағынан бірлескен діни және пәндік оқыту әдісінің дәл өзі еді. XIX ғасырдың жартысында жарық көрген «Мадаһил-жуғрафия» (Географиялық мадақтау), «Ал Құтубус-саадифт» (Бақыт жұлдызы, 380 бет), «Әл-Жаладус-сана мин таржима һаят һайуан» (Хайуанаттар өмірі), «Тиб акфар фарси» трактаты (Ұлы парсының медицинасы, 443 бет), «Канон асари» (Заңдар негізі), «Араби тарақият мәдинуси» (Араптар мәдениетінің дамуы) сынды зерттеулердің маңызы аса

жоғары. Осылардың ішінде «Ғылым төңкерісі» (Қозғалыстар ғылымы) ең жарық еңбек. Тілтануға байланысты зерттеулер және араб, парсы, түрік тіліндегі сөздіктердің саны да біршама көп. Мұндай мазмұндағы кітаптар Абайдың тіршілік пен жаратылысты танудағы тыңғылықтылығын, қалыптасу барысын, ой-қиялының тереңдігін, парасатының биіктігін, жан-жақтылы терең білімін анық аңғартып тұр. Бұл шығармаларды білмей тұрып, ұлы ойшыл, қазақ ақыны хакім Абайдың үгіт-насихаттары мен адамзаттық пайымының терең тамырлары туралы сөз қозғау артық болар еді. Өйткені бұл таңдаулы еңбектер Абайдың шығармаларын оқыған адам үшін қажет, таңдаулы эстетикалық қайнар көзді айқындап береді. Тыңдаушы мен оқырман ақынның таңдаулы пікір және сенім тәлімгерлігіне терең бойлаған сайын, олардың жанға шипа беретін рухын түсіне береді. Бұл руханият сәулесі кең байтақ қазақ даласында кенеттен пайда болмаған. Ол бұлақ көздері арқылы ақиқаттың нұрлы шұғыласынан екенін білгеніміз абзал.

XIX ғасырда пайда болған саясат, экономика, мәдениет және ғылым-білім саласындағы көтерілген толқын негізіндегі сілкіністер Абай шығармашылығы үшін маңызды [7]. Бұл мәдени бұлақ көздері арқылы, орта ғасырдағы мұсылмандық қайта өрлеу дәуірінің қайталанғаны секілді үрдіс белең берді. Мәдени мұрагерліктің жетік меңгерілуіне батыл түрде бет қойды. Ортағасырлық мұсылмандық қайта өрлеу дәуіріне тән еңбектердің Абай әдебиетіне ықпалы, XIX ғасырдағы дүниежүзілік ауқымдағы қоғамдық-саяси және мәдени өзгерістердің ұлы ойшылға жасаған әсерінен кем емес [8]. Мұсылмандық қайта өрлеуге байланысты Абайдың алғаш ықылас қойып оқыған кітабы сопылық мәснәуи жанрын өмірге алып келген Мәуләуи сопылық ағымының негізін қалаушы, шейх Румидің «Жәләдун сани мәснәви» (екінші кітабы), «Жәләдун саласи мәснәви» (үшінші кітабы), «Жәләдун раба мәснәви» (төртінші кітап) және ғұлама Әлішер Науаидың «Мәхбубул-кулуб» (Жүректің кілті) сынды кітаптарды айтуға болады. Бұл шығармалар Орталық Азия халықтары арасында кең көлемде таралған, оның мұсылман қоғамына әсері өте жоғары дәрежеге жеткен [9]. Абай сонау жас кезінде «Йузи рәушән», «Әлифби», «Физули, Шәмси, Сәйхали» өлеңдерін жазып еді. Бұдан біз

Шығыс әдебиетінің әсерін байқаймыз. Бұл қызығу Орта Азияда лап етіп көтерілген руханият ілімімен тығыз байланысты. Мәжит Хауафидің «Рухани білім ақыреттегі құрмет пен бақыт үшін бұл дүниедегі өмірді тәртіпке келтіруге қызмет етеді» деген нақылы сенімге айналған еді. М.Мырзахметовтың пікіріне қарағанда, Абай мен Шәкәрім «Құтты білікті» талдап, тіпті «Қабуснамамен» танысуға ынтыққан көрінеді. Демек, ғұлама олардың «Али шәһәр» (озық қала) сеніміне ерекше мән берген. Абайдың Ахмет Йасауидің Мұхамет пайғамбарды мадақтаған хикметтері ол жерде түптеліп сақталған. Ахмет Йасауи жасампаздығына бағышталған көптеген қолжазбаларының арасында аталған хикметтің бұл формада сақталып қалуы таңғаларлық жағдай екені анық [10, 26 б].

Абай 1888 жылы Ыстамбұлда «Артен Асазурян» баспасында басылған «Әдебиет және саясат», әдебиет пен көркемөнер мәселелерінің біртұтастығы ашық түрде мойындалған кітаптармен толық танысып шыққаны белгелі. Сондай-ақ осы бағыт бойынша «Тіліміз бен әдебиетіміз», «Шығыс мәселесі», «Түріктердің еуропалануы», «Өргі қақпа» секілді материалдармен бірге Түркия және Франция, Түркия және Ресей қарым-қатынастары туралы зерттеу сипатындағы материалдарды да мұқият үйренеді. Абай сол дәуірдегі Түркияның ішкі-сыртқы саясатының тарихына төтенше қызыққан екен. Ол 1899 жылы әдебиеттанушы Зада Таһир тарапынан даярланған әрі Ыстамбұлда басылып шыққан «Османлы әдебиеті» атты кітапты біршама толық зерделепті. Ол кітапта поэзия мен проза теориясы баяндалып, әдебиеттің нәзариялары (теориялары) берілген болатын. Біз бұған қарап Абай өзі шығарған «Алты аяқ», «Сегіз аяқ» өлең формаларының пайда болу себептерін анық түсіне бастаймыз. Сол себепті ақын түрік силлабик (бармақ) поэзиясын реформалаған, жаңғыртқан әдебиетшілер қатарынан орын алады. Жалпы әдебиет тарихына зер салсақ, түрік ақындары поэзияның формасына қатты назар аударып отырғанын көреміз. Мысалы: Әлішер Науаидың «Мезанул-аузан», Бабурдың «Аруз рисәласы», Шаих Әхмәд ибн Худайдад Таразидың «Фунун бәләғә», (Сөз өнері), Юсуф Саккакидің «Муфтахул-улум», Әл-Жауһаридің «Арзу әл-Уркати» қатарлы шығармаларын атап айтсақ та жеткілікті. Шынтуайтында, Абай поэзиясы бұл аталған

жайттардан алшақ емес. Өйткені ұлы ойшыл Абай өзінің жаңа ритмді өлеңдеріне «Китаб тасбих» деген сипатта қарағанын жақсы білеміз. Біздің осы кезге дейінгі мұқият зерттеуімізге қарағанда, Абайдың шынайы болмысының түпкі тегінде айналаны танып білуге деген қызығуы мен оның «толық адам», яғни «Хақ» ілімінің мәнін айқындауымен тығыз байланысты екенін көреміз. Бұл жорамалымыз бойынша, Әзербайжан халқының классикалық әдебиетінің негізін қалаушы Мұхаммет ибн Сулайман Физули (Тәбризи) Абайдың еңбектерінен бірінші орыннан бой көрсетеді. Физули энциклопедиялық білімге ие болған (дәрігерлік, астрономия, құқық, математика, ежелгі грек және шығыс философиясы) жан-жақтылы ғалым. Ол әділетсіздіктің әр қандай формасына қарсы тұра білген, саф-ізгі ниетті руханият әлеміне қол созған тариқат – «Хақ» жолындағы адам. Абайды ерекше қызықтырған ақындардың бірі Шәмс әд-дин Мұхаммет ибн Маликдад Тәбризи. Ол Абайға тасавуф фәлсафасы тұрғысынан ең алғаш әсер еткен адам. Тіпті атақты Румиді де Абай ұстаз ретінде құрметтеген. Сол себепті Абай Шәмсиді махаббат жолындағы ғашықтыққа шабыт беретін күш деп таныған және оның атын ерекше құрметпен атаған. Абайға айырықша ықпал көрсеткен адамдардың қатарында Әбу Мұхаммад Муслих әд-дин Абдуллаһ ибн Сағди Ширази екен. Сағдидің «Гүлстан» атты еңбегі ислам дүниесінің теңдесі жоқ байлығы болып саналады. Сағди өз өмірінің жарымын сапармен өткізген жиһангез. Ол жиһангездіктің дәмін әбден татқандықтан жаратылыс әлемінің құпия сырларын біліп, көркемдікті ашуға құлшынған. Ол от пен крестке табынушылардың қорлығына тікелей ұшыраған және оған төзімділік танытқан. Міне, сол қаһарлы да заһарлы ғасырдан құтқарған «Жарық бір күн» Сағдидің бүкіл қайғылы өміріне нұр берген сәт. Сондықтан ол «Хақты» тануға лайықты болғаны үшін мақтанышпен әсерге бөленген. Абай оны «Хақ билік» ретінде қабылдаған. Бұған оның «Ғақлия» қара сөздеріндегі ой-пікірлері куә. Абай тәнті болған ойшылдардың қатарында парсы халқының мақтанышы Шамсиддин Ширази Хафизді айтуға болады. Хафиздің білім мен ғылымның есігін ашып кірудегі қабілеті өз заманындағы саналы кісіні қайран қалдырған. Жүрегінен төгілген жырлары гауһардай жарқыраған. Ол өз жыр-

дастандарын жатқа оқып, ән-күйге айналдырып, «Хақтың» махаббатына қол жеткізуге бар ықыласын салған. Абай Хафиздің бұл ерекшелігін өте жоғары бағалаған екен [11]. Абай қызыға қарап аузынан тастамай айтып жүретін ақындарының бірі «Диуани Сайқали» кітабының иесі Сайқали атты бір данышпан. Ғалымдар Төрәлі Қыдыр және Бауыржан Мырзақұлдың пікірі бойынша, «Абай аттарын атап, шабыт шақырған шайырлардың қатарында XVIII ғасырда (анығы 1730-1798 жылдары) өмір сүрген, діни-танымдық, діни-сопылық және діни-дидактикалық тақырыптарда қалам тербеген түркі ақыны Сабыр Сәйхали». Бұл ойшыл туралы нақты деректер өте аз сақталғандықтан біз де тереңдей бара алмаймыз. Алайда Абай Сайқали ғазалдарымен жақсы таныс болғанын аңғартады [12].

Абай ұстаз санаған ойшылдардың бірі – Әлішер Науаи [13]. Өйткені Әлішер Науаий «Хақ» жолына түскен ізгі жандардың ең бір айтулы тұлғасы саналады. Абай үшін ақынның шығармалары баға жетпес байлыққа айналған. Әсіресе, қазақ ақынының қара сөз «Ғақлияны» жазудағы түпкі мақсаты – «Хақ» ілімінде оның одан ары тереңдеуі дер едік. Абайдың Шығыс классиктерінің аты-жөнін ерекше құрметпен, мақтаныш сезіммен тілге алып, жырға қосуы кездейсоқтық емес. Бұл Шығыс мәдениетінің айырмашылығын әрі ерекшелігін танудағы сіңірген үлесімен тығыз байланысты. Ол Шығыстың шипагерлік сенімін рухани тазалығының және имандылығының нәтижесі деп таныған. Жаратылыс сафтығы мен руханиятының кемелдігі деп таныған. Бұл сопылық дәстүрдің мән-маңызын паш еткен сипаттардың бірі. Тән мен рухтың саулығына негізделген «Хақ» дегеніміз пәк махаббаттан ишарат береді. Сондықтан ғашықтықтан пайда болған «Хақты» илаһи мұғжизалы құбылыс деп таныған дұрыс. Ұйғыр ақындары Хирқити мен Зәлили: махаббат – ол адамзатқа тарту етілген теңдессіз Алланың жар сыйлығы деп таныған. Даналардың ойынша оның жеке мағынасы «Хақ» махаббаттан туындайтын тазалық. Белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметов Абай әдебиетіне сүйене отырып, оны «Толық адам» ілімі деп атап отыр. Абайдың қара сөз «Ғақлиялары» «Хақты» танудағы бірден-бір айқын мысал [14]. Бұл шығыстық мұсылман дәстүріне тікелей барып тірелетін ерекшелік.

Абайдың «Хақты» тану ілімі ислами кемелділікке жету жолымен ұштасып, бірлесіп кеткен. Абай «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, Не қызық бар өмірде онан басқа» деп ой түйді. Жүректі пәк, таза қалпында ұстап отыруға үндеді. Бұл сенім бойынша адам өзінің таза жүрегіне өшпенділік ұрығын егуге мүлде болмайды. Демек, батыстықтар ойлағандай: Алла махаббат пен қарғысты қатар жаратқан жоқ. «Құран Кәрімнің» тағы бір аятындағы аманатта Алланың бұл ғаламды көркемдікпен жаратқан. Абайдың көзқарасы бойынша, адамзат пен мына дүние махаббатпен көмкерілсе, онда адамға ғашықтық пен сүюден басқа жол жоқ, онсыз өмірде мән жоқ. Бұл адамды хайуаннан ажыратып тұратын таза рухани сипат. Бұл айтқан пайым ұлы ойшылдың рухындағы ілімнің бірден-бір түп қазығы. Ақын мына шумақтарды дүниетанымы ретінде алға ұсынады:

*Адам бір боқ көтерген боқтың қабы,*
*Боқтан сасық боласың өлсең тағы.*
*Мені мен сен тең бе деп мақтанасың,*
*Білімсіздік белгісі ол баяғы.*

Егер осылай бола қалған жағдайда адам қаратүнекке, жамандықтың ластығына түскенмен бірдей. «Адам өмірінің мақсаты – жетілу және кемелдену» дейді Абай. Бұл – әрбір адам үшін ең маңызды рухани қайнар көз және қойылатын басты талап. Адам баласы бұл ұстанымнан аулақ болса, онда ол қайыршылықтың шегіндегі бір махлұқ қана болып есептеледі.

*Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,*
*Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа*
*Адамды сүй, Алланың хикметін сез,*
*Не қызық бар өмірде онан басқа.*

Хакім Абай үшін, өмір сүрудің екі жолы бар. Ол ғашықтық пен құмарлық жолы. Құмарлық жолын таңдағандық – нәпсіні ұстай алмаудың, оны тежей алмаудың анық бір ишараты. Қарғысқа тап болғандық. Көңілдің рақатын жоғалтқандық.

*Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол,*
*Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.*
*Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,*

*Мен не болсам болайын, сен аман бол.*
*Көңілімнің рақаты сен болған соң,*
*Жасырынба, нұрыңа жан қуансын.*
*Бірге жаққан біреуге жақпаушы еді,*
*Сүйкімді тірі жанға неткен жансың?*

Сол себепті Абай көркемдік пен құмарлықтан келіп шығатын бес түрлі мінез сипатын анық көрсетіп береді.

*Бес нәрседен қашық бол,*
*Бес нәрсеге асық бол,*
*Адам болам десеңіз.*
*Өсек, өтірік, мақтаншақ,*
*Еріншек босқа мал шашпақ,*
*Бес дұспаның білсеңіз.*
*Талап, еңбек, терең ой,*
*Қанағат, рақым ойлап қой,*
*Бес асыл іс көнсеңіз!*

Бүгінде Абайдың бұл айтқандары жеңіл ғана айтыла салған, жәй ғана қойылатын талап секілді қарапайым болып көрінуі мүмкін. Алайда, оған үйлесіп өмір сүру өте-мөте қиын әрі күрделі. Қайткен күнде бұл қоғам үшін биік өлшем, қатаң талап керек. Міне сол қажеттілік Абай мәңгілігінде анық көрсетілген. Тек біздер сол кезде ғана жасап отырған қоғамға, концептуалдық мол рухани өзгерістерге бет бұра аламыз деп тұжырым жасауға болады.

Абай қалаған екінші бір өмір сүру жолы: Жаратылыс дүниесін және реал тұрмыс талаптарын зер сала жан-жақтылы үйрену. Өзгеріп отырған тіршілікті тану үшін білімге құштарлықты жетілдіру. Біз мұны Абайдың өмірлік тәжрибесінен анық көре аламыз.

Абай үшін «Хақты» танудың ең маңызды тармағы – нисбәт (Алламен болған байланыс). Абайдың нисбәт жолы – «әбият» (музыка немесе ән мен күй арқылы. Ән-күй арқылы Жаратушыға және жаралған дүниеге ғашықтығын жеткізу). Хакім Абай мұны «Хақты» танудағы маңызды ғибадат амал деп тани отырып, ән-күй арқылы ішкі ниетін шығармаларымен шығарып отырған. Абайдың көптеген ән-күйі халықтың қазынасына айналып, кең таралып кеткенін білеміз. Сол себепті де біз Абайдың «Масғұт»

және «Ескендір» дастандарының әуел баста саз-әуенімен шығарылғанын анық жорамалдай аламыз. Өкініштісі, олар бізге жетпей қалған. Абай руханияты оның «Әбият» (музыкалы) сеніміндегі ұстаныммен тығыз байланысты екеніне шүбәміз жоқ.

***Әлифд**ек ай йүзіңе ғибрат еттім,*
***Би**, бәләидәртіңанисбәт еттім.*
***Ти,** тілімнән шығарып түрлі әбиат,*
***Си,** сәнаи мәдхия хүрмәт еттім.*

***Жем,** жамалың қандай ақ рузимаған,*
***Ха**, хәлиллик таппадым, жаным, сәнан.*
***Хи,** халайық, мен емес, бәрі ынтизар,*
***Дәл,** дариға ғашық оты бермес аман.*

***Зәл**, зәлиллік көрген соң, сайрай бер, тіл,*
***Ре**, риза қылмағыңды, яр, өзің біл.*
***Зи**, зәһәрдай күйдірді ғишқың қатты,*
***Сын**, сәләмат қалмағым болды мүшкіл.*

***Шын** шикәр ләб есіме түскен сайын,*
***Сат**, сабырым қалмады, мен не әйләйін.*
***Зат**, зайғ өмірім өтті менің бекер,*
***Тай**, талаптан әйтеуір құр қалмайын.*

***Зай**, залым көп қылыш боп жанға оқталды,*
***Ғайін**, ғақылымды басымнан тартып алды.*
***Ғайын**, ғариблік басыма түскеннен соң,*
***Фи**, файдаң тие ме деп жаза салды.*

***Қаф**, қабыл болар ма екен жазған хатым,*
***Кәф**, кәмил ақылың, асыл затым.*
***Ләм**, ләбіңнен ем қылсаң мен дерттіге,*
***Мен**, меһріңнен қалмас ед бар апатым.*

***Нон**, нәлә ғып қайғыңмен күйдірдің көп,*
***Уау**, уәйлана ғишқың уайым жеп,*
***һи**, һеш файдаң тимесе өлді ойлаңыз,*
***Ләм** әлиф, лә иләһа илалла деп.*

*Я, ярым, қалай болар жауап сөзің,*
*Мәт – қасың, тәштит – кірпік, сәкін – көзің.*
*Үтірмен асты-үстілі жазуда бар,*
*Болуға асты-үстілі көнсең өзің.*

Абайдың бұл өлеңі сопылық хуруфизмінің поэтикалық ағымыдағы ерекшелігін көрсетіп береді (араб тілінен «Хуруф» әріптер деген мағынада). Алайда, оның шығармасында мұндай эзотерикалық мазмұндағы өлеңдер өте аз. Солардың ішінде Алиф-би ерекше орын алады. Шындығында, бұл осы формула бойынша жазылған жалғыз өлең. Солайда, ол феноменальды және жүйелік сипатқа ие.

Абаймен салыстырғанда Шәкәрімде хуруфизм идеясы көрінбеседе оның өлеңдерінде сопылықтың әсері айқын сезіледі. Ақынның шығармаларындағы өлеңдік ұйымдастырылуы ежелгі дәуірге кететін ұлттық дәстүріне және фольклорлық аллитерацияға байланысты. Ақынның «Үлген қыл, ырыссыз өмір» өлеңімен салыстырыңыз:

*Алтындай қызыл арақтың,*
*Асылын әкел, аяқшы-ай.*
*Анық сырын әлемнің,*
*Аша алмаймын мас болмай.*
***
*Қабағынан қар жауған*
*Қараңғы бұлт жоғалды.*
*Қас қараймай беті ауған,*
*Қаһарлы жел де оңалды*
***
*Қатып қалған желіннен*
*Қаймағы бар бал шықты.*
*Қайғылы біздің көңілден*
*Қайғырған сайын қан шықты.*

*Жанған оттай жалындап,*
*Жайлауға қарай ел көшті.*
*Жанбақ түгіл жабырқап,*
*Жаралы жүрек қайта өшті.*

Абай мен Шәкәрім Алишер Навои сияқты сұлулықты тану надандықпен күреспен қатар жүреді деп сенген. Абайдың пікірі бойынша, тек даналық адамның рухани тазалықтығына көмектеседі, демек, даналық пен оған деген сүйіспеншілік, егер ол күш-қуат болса, ішкі түйсіктің қажетті атрибуты болып табылады. Олай болмаған жағдайда, құдайдың жоғарғы күшін («құдірет») рухани интуитивті білуге қол жеткізу мүмкін емес.

Басқаша айтқанда, Жаратушы мен болмыстың бірлігі мызғымас. Бұл Абаевтың ғаламдық формуласы. Сол себебтен, оқырман «Әлифби» хуруфтарын қабылдауға өтеді. Құрандағы 28 дауыссыз дыбыстың барлығын ақын өзара байланысты, тұтастық ретінде қарастырады. Ол қасиетті білімді іздейтін дана адам ретінде хуруфизм тұжырымдамасының арқасында ғаламның құпиясын («барлық нәрсені қабылдау және білім»), ақиқат пен иррационалдық қатынастардың тәртібін ашады. Хуруфизмді ақын ажыратпайтын (ажырамас) эстетикалық жүйе ретінде қарастырады [15], [16].

Абай Француз Ле Мариаштың 1881 жылы Каирде жарық көрген және Нуһли Салиһ аударған «Шертуруде» атты музыка және күй туралы шығармасын толық оқып, меңгергені анық. Бұл жағынан ол Әбдірахман Жәми мен Әлішер Науаидың музыка трактаттарын өзіне үлгі етіп үйренгені анық. Абай шығармаларындағы «Алла бұл дүниені көркемдіктің бір белгісі сипатында жаратқан» деген сенімі Лутфи, Әбдірахман Жәми және Әлішер Науаидың басты ұстанымының заңды жалғасы ретінде қабылданса да, олардың көзқарастарынан өзіндік айырмашылығы бар. Бұл жағынан қазақ ғұламасы көркемдікті сезінудегі таңдаған жолы – парсы және әзербайжанның көрнекті шайыры Шаһ Фазуллаһ (Фазл) ибн Мұхаммет Наими Тәбризи Астрабадидур екені даусыз [17]. Тасауфта «Гүлстандық», «Бостандық» сынды эстетикалық образдар Алланың көркемдігін сезінуде маңызды түрткі күш деп есептелсе, Наими үшін Құран Кәрімде қолданылған сөздермен (аяттармен) «әліпбе» әріптері дәл сондай қасиетке ие. Әдебиеттегі бұл бағыт «хуруфизм» деп аталады. Әсіресе, араб әліппесіндегі әріптер тізбегі теңдессіз көркемдіктің бір арнасы сипатында бағаланады. Бұл көркемдікті тұғырлы нысана ету арқылы Алланың ең жоғары

сұлулығын елестетуге болады деп түсінген. Оның бет әлпетіндегі қас, шаш, мұрын, ерін, иек, және мойын әрбір әріптерге ұқсатылып әрі көркемдіктің қалыбы формасында келтірілген. Сондықтан да Абай осы идеяның жетегімен бірнеше шығармасын өмірге әкелді. Оның шағатай заманында қалыптасқан әрі жалпыға ортақ түрік әдеби тілі ретінде жазылған «Йүзи рәушән» және бір қатар өлеңдері дәлел бола алады [18], [19].

Түйіндей айтқанда, Абай, Алтынсарин, Шәкәрімнің қазақ даласында біршама дамыған ағартушылық негізінде пайда болған қоғамдық-экономикалық реформасы екі үлкен мәселенің шешім табуына түрткі болды. Біріншіден, XX ғасырдағы қазақ даласында қоғамдық-саяси және мәдени жақтан жалпықоғамдық біртұтас ұстанымға ие болған озық ақыл-ойдың өмірге келуін алдын-ала әзірледі. Екіншіден, қазақ этно-мәдениеті мен ұлт ретінде өзіндік бірлігін тұрақтандырып алуына жол ашты.

**Әдебиеттер:**

1. Сейдембеков А. Абай және ренессанс // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Он томдық, төртінші том. Алматы, Қазақ университеті, 2016. - 218-228 б.

2. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы, «Алматыкітап баспасы», 2009

3. Ахметов З. Абай и Лермонтов: эссэ. – Алматы, «Арда», 2008. – 160 с.

4. Абай энциклопедиясы. Бас редактор Р.Н. Нұрғалиев. Алматы «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 бет.

5. Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. (құрастырушы және жауапты шығарушылар Ысмағұлов Ж., Мыңбаев Д.,) – Алматы: Ғылым, 1994. – 336 бет.

6. Құнанбай : тарихи және әдеби тұлға / Жұртбай, Тұрсын, - Алматы: Алаш, 2004 . - 400 б.

7. Жакылыков А. Поэтика и эстетика Абая //http://abai-inst.kz/rus/?p=132

8. Мырзахметұлы М. Ұлы ақын дүниетанымы туралы бірер сөз // «Қазақ әдебиеті», 2005. 19 тамыз.

9. Есимов Г. Хаким Абай. –Алматы, «Білім», 1995. – 221 с.

10. Қыдыр Т.Е., (Қортабаева Г.Қ., Рысқұлов С.С.бірге ) Ахмет Ясауи шығармаларындағы сопылық дүниетаным // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы. 2020 г., №1 (21). – 25-29 бб (ҚОРТАБАЕВА,

Гүлжамал; ҚЫДЫР, Төрәлі; РЫСКУЛОВ, Саламат. АхметЯсауишығарма ларындағысопылықдүниетаным. Вестник КазНУ. Серия религиоведение, [S.l.], v. 21, n. 1, p. 25-29, apr. 2020. ISSN 2521-6465. Доступно на: <https://bulletin-religious.kaznu.kz/index.php/relig/article/view/255>.)

11. Қыдыр Т.Е. (А.Муханбеткалиева). Интерпретация и понимание текста в переводе персидской поэзии // Вестник Казну» (серия востоковедения), КАЗАХСТАН, рекомендуемый ККСОН МОН РК, издательство: « Қазақ университеті «. 2018 ж. №2. – 215-220 сс. (КЫДЫР, Т. Е.; МУХАНБЕТКАЛИЕВА, А. А.. Interpretation and understanding of the text in the translation of Persian poetry. Journal of Oriental Studies, [S.l.], v. 85, n. 2, p. 215-220, july 2018. ISSN 2617-1864. Available at: <https://bulletin-orientalism.kaznu.kz/index.php/1-vostok/article/view/1114>)

12. Қыдыр Т.Е, Жумадилова. Г. Ирандағы «ояну ғасыры» және оның парсы әдебиетіндегі көрінісі // «Вестник Казну» (серия востоковедения), КАЗАХСТАН, рекомендуемый ККСОН МОН РК, издательство: « Қазақ университеті «. 2017 ж. №1 (80). – 229-232 бб. (КЫДЫР, Т. Е.; ДЖУМАГУЛОВА, Г. Е.. «The Renaissance» in Iran and its manifestation in the Persian literature. Journal of Oriental Studies, [S.l.], v. 80, n. 1, p. 228-232, nov. 2017. ISSN 2617-1864. Available at: <https://bulletin-orientalism.kaznu.kz/index.php/1-vostok/article/view/909>)

13. Қыдыр Т.Е. (Ж.Б. Бейсенбинова) Әлішер Науаидың «Мухәкәмәтул-Луғәтәйн» шығармасының зерттелуі мен аударылуы // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. ККСОН МОН РК. 2019 ж. №2(78). -81-86 бб

14. Мырзахметов М. Абайтану XXI ғасыр // https://abai.kz/post/41056

15. Бабаев Я. М. Хуруфизм и его влияние на азербайджанскую литературу // Молодой ученый. — 2009. — №3. — С. 100-104. — URL https://moluch.ru/archive/3/219/ (дата обращения: 08.04.2019).

16. Амонова З.К. Вопросы влияния хуруфитского ордена на узбекскую классическую литературу XY-XYII веков // Вестник Челябинского государственного университета, 2011. №11 (226).Филология. Искусствоведение. Вып. 53. – С. 8-11

17. Кули-заде. Хуруфизм и его представители в Азербайджане. «Элм». Баку-1970 \\ В книге Имадеддин Насими. Избранная лирика. Баку-1973. Мирза Ибрагимов. Насими и его время. Имадеддин Насими. Избранная лирика. В 2 томах. Баку, 1976

18. Акимушкин О.Ф. Накшбанд // Ислам на территории бывшей Российской империи: энциклоп. слов. – М.: 2006. Т.1. – С. 299-301

19. Аверьянов Ю.А., Башарин П.В. Мавза Баха'ад-дина вчера и сегодня // Электронная библиотека Музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера) РАН http://www.kunstkamera.ru/lib/rubrikator/03/03_03/978-5-884314-159-6

# ФИЛОСОФИЯ ПРЕКРАСНОГО. ПУШКИН И АБАЙ

***СОЛОВЬЕВА Грета Георгиевна,***
*главный научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор философских наук, профессор*

На избранную мною тему написано множество монографий и диссертаций. Но я дерзну высказать нечто, еще никем не произнесенное. Смелости придает суждение современной философской герменевтики о том, что каждый подлинный феномен культуры живет и наращивает свою бытийственность в интерпретациях [1]. И Пушкин, и Абай – явления мирового, глобального уровня. Их имена окружены облаком интерпретаций, догадок, гипотез, философских и литературных реминисценций.

Я намерена вести разговор с позиций философии прекрасного. **Но что такое прекрасное?** Мы словно перемещаемся во времени и становимся участниками знаменитого диалога афинского мудреца Сократа с его вечными оппонентами софистами. Именно такой вопрос задал Сократ одному из самых известных софистов Гиппию Бóльшему. Не знаю, как ответите вы, но собеседник Сократа только пожал плечами: что за глупые шутки? Ведь каждый знает: Прекрасное – это девушка, мимо которой никто не может пройти равнодушно. Но Сократ возражает: я спрашиваю не о том, чтó прекрасно, т.е. не о единичных вещах, а о том, что такое прекрасное само по себе, всеобщее, благодаря которому сияют глаза девушки.

В диалогах Платона, напоминаю, определяется такое Прекрасное, вечное, непреходящее, абсолютное – это идея Прекрасного, не подверженная нападкам времени, пребывающая в мире эйдосов вместе с идеями блага, истины, справедливости. Платон утверждает тезис о сверхэмпирической, трансцендентной сущности Прекрасного, который станет путеводной звездой для последующей западной мысли. Это уже ответ на сомнения скептиков и выпады софистов, рассуждающих о непреодолимой относительности Прекрасного в зависимости от предпочтений эпохи, народа, отдельного индивида в его многоразличных настроениях и состояниях.

Да, соглашается Платон и мы вместе с ним, красота многолика и многоцветна. Эпохи и культуры создают свои идеалы красоты, сообразуясь с национальной экзистенцией, культурно-историческими контекстами, цивилизационными кодами и метафорами. Но есть нечто устойчивое, пребывающее, универсальное, объединяющее в восприятии Прекрасного – трансценденция, духовный свет, озаряющий все лики красоты в ее многоразличных проявлениях.

Традицию, заложенную Платоном, рискнул нарушить Им. Кант. Он настаивал на том, что основание эстетического суждения – только субъективно. «Чтобы определить прекрасно ли нечто, мы соотносим представление не с объектом посредством рассудка или познания, а с субъектом и его чувством удовольствия или неудовольствия посредством воображения»… [2, 203].

Но кенигсбергский мыслитель на этом суждении не останавливается. Любитель парадоксов, он различает удовольствие от приятного, от хорошего и от прекрасного. Первое всецело относительно и не претендует на всеобщность. Одному нравится фиолетовый цвет, другому он кажется неприятным. И спорить тут просто не о чем.

Второй тип удовольствия может претендовать на всеобщность, и она основана на понятийных конструктах. А вот третий тип удовольствия не может быть описан в понятийных терминах, и, тем не менее, без всяких оговорок утверждает свою универсальность. Если я утверждаю, что нечто прекрасно, то имею в виду, что оно прекрасно для всех других вне всяких сомнений.

Кант, следовательно, разгадывает сущностные характеристики прекрасного – о нем не до́лжно спорить, оно неподвластно хотениям и желаниям кого-бы то ни было. Оно – для всех и навсегда. Но на чем же основана такая универсальность? Оказывается, на **субъективной** всеобщности. На общей способности людей предаваться игре воображения и рассудка.

Гегель, оценив усилия предшественника, вернулся к платоновской модели и представил дальнейшую аналитику категории Прекрасного. Он утверждает, что прекрасное есть чувственное явление Абсолюта, совпадение идеи и реальности духовного и чувственного. Именно поэтому в Прекрасном разрешаются противоречия субъективного и объективного, всеобщего и особенного. Прекрасное – иде-

альное, которое смыкается со своей предметностью и благодаря этому единству бесконечно и свободно. «Прекрасное следует определить как чувственное явление, чувственную видимость идеи» [3, 179].

В обыденной жизни человек поглощен множеством проблем и забот, его захватывает ритм повседневности, закрывающий блеск солнца и не дающий свободно вздохнуть. Но является Прекрасное, открывается возможность неизбывного счастья, успокаиваются душевные муки, проглядывает сияние божеской Благодати. «Область прекрасного исторгнута из относительной по своему характеру сферы конечных отношений и возведена в царство идеи и ее истины» [3, 182]. Свобода, целостность, гармония, согласованность – все это дарит человеку Прекрасное, проглядывая сквозь мглу тревог и земных страданий.

С тезисом о трансцендентном характере Прекрасного вряд ли будет кто-нибудь спорить. Но я собираюсь высказать еще одно, менее известное, соображение. И снова взываю к Платону. В учении об эйдосах – идеях он отдает явное предпочтение идее Прекрасного. «Только одной красоте выпало на долю быть зримой и привлекательной» [4, 187]. Ни разум сам по себе, ни справедливость не поддаются зрению.

Но тогда не является ли именно учение о прекрасном **первой философией**? Ведь в Прекрасном трансцендентное становится видимым, сохраняя свою таинственность. Ни онтология, ни гносеология не имеют такого преимущества.

Если принять такую гипотезу, создается возможность интересного прочтения поэтической философии Пушкина и Абая. Оба они – философы прежде всего в своем восприятии Прекрасного, в творчестве Красоты. Их поэтическое слово исключительно национально и благодаря этому – абсолютно. В высоких творениях их духа светится трансценденция, и потому они принадлежат первой философии, дающей возможность лицезреть Абсолют.

Национальное есть средоточие энергии различия, сопротивления стандарту и шаблону, которые несет в себе глобальный мир. Поэтому Жак Деррида, философ различия, называет нацию философский категорией [5]. Пушкин – выразитель национальной экзистенции русского народа. Абай – являет миру цветение души ка-

захского народа. Так хочет Всевышний, потому что любит каждого из нас особенной любовью. Национальное в подобной трактовке, не имея негативных коннотаций относительного, сопряжено с абсолютным. В пространстве абсолютного, встречаются гении поэтической философии – Пушкин и Абай.

Такая позиция позволяет вступить в разговор с великими, избегая давления назойливых школьных клише. Надо читать знакомые с детства строки так, как будто это происходит впервые: ведь известно, что привычное утрачивает свое обаяние. Но Пушкина привычка не затрагивает. В его стихах о красотах природы проглядывает сияние трансцендентного.

«Унылая пора» – первая фраза обещает тоскливое продолжение. Но дальше обнаруживается что в этой как будто «унылой поре» скрывается «очей очарованы».

*«Приятна мне твоя прощальная краса –*
*Люблю я пышное природы увяданье,*
*В багрец и золото одетые леса,*
*В их сенях ветра шум и свежее дыхание,*
*И мглой волнистою покрыты небеса,*
*И редкий солнца луч, и первые морозы,*
*И отдаленные седой зимы угрозы»* [6].

Картина русской природы не статична, но взволнованно-экзистенциальна, соединяя красоту одетых в золото лесов и красоту внутреннего мира поэта. Это чудо единения происходит благодаря невидимому присутствию Трансцендентного.

В этих строках Пушкин высказывает метафизику Прекрасного. Человек может относиться к предмету теоретически, стремясь его познать, проникнуть в его сущность, установить правящие им закономерности. В этом отношении предмет свободен, а субъект такой свободы лишен, связан целями познания.

Второе отношение к предмету – практическое, когда человек стремится к его потреблению. Тогда мы свободны, а вещи – нет: мы их порабощаем, используем, заставляем себе служить.

Другое дело – прекрасный предмет. Он обнаруживает в своем существовании реализацию своего понятия. «Предметам предоставляют существовать в их свободе и бесконечности, не желают

обладать этими предметами, использовать их для удовлетворения конечных потребностей и намерений» (Гегель). Прекрасный предмет рассматривается как самоцель, самостоятельный внутри себя. Субъект «отпускает» объект на волю, и сам тоже становится свободным – от своих вожделений, пользы. Рассмотрение Прекрасного носит поэтому свободный характер. «Прекрасное бесконечно и свободно внутри самого себя» (Гегель).

Пушкин делится с нами свободным рассмотрением Прекрасного, полного дыханием Трансценденции. У него нет цели изучать осень теоретически. И нет цели практически использовать ее дары. Остается одно: любоваться и любоваться, испытывая возвышенную радость жизни.

Теодор Адорно позже, много позже, и в другом культурном пространстве, назовет такое отношение «природопрекрасным». Это означает, что дистанцирование, практическая незаинтересованность есть условие приближения к природе «В солнечный полдень, отдыхая, следить за горной грядой на горизонте или за веткой, которая бросает свою тень на отдыхающего, называется вдыхать ауру этой горы, этой ветки» [7].

И стихи Абая, посвященные временам года, пронизанные светом Прекрасного, приоткрывают лик Трансценденции, являясь видимой метафизикой.

*«Исчезает к весне дух зимы ледяной,*
*Расцветает земля, как ковер травяной.*
*Высыпая на свет, словно дети к отцу,*
*Все живое обласкано солнцем весной...*
*Словно мастер, украсил всю землю Творец,*
*Ты – его доброты бесконечный венец.*
*Словно мать, истекает любовью земля.*
*Небо нежно склонилось к тебе, как отец»* [8, 10].

Но в отличие от Пушкина, Абай вводит в картины природы социальные мотивы, безжалостно обличая людские пороки, на философском языке выразимые категорией безобразного.

*«Все цветет, кроме черных угрюмых камней,*
*Кроме сердца скупца, чем незыблем устой».*

Но безобразное не имеет онтологической основы. Оно шатко и неустойчиво, словно тень. А прекрасное – дар самого Всевышнего:

*«И величьем Творца проникаешься ты,*
*Поражен совершенством, пленен красотой»* [8, 10].

В своей сущности, утверждает Абай, и человек прекрасен, и призван искоренить в своем существований все темное и безобразное.

*«Путь жизни – тропа, что не знает конца.*
*Конец и начало ее – у Творца.*
*Тропа все петляет, так будь осторожен,*
*Пройди, не теряя пути и лица»* [8, 45].

Прекрасное Пушкин и Абай воспевают и в своих вдохновенных стихах о любви:

*«Я помню чудное мгновенье:*
*Передо мной явилась ты,*
*Как, мимолетное виденье.*
*Как гений чистой красоты.*
*...И сердце бьется в упоенье,*
*И для него воскресли вновь*
*И божество, и вдохновенье,*
*И жизнь, и слезы, и любовь»* [6].

Бессмертные строки, сквозь века проникающие в души людей. Любовь, по словам Платона, есть творчество, порождение в Прекрасном, ибо безобразие не вызывает любви. «Мойра и Илифия всякого рождения – это Красота» [4, 137].

На стихи Пушкина создано множество романсов, потому что они звучат как музыка. Самый известный из них – романс Михаила Глинки. Можно слушать его бесконечно, позабыв о горестях мира и превратностях судьбы.

В жизни Пушкина многое остается таинственным. До сих пор никто не знает имя его страстно любимой женщины и причину постигшей их любовь трагедии. Любовь и страдание, счастье и утрата – вся эта гамма чувств изливалась в поэтических признаниях:

*«С кем поделюсь я вдохновеньем?*
*Одна была... пред ней одной*
*Дышал я дивным упоеньем*
*Любви поэзии святой»* [6].

Поэзия любви есть в то же время возвышенная первая философия, связующая с Творцом.

Абай тоже воспевает чистую, возвышенную любовь:

*«Пути различны у любви и страсти.*
*Земная страсть – у похоти во власти.*
*Любимая! Прекрасней нет на свете!*
*Пусть я умру! Но ты живи и здравствуй!»* [8, 68].

В строках Абая Прекрасное обнаруживает свою сущность: быть целостностью, гармонией черт. Если глаза прекрасны, нос и рот совершенны, но все черты не соответствуют друг другу, то лицо становится скорее уродливым. Национальная красота – гармоничное сочетание, согласование всех черт милого лица.

*«Где и глаз нет черней*
*Под изломом бровей.*
*Рот – медовый цветок,*
*Зубы – снега белей.*
*Пусть насытится взор*
*Всей твоей красотой»* [8, 71].

Абай создает образ казахской красавицы, в котором утверждается абсолютная универсальность Прекрасного.

*«Глаза горят, прекрасен лик,*
*На глади щек рубинов блик,*
*А шея блеском, как ледник,*
*И лук бровей, и тонкость рук» [8, 61].*
*«В бобровой шапке, с толстою косой*
*Когда б вы знали эту чернобровку,*
*Позванивают мерно в также шагом*
*Монеты в пряди вписанные ловко»* [8, 61-62].

В красоте казахской девушки проглядывает свет Трансценденции. Ведь «Красоту, как признается Абай, дарит, сам Бог». В этих строках о любви – метафизика Прекрасного.

И самые известные, самые вдохновенные строчки:

*«Ты – очей моих свет,*
*Ты – душе моей цвет.*
*Заболел я тобой.*
*Исцеления нет»* [8, 70].

Абаю не нужны были композиторы, чтобы переложить стихи на музыку. Он сам был замечательным музыкантом и композитором. До сих пор народ любит и поет его прекрасные песни о любви.

Абай следует казахской традиции, согласно которой поэтическое Слово всегда сопровождается музыкой. Поэзия и музыка в степном мирочувствовании – родные сестры. Красота окружающей природы, просторные жаркие степи, снежные горы, хрустально звучащие реки – все полно красок, звуков, все поет и многое говорит сердцу кочевника. Поэтому и любовь вдохновляет на прекрасные, трогающие душу, мелодии. Греки не случайно называли музыку самым иррациональным искусством, и стремились дополнить ее Словом. Музыка освобождает идеальное из материальных оков, дает возможность сердцу выразиться во всей совокупности чувств и страстей.

Прекрасное есть лик Трансценденции, божеское явление в мире земном. И потому философию Прекрасного можно по праву назвать метафизикой, первой философией. Таков был мой первоначальный тезис. Поэты-философы Пушкин и Абай, выразившие индивидуальность, цвет души, национальный дух своих народов, в то же время утвердили в веках абсолютный статус Прекрасного, его трансцендентный, духовный смысл.

Прекрасное – свободно и бесконечно. В нем душа находит утешение. Оно подает надежду…

**Литература:**

1. Гадамер Г.-Г. Актуальность прекрасного. – Москва: Искусство, 1991. – 366 с.

2. Кант Им. Критика способности суждения / Соч. в шести томах. Том 5. – Москва: Мысль, 1966. – 563 с.

3. Гегель Г.В.Ф. Лекции по эстетике. Том 1. – Санкт-Петербург: Наука, 2001. – 621 с.

4. Платон. Федр. Собр. соч. в трех томах. Том 2. – М.: Мысль, 1970. – 609 с.

5. Деррида Ж. О грамматологии. – М., 2000.

6. Пушкин. Избранные сочинения в двух томах. Том первый. – М., Художественная литература, 1978. – 750 с.

7. Адорно Т. Эстетическая теория. – Москва: Республика, 2001.

8. Абай (Ибрагим) Кунанбаев. Избранное / Перевод с казахского и комментарии А. Кодара. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 224 с.

# АБАЙДЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ: САБАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕСІ

***БЕЙІСБАЕВ Саясат Ерәліұлы,***
*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының Ақпараттық қамтамасыздандыру, экономикалық талдау және мониторинг бөлімінің жетекшісі*

Абайдың рухани мұрасы өлмейді де өшпейді. Ойшыл ақынды неге бүкіл қазақ жақсы көреді? Ойшыл деп барша жұрт айтып тұрғандай, ақын сыналса да, елдің ықылас-ілтипаты артып, мейірімі төгіліп тұрады. Ақынға деген халықтың адалдығы бір сәт өзгермейді. Хакім Абай келтірген ауыр сөзді басқа қазақ айтса, жерден алып, жерге салады, сынап-мінейді, теріс көреді. Ал Абайдың аты – Абай. Себебі, Абай қазақ туралы жаны ашып айтады. Әрі күйініп, өзегі өртеніп, осы жұртым түзелсе екен деп жаны сыздап айтқаны анық көрініп тұрады. Қайран елі қазағымен шынайы тілдесе білген ақын қалай жазды, солай өмір сүрді. Ғұламаның өз ұлтына деген пейілі ақ еді, ол өз жұртына ой тастап, есейту үшін жаны қиналды. Бейнеттен көз ашпаған халқын ойландыру үшін, санасына саңылау тастап, серпілту үшін, бейқам жатқан елді селт еткізу үшін, тезге салу үшін күресті.

Өнебойы ел ішінде жүрген соң қазақтың Абай білмейтін мінезі жоқ. Қазақты көр де, Абайға қара. Ойшыл ақынның көкейін не мазалайтынына бір сәт бойлап, көңіл көзіне үңіліп, сөз саптасын байқа, жазғандарына тағы бір мәрте көз жүгірт.

Ұлы Абай өзінің «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен» деген өлеңінде:

*«Адамзат –бүгін адам, ертең топырақ,*
*Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.*
*Ертең өзің қайдасың, білемісің,*
*Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ»,* [2] дейді.

Осылайша хакім Абай терең ойлы жыры мен қара сөзі арқылы қазақ философиясының негізін қалады.

Біз Абайдың рухани мұралары арқылы қазақ кәсіби философиясының іргетасын қалаушы, терең пәлсапалық түсінік қалыптастырушы  ойшыл тұлға ретінде танимыз.

*«Махаббатпен жаратқан адамзатты,*
*Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.*
*Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп,*
*Және хақ жолы осы деп әділетті... »*

Міне осы өлең – Абайдың ойшыл болмысын, философтық табиғатын, хакімдік әлемін ашатын қорытынды-тұжырым жасаған ерекше туынды. Кешенді, жүйеленген ілім көрінісі. Таным өзгерісінің қақпасы – осы туынды.

Ал қазіргі заманның жаңа елі – білімді.  Білім  алу – ұлттық құндылық, білікпен кәсіпті меңгеру – ұлттық қасиет. Білімді жұрт білікті қасиетке ие болуы тиіс. Білім мен білік – ізденістің нәтижесі. Ізденіс, өз алдына, еңбекқорлықтың көрінісі. Демек, бейнетқор ұлт бақытты өмір сүреді. Ендеше ертелі-кеш той тойлап, ән салып, билікке ұмтылып, ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүретін жаман әдеттен арылатын кез жетті. Біздің халық басқаларды сынап-мінемей, бір сәт өзгелерге, жан-жағына қарауы тиіс. Сабақ алуы тиіс. Қазақстанда тұратын өзге диаспора өкілдері қалайша бақуатты? Солар неге биліккұмар шенеуніктер емес? Ұлы Абай айтпақшы, «ала жаздай ән салып, көгалды қуып гөлайттап,  ыршып жүріп ән салған шырылдауық шегіртке» секілді кержалқаудан аулақ болған ләзім. Біздің халық осыны мықтап ойлануы керек.

Қазіргі таңдағы біз таңдаған ұлттық құндылықтарымыз – тіл үйрену, кәсіп меңгеру, адами қасиеттерге ұмтылу, заман көшінен қалмай, ұдайы ізденіспен ілгері ұмтылу. Осыны өз заманында кемеңгер Абай «қайран елі қазағына» айтып өткен. Оның осы ойлары бүгінде өміршең екендігінде дау жоқ.

Абайда еңбек пен адамды азат етуге шақырған әлеуметтік-философиялық жүйелердің адамзаттың бағын ашуға талпынған жарқын идеялық үлгілері баршылық.

Кісіліктен асқан бақыт та, мұрат та жоқ. Кемеңгер ақын екі мәселеге назар аударды: дағдарған қазақ қоғамына жол көрсетті,

бағыт-бағдар нұсқады, сосын, ұлт мұратының қалыбын алға тартты. Ұлттық дүниетаным үлгісіне жол сілтеді. Немесе – әлемге қазақ көзімен қарағандағы дүние бейнесін қалыптастырды. Яғни, мұрат пен мұратқа баратын жолды айқындап берді. Бұл – бүгінгі біздің өміріміз.

Ғалым алған білімінің көлемімен, көп оқығандығымен ғана ардақты емес, ол өз білімін үздіксіз толықтырып, жаттығып, қисынға үңіліп, ережелерді еркін меңгеріп, шеберлігі мен өнерін шыңдай түсуге тиісті. Ойшыл-ақын Әл-Фарабидің, сол арқылы Аристотельдің логиканың мәні ғылым ретінде баяндалатын философиялық еңбектерімен жақсы таныс болды. Оның қисынды түйіндеу шеберлігін еркін меңгергендігін қара сөзбен жазылған «Ғақлиялары» айқын дәлелдейді.

Абай философиясының өзегі болып табылатын «Адам бол!» деген идеясы бар. Адам бірден бәрін біліп, өмірге бейім болып туа салмайды, өсе келе адам болып қалыптасады. Адам болу – қоғамға, отбасына, ата-анаға, солар арқылы қалыптасқан жағдайға байланысты. Екінші жағынан, адамның өзіне – оның талабына, ынтасына, жігеріне байланысты. Адам өзінің ынта-ықыласымен, бір нәрсеге бейімділігімен ілгері талпынады. Оқу да, ғылым да, өнер де – бәрі де талаппен, ынтамен, жігермен келеді. «Кісіде бар болса талап, отырмас ол бойын балап. Жүрер, әрқайдан ізденер, алар өз сүйгенін қалап», [1] дейді хакім Абай.

Адам еңбек етеді, өседі, жетіледі, бақытты болады. «Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас, еңбек қылмас, еріншек адам болмас», «Болмасын кекшіл, болсайшы көпшіл, жан аямай кәсіп қыл. Орынсыз ыржаң, болымсыз қылжаң. Бола ма дәулет, нәсіп бұл? Еңбек қылсаң ерінбей – тояды қарның тіленбей». Даналық деген осы болса керек.

Адам болудың, өсіп жетілудің тағы бір шарты – қанағат. Ежелгі грек, үнді, қытай ойшылдары құмарлықты, нәпсіні жеңуге, сөйтіп адамның өзін өзі билеуіне көп мән береді. Адамның ең қиын жауы – оның өзі, дейді үнді даналығы. Қанағат қылу Абай үшін де адамның асыл қасиеті болып табылады. Қанағатшылдық қазіргі нарық заманында да керек-ақ. Қанағат, рақым, ынсап, ұят болса, елімізде жемқорлық осылай жайылып кетер ме еді?

Өз заманының ғұламасы болған Абай көптеген орыс жазушылары мен философтарының – әсіресе, Пушкин, Лермонтов, Крыпов, Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов шығармаларын оқығаны белгілі. Орыс демократтарының озық ойы оның дүниетанымының қалыптасуына үлкен ықпал етті. Ойшыл ақын ежелгі заман философтары Сократ, Платон, Аристотель, сондай-ақ, Шығыстың ұлы ойшылы әл-Фараби мұраларымен де жақсы таныс болды; Батыс Еуропа философиясын, сондағы ойшылдардың еңбектерін оқыды. Бұл туралы М. Әуезов өзінің көп томдық шығармалар жинағында атыап өтті.

«Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі», – дейді Абай... Осының бәрі Абайдың ұлы философтарды оқығандығының, солардың ойын көңілге тоқығандығының дәлелі.

Абайдың орасан зор ақындық қуат-күші өз шығармаларында қазақ өмірінің ең маңызды әлеуметтік мәселелерін көтере білуінен, қоғамның алдыңғы қатарлы өкілдерінің ой-арманын, түбегейлі мүддесін терең ұғып, сезіне білетіндігінен айрықша айқын көрінеді.

Ойшыл ақынның «Ғылым таппай мақтанба», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», [3] секілді таңдаулы көркемдік туындыларының қайсысын алсақ та оларға идеялық арқау болатын келелі мәселелер – білімге, адал еңбекке, әділеттілікке шақыру, надандықты, артта қалу кесапатын айыптау, алауыздық пен керіс-тартысты, өкімет билігін теріс пайдалануды әшкерелеу екені бірден байқалады.

Абай ақылды, қайратты жүрекке бағындырып қояды. Абайдың даналығын, тереңдігін адам өміріндегі жүректің ерекше рөлін ашып көрсетуінен аңғаруға болады. Бұл арада біз тағы да Абаймен бірге әлемдік философия деңгейіне шыға аламыз. Абайда даналық деген атына сай келетін нағыз философия бар екендігіне тағы да куә боламыз. Абайда толық адам туралы жан-жақты ойластырылған ілім бар. Адам қалай толық, яғни кемелденген, жетілген тұлға болды? Абай оны өлеңімен қысқа ғана тұжырымдайды: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек», дейді. Келесі бір тұста: «Үш-ақ

нәрсе адамның қасиеті: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек», деп өз ойын нақтылай түседі.

«Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет», [4] – деп атап өтті Мемелекет басшысы Қ. Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында. Қорыта келе түйіндегеніміз, Қазақ философиясының мәні мен мақсатын, өзіндік нұсқасын, болашақта қалай, қай бағытта дамуы керектігін Абай шығармасы арқылы, ойшыл ақынның ілімі арқылы пайымдауға болады. Абай ілімі тым терең, тұңғиық мол мұра. Соның бәрін зерттеп, терең бойлап, тұтас қамтып шығу оңай емес.

Өйткені біз Абайды өз уақытынан озып туған, данышпан адам деп толық сеніммен айта аламыз.

**Әдебиеттер:**

1. Абай және қазіргі заман. – Алматы: Ғылым, 1994, 195 б.
2. «Абай» энциклопедиясы. «Атамұра» баспасы, 1995.
3. Әуезов, Жиырма томдық шығармалар жинағы. А.,1969, т.15.
4. Тоқаев Қ. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан, 09.01.2020.

## АБАЙ – МЫСЛИТЕЛЬ

***ӘЛЖАН Қуаныш Ұзақбайұлы,***
*ведущий научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, кандидат философских наук, ассоциированный профессор*

***Путь к цивилизации для казахского народа – это Путь Абая.***
*Мухтар Ауэзов*

Трудно найти на всей казахской земле человека, который в конце XIX вв., да и сейчас, пожалуй, мог бы соперничать с гением философской и художественной мысли, каким был великий Абай. Абай не только вершина казахской культуры, но мыслитель общечеловеческого масштаба. Вот почему весь мир в рамках программы ЮНЕСКО в этом 2020 году отмечает 175-летнюю годовщину со дня рождения казахского поэта-реформатора, основоположника новой казахской литературы и письменности, стоящего в ряду таких гигантов, как Бальзак, Гете, Байрон, Мицкевич, Пушкин.

Кто-то может сказать, что Қ. Әлжан слишком преувеличивает, ставя Абая наравне с вышеназванными великими личностями. Могу выразиться по другому, что Абай значим своим величием для казахов, как Пушкин для русских, Гете для германцев, Байрон для англичан, Мицкевич для поляков и т.д.

Мир Абая многогранен как сама личность поэта-философа, общественно-политического деятеля, композитора, переводчика, духовного наставника народа. «Произведения великого поэта не утратили актуальности и сегодня. Мысли и стихи Абая всегда могут стать духовным путеводителем для всех нас», - считает Касым-Жомарт Токаев. Эти слова Президента является важным ключевым моментом для духовного обновления казахстанского общества. Абай был и остается верным ориентиром, нравственным маяком. Глубокие мысли и откровения мыслителя должны лечь в основу наших повседневных дел.

«Письмо Татьяны», «Слово Татьяны» («Ответ Онегину»), «Зрачок моих глаз», «Горные вершины»… Абай не только перевел их на свой родной язык, но сочинил на их слова мелодию. Абай, конечно, прежде всего, известен как универсальная поэтическая личность. Его принцип «Триединства в стихах: разум, чувство, и воля, размышления о необходимости приобщения к знаниям, утверждение принципа справедливости, гуманности – все это позволяет говорить о нем как о поэте-мыслителя социального плана.

*Чувство, волю и разум сведи в одно,*
*Лишь тогда величье тебе суждено.*
*Друг без друга они цены лишены,*
*И безвольное сердце, поверь, смешно!*
*Нет ни гнева, ни радости, ни ума,*
*Ноет сердце, постыла ему тюрьма*
*Разноречье трех сочетать умей, -*
*Этой мудрости учит нас жизнь сама.*
(пер. А. Штейнберга).

Поэтический мир Абая содержит и стихи – размышления о степных правителях, об истории и государственности казахов, о доле женщины, о религии, о месте человека в мире.

«Совершенный человек (толық адам)» для Абая – это трудолюбие, честность, справедливость и талант. Идея о полноценном, самодостаточном, всесторонне развитом человека, справедливого общества, взаимоотношении людей с государством, актуальна как никогда сегодня. «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос». Прежде всего, должно быть единство самих казахов, пока они не научатся относиться друг к другу, как близкому человеку, результатов не будет.

Этот призыв Абая, мы, сегодняшние казахи, до сих пор не усвоили. Все еще продолжается нездоровая конкуренция, зависть, клевета друг на друга, чванливость, заносчивость, невежественное зазнайство и т.д., которые мешают нам стать субъектом своей истории и государственности.

Конечно, порождение таких отрицательных качеств у людей, обусловлено с сущностью капитализма (стыдливо называемой рыночной

экономикой). Но человек должен оставаться человеком при любых обстоятельствах. Вся жизнь Абая была подчинена этому постулату.

Одной из ярких черт деятельности поэта был призыв к знанию через сближение с русской и общечеловеческой культурой. «Знать русский язык – значит открыть глаза на мир. Русская наука и культура – ключ к осмыслению мира…» (25 слово). Времена меняются. В контексте сегодняшнего дня – пророческое обращение казахского мыслителя актуально звучит для представителей других этносов, проживающих на земле Абая. Наступила необходимость более активного изучения и знания государственного языка и переходе казахского языка в статус межнационального общения (К.-Ж. Токаев). В этом заключен духовно-нравственный мотив мудрости культурного человека.

Ни языковые, ни религиозные различия между народами, ни исторические дали, разделяющие народы, на протяжении веков, не признавались Абаем препятствием на пути прогрессивного роста своего народа, прежде всего, подрастающего поколения. Обличая косность и лень, поэт воспевал деятельную волю и любовь к труду, как необходимые качества разумного и жизнеспособного человека, страстно призывал молодежь учиться у всех народов, имеющих веками накопленную культуру.

*Веселья легкая вода,*
*Пустая молодость – беда.*
*Ты лучше разумом попробуй,*
*Познать, где дружба, где вражда.*

*Что славным у людей слывет.*
*Тебя не слишком пусть влечет.*
*Не торопись, мой друг, работа –*
*Она предмет твоих забот.*

*Души богатства береги,*
*Всего, что дешево – беги,*
*А скромность – истинный хозяин,*
*Он душу не введет в долги.*

(Пер. Л. Озерова).

Зримо, ощутимо, пластично выписаны картины природы в цикле стихотворений «Времена года», «Охота с беркутом» и др. Призыв к единству всего сущего, миру, согласию и любви, духовной чистоте и благородству, человека и космоса, души и вещей – главная направленность стихов (поэзии) Абая.

А как актуально звучит завещание, адресованное нам – молодым и старым, сегодняшним и завтрашним:

*Поверь, о юноше мне:*
*Бесценны знанье и ум.*
*Что чуждо их глубине –*
*Забудь, как суетный шум.*
*...Душа невежды мертва,*
*Пусты без мысли слова.*

*И сам учись, и учи.*
*Лишь знаньем жив человек,*
*Лишь знанье – светоч сердец.*
*...Да будет праведен путь,*
*Твоей души молодой!*

(Пер. М. Петровых).

Личность Абая настолько универсальна многогранна, индивидуальна, едина, что из-под его пера выходили не только поэтические произведения, но и прозаические. Например, «Книга слов».

«Книга слов» – эта философская эссеистика, где на первый план выступает мысль. Они порождены родной историей, и бытом, и легендами, и речью Степи, и в то же время в «Словах» отчетливо уловима перекличка с мыслителями разных эпох и разных народов. Поистине, как сказал бы Киплинг, «нет Востока и Запада нет». Собственно, уже самое звучание «Слов», сама их форма размыкает предмет раздумий, пронизывает его лучами, направленными со всех концов света» (Н. Анастасьев).

«Книга слов» Абая приобретает особую актуальность в наши дни когда решается судьба молодого независимого Казахстана в процессе демократизации всех сфер общественной жизни. Помогает нам осмыслить из того, что происходит с нами сегодня.

«Книга слов» продиктована Абаю его любовью – прежде всего любовью к родной земле и ее людям, заботой об их жизни и судьбе, об их настоящем и о неведомом еще, но тревожном и неизвестном завтрашнем дне.

Голос Абая и сегодня встревоженно зовет, будит и предостерегает потомков. Он предвидел, что распад духовных и нравственных устоев, приведет к еще неведомым миру катаклизмам. Сегодня к угрозам экологической, ядерной катастроф, добавилась химико-биологическая – коронавирус, распространившееся по всей нашей планете Земля.

Абая в эти дни по-новому открывают для себя поэты, писатели, политики, бизнесмены-олигархи – в общем, все те, для которых небезразлична культура Великой Степи, как у нас в стране, так и за рубежом.

А Мухтар Ауэзов скажет следующее: «Природа Абая, голос Абая, дыхание Абая – это дыхание времени, голос самого народа. Сегодня голос поэта сливается с нашими голосами, крепнет и набирает новую мощь».

И именно сейчас каждому из нас необходимо понять феномен Абая, пропустить его мир сквозь себя и проверить национальное самосознание и духовную самостоятельность не только каждого из нас, но и всего нашего народа. Ибо творчество Абая служат для полноты национального духа, для сплочения казахского (казахстанского) народа в сегодняшней непростой момент его развития.

«Его творческое наследие является твердой идеологией единства и ценно не только для казахского народа» (Н.А. Назарбаев).

Елбасы, посетив духовную столицу г. Туркестан сказал: «Біздің өз жолымыз бар, ол Иасауи жолы».

Добавим, что у нас есть еще более реальный путь – это путь Аль-Фараби и Абая (несмотря на разрыв поколений в более чем тысячелетие созвучие их идей поразительна), как в Китае – путь Конфуция, М. Ганди и Д. Неру в Индии и т.д.

Во всех ипостасях своих дарований – поэзии, философии, истории, музыке – Абай был на высочайшем уровне. Он – олицетворение национального духа, и тем самым он человек вселенской культуры. Миру еще предстоит открыть для себя Абая, вторую

по величине фигуру казахской культурной ойкумены после аль-Фараби. Для меня лично – Абай как мыслитель неисчерпаемо бесконечен. Он – наше всё и навсегда.

В заключении своей статьи «Абай и Казахстан в XXI веке» Глава государства обращается к казахстанцам со следующими словами: «Мы планируем войти в первую тридцатку. И мы достигнем этого. Наследие Абая также может помочь нам в достижении этой цели. Следующий вопрос – можем ли мы понять помощь Абая. Наследие Абая – это священная ценность, которая открывает путь к единству и развитию нашего народа. Мечта Абая – мечта народа. Наследие Абая доводит новый Казахстан в XXI веке до таких высот».

P.S. Перефразируя С.Е. Лец можно сказать, что об Абае написано немало, но не все еще продумано.

1. Абай велик не только как поэт, переводчик, музыкант, философ, общественно-политический деятель, он также занимает видное место в истории мировой культуры и философии как выдающийся *мыслитель*, так как в его произведениях отражены процессы общечеловеческих социальных противоречий.

Необходимо осуществить «переоценку ценностей» национальной философии истории. Полагаем в этой связи целесообразным пересмотреть значение, так называемого «казахского Просвещения».

На наш взгляд, эпоха Просвещения в Казахстане, возникает с деятельностью алашординцев, а если быть еще точнее настоящее Просветительство начинается с приобретением Независимости, в эпоху демократических преобразований. Эти вопросы в будущем требуют отдельного рассмотрения и обоснования в контексте определения истинного места Абая как мыслителя в истории духовной жизни казахского народа.

Исходя из сегодняшнего тренда развития и более глубокого осмысления творчества Абая, стало понятным, что он не вмещается (не вписывается) в понятие «просветитель» (до сих пор по инерции представляют его таковым), так как он является личностью планетарного масштаба.

Просветительство было чисто идеологическим и политическим понятием, изучение и представления Чокана, Абая, Ибрая и

других выдающихся деятелей, как просветителей не соответствовало истине.

Не случайно, К.-Ж. Токаев в свое статье «Абай и Казахстан в XXI веке», больше говорит об Абае, как о *Мыслителе*, тем самым поднимая творчество великого поэта на мировой уровень. В этом контексте высказывание К.-Ж. Токаева о том, что идея создания интеллектуальной нации берет начало с Абая, на современном этапе социального развития Казахстана является правомерным и представляет особенный интерес.

2. У Бахтина есть гениальная мысль: Достоевский «мыслил целыми мировоззрениями». То же самое как человек универсальный, целостный (толық адам) Абай – мыслил не только целыми мировоззрениями, но и целыми мироощущениями и миропониманиями. Он понимал, что человек микрокосмос, т.е. человек внутренне духовно вмещает весь мир. Поэтому Абай способен выразить в своем творчестве разнообразные проявления мира и общества.

Его размышления наполнены мыслями, перекликающиеся с философией и религиозными учениями многих философов и мыслителями мира, вбирающее в себя разнородные направления и течения. Ибо диалектические законы (физические, химико-биологические, социальные) жизни и мира (природы) везде одинаковы. Эти всеобщие законы обусловливают (определяют) деятельность и сознание людей, живущих, как единый народ на нашей планете.

Абай и есть та универсальная личность, который реализует в своем творчестве всеобщие законы, укорененные в бытии.

Вот почему, говоря о его мировоззрении, называли его то теистом, деистом, атеистом, суфистом, экзистенциалистом и т.д.

Поэтому не стоит жестко критиковать авторов, освещаюших, по своему разумению, ту или иную грань Его творчества, ибо Абай, как отмечали, обладает универсальным образом мышления т.е. многогранен, синкретичен, многослоен. Это означает, что в нем один пласт наслаивается на другой, не поглощая его, а сосуществуя с ним. И каждый пласт имеет самостоятельное значение (А. Кодар). И в этом отношении Абая нельзя уложить в прокрустово ложе привычных понятий.

Сегодня другие времена. И мы можем, не таясь и не оглядываясь на общепринятые системы, заглянуть и различные сокровенные уголки абаевского мироощущения.

В то же время, при всем его общепризнанном величии, нельзя канонизировать Абая. Как он сам говорил – я «человек – загадка». Он становится понятным с годами. У каждого времени, у каждого поколения свой Абай!

Поэтому, исходя из вышесказанного, взгляды Абая подводить к определенной строгой жесткой системе, или привязывать каким-то философским и иным направлениям некорректно, так как, как у Чехова, Толстого, того же Достоевского, у Абая было не линейное мышление постижение действительности.

Вот почему, он близок всем народам планеты, ибо его творчество отражает в той или иной мере мировоззренческие постулаты, исходящие из жизнедеятельности этих людей.

3. Есть еще один момент, требущее продумывания. Это о названии философско-прозаических эссе Абая. Известно, что они называются по-разному. Самое распространенное – Слова «назидания» или «поучения». Этим названием Абая подводили под просветительство, как обыкновенного пропагандиста знаний. Выше мы отмечали, что это не так. Абай – мыслитель, а определение его как просветителя была искусственно сконструирована исследователями под давлением идеологии тоталитарного режима.

Вообще понятие простветительство настолько широкое и размытое (расплывчатое), что его можно приписать кому угодно – начиная с великих тюркских каганов и кончая Н. Назарбаевым.

Но, возвращаясь к названию его интеллектуально-философских этюдов, как слова «назидания» или «поучения», зададимся вопросом, кого он мог поучать? Почитайте его Слово первое. Не находя отклика в народе, понимая тщетность своих усилий, Абай пишет: «Наконец решил: бумага и чернила станут отныне моим утешением, буду записывать свои мысли. Если кто найдет в них нужное для себя слово, пусть перепишет или запомнит. Окажутся не нужными мои слова людям – останутся при мне. На этом я остановился и нет у меня иного занятия, чем письмо» (Слово первое).

Поэтому, его философские эссе нельзя назвать «Словами назидания», название должно быть более глубоким и онтологичным. Я поддерживаю, название удивительной книге проз данное, известным писателем, мыслителем современности Р. Сейсенбаевым, а именно «Книга слов», как «Книга букв», «Большая книга о музыке» аль-Фараби.

«Это именно книга – в том высоком и единственном, священном и одухотворенном значении, которое издревле – на Востоке и на Западе – придавалось письменной речи. Это именно Книга – сплав мысли и чувства, перекличка разума с сердцем, средоточие житейско-практического, историко-социального, философско-религиозного, морально-психологического опыта большой и нелегкой жизни великого человека – поэта, пророка, мыслителя, воспитателя народа.

Это Книга Слов – именно Слов, истинно живых и единственно необходимых, полных силы и смысла, наделенных дыханием времени и пространства, будничных и вечных, тех, о которых Николай Гумилев говорил в своем знаменитом стихотворении: «осиянно только слово средь земных тревог» (М. Курганцев).

Красиво, убедительно. Лучше не скажешь в защиту названия «Книга слов». Хотелось бы еще добавить, что каждое Слово Абая при экспликации стоило бы - целой книги, т.е. сорок пять книг (томов). Это еще один довод в пользу названия «Книга слов».

Читая Абая, по-настоящему знакомясь с его творчеством, понимаешь, что в его текстах (строках) таится еще много неразгаданной мудрости, потаенности, которую нам еще предстоить постичь.

# АБАЙ О СУЩНОСТИ ЗНАНИЯ

***САҒИҚЫЗЫ Аяжан,***
*главный научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения КН МОНРК, доктор философских наук, профессор*

Абай Кунанбаев, выдающийся мыслитель казахского народа, освоил идеи устного творчества казахского народа, классического наследия культуры Востока, России и Европы, сумел переработать их в духе требований своего времени. Все свои знания и весь свой талант он отдал делу борьбы с невежеством народа, с его экономической и духовной отсталостью, против нищеты бедняков и несправедливости богатых слоев казахского общества, против социального и национального угнетения.

Абай был крупным по масштабам своего времени мыслителем, философом. И многие свои философские идеи он облекал в поэтическую форму. Это и создает сложности при попытке их понять. Поэтому их истолковывали самым разным образом. Например, утверждали, что Абай – деист, рационалист, непоследовательный материалист и т.д. Для каждого из таких определений можно найти подтверждение в творчестве Абая, но ни одно из них не является исчерпывающим. Дело в том, что все эти попытки исходят из применения схем, пригодных для западных философских учений, но совсем неприменимых к самобытной казахской философии. К тому же философии, по большей части изложенной поэтическими средствами.

Ядром философии Абая были нравственно-этические вопросы. Они были решены не безотносительно к решению общих философских проблем, прежде всего проблем сущности мира и человека.

Абай рассматривал человека как продукт творческой деятельности бога, его мудрости и любви к человеку. Поэтому, согласно ему, человеческая нравственность определяется не природой, а верой. Аллах, говорит Абай, «создал образ человеческий отличным от форм червей, птиц, прочей живности, наделил человека лучшим

сложением, поставил на ноги, высоко расположил голову, чтобы он мог обозревать окружающий мир; чтобы он не пригибался, не брал пищу, как животные, дал ему две руки, которые служат голове; чтобы он мог наслаждаться ароматами, дал ему нос; чтобы он мог видеть употребляемую пищу, дал ему глаза; чтобы защитить их от опасностей, дал ему веки; ресницы даны, чтобы уберечь веки от трения; брови – чтоб отвести от глаз стекающий со лба пот; язык для того, чтобы люди могли общаться, понимать друг друга и трудиться сообща. Разве это не свидетельство любви к человеку? Если кто-то любит тебя, разве ты не обязан ответить ему тем же?» [1, с. 219].

По мнению Абая, жажда знаний, просвещения, науки является нравственным качеством человека. Только в душу просвещенного человека вселяется свет чисто искренней и истинной веры в бога (иман). Такая вера не запятнана религиозным лицемерием, обманом и ханжеством.

Абай вопрошал: «…Что нам предпринять, чтобы стать просвещённым народом?» [2, с. 142] При этом он писал: «Просвещение не должно быть самоцелью» [2, с. 88]. Он с болью в сердце констатирует бедственное положение казахского народа. Народ с каждым годом становится всё невежественнее и безнравственнее. И этому способствуют богатые феодалы и татарские муллы[1], а ещё бии, которые утратили дедовские традиции. Многие из них не помнят то, что было завещано Есим-ханом, Касым-ханом, Тауке. А если кто и помнит, то придерживается их как неких догм. «А ведь, – пишет Абай, – ещё нужно знать, что в их законах и правилах устарело, не отвечает духу времени, мешает новой жизни» [2, с. 14]. Народу нужны мудрые бии, но таковых трудно найти. Абай пишет: «Казахи полагают, что единство – это общность имени, пищи, одежды, достояния. Но если так, то какая польза от богатства и какой вред от бедности? Какое же это единство? Нет, возможно единство разума, но не достояния» [2, с.с. 20, 21]. Абай говорит о своей миссии: «Путь, который я предлагаю, исключает любовь к богатству» [2, с. 68].

[1] «Теперешние муллы, – пишет Абай, – не терпят учёных. Это выдаёт невежество священнослужителей, склонность их к низменным вещам» [2, с. 124].

У человека есть два рода потребностей: один составляют сугубо материальные потребности, другой – это желание знать, тяга к знаниям. «Человек, – пишет Абай, – утверждается на земле, постигая тайны явлений природы или делая определённые умозаключения. Это отличает его от животного, выдаёт его душу, говорит о выделении разума и воли» [2, с. 23]. Всё это присуще ребёнку, но с возрастом люди утрачивают его. Они не забывают о материальных потребностях, но забывают о запросах духовных. Они стремятся лишь к богатству и к власти. Но тогда они ненамного лучше животных. Народ невежественен. Богачи не желают обогащаться знаниями, они заняты своим скотом. Накопив богатство, они и не думают приобретать знания. А ведь «без науки нет жизни ни на том, ни на этом свете» [2, с. 31]. Беднякам, еле сводящим концы с концами, не до знаний. Отсюда и признание Абая: «Странно отношусь я к своему народу. Не пойму, питаю к нему неприязнь или люблю?» [2, с. 27].

Абай – человек глубоко верующий, но он – не фанатик веры. Настоящий человек, согласно ему, должен быть верующим и богобоязненным. Но это – лишь одно из достоинств. Согласно Абаю, «мало быть богобоязненным, и хорошо, если бы люди всегда помнили два необходимых условия: первое – это убеждённость в могуществе веры, второе – стремление к познанию её смысла. Абай даже полагает, что религия возникла вследствие недостаточности разума и знания: «религия возникла там, где когда-то остановился разум!» [2, с. 80] «Разум и вера, – пишет Абай, – двигают им, ибо истина от земли, и он идёт к ней разумом, а правда от аллаха, и он принимает её на веру» [2, с. 107]. В то же время он отдаёт приоритет вере: «Для того, чтобы знания и искусство принесли пользу народу, они должны быть подчинены вере, ибо вера требует от людей благодеяния» [2, с. 128]. Человек постигает силой своего духа и волей. Человека раздирают страсти и одному разуму с ними не справиться. «Разум, – отмечает Абай – должен объединиться с волей, и тогда можно обуздать страсти» [2, с. 152]. Человек овладевает науками и знаниями тогда, когда всем своим существом стремится к истине и правде, пытается понять самую суть явлений. Науки, отмечает Абай, открывают себя только тому, кто искренне жаждет

знаний. А тот, кто обращается к наукам с корыстными намерениями с тем, чтобы накопить богатство или добиться высокого положения в обществе, просто не заслуживает того, чтобы называться человеком[1]. А постигать науки можно всю свою жизнь: ведь «всякая наука беспредельна…» [2, с. 150].

Абай пишет: «Если кто-либо уверовал, что он познал смысл религии и жизни, и перестал учиться, то пусть знает – благочестие его ненастоящее» [2, с. 35 – 36]. В «Слове семнадцатом» Абай приводит притчу о том, как Сила, разум и Сердце поспорили о том, кто из них нужнее человеку. Не придя ни к какому заключению, они обратились к Науке. Наука разъяснила, что все они по-своему необходимы человеку. И в заключение сказала: «Соединитесь же вместе, и… пусть вами руководит Сердце! Если это произойдёт, и вы соединитесь в одном человеке, то он станет праведником. Если же вы не сможете объединиться, то я отдам предпочтение Сердцу – царю человеческой жизни» [2, с. 48]. Нет нужды говорить о том, что имеется в виду *духовное* сердце, а не определённый анатомический орган.

Во времена Абая мировая наука подавляющим большинством человечества воспринималась как двигатель прогресса, как не подлежащее критике достояние культуры. Никто не догадывался, что она в виде потенции содержит в себе отрицательные моменты. Но Абай это видел. Он уже тогда предупреждал, что «у науки есть свои сильные и слабые стороны. О них тоже должен знать человек, тогда ему будет ясно, как развивать науку и извлекать из неё предельную пользу для блага народа» [2, с. 152]. Кто не испытывает жажды знаний, отмечает Абай, тот никогда не постигнет науку. Он должен стремиться к ней. «Но, – предупреждает Абай, – одного стремления тут мало. Даже сам процесс приобретения знаний должен быть подчинён определённой системе. В противном случае поиски и весь огромный труд человека, затраченный на овладение наукой, могут оказаться напрасными» [2, с. 87 – 88].

Казахские просветители много внимания уделяли воспитанию и образованию подрастающего поколения. Абай сетовал на то, что

[1] «Наука, – пишет Абай, – постигается не для того, чтобы с её помощью нажить богатство. Наоборот, богатство должно служить развитию науки» [2, с. 128].

с этим в Степи обстоит неблагополучно. Родители неохотно отдают детей на учёбу. Но если их и отдают, то в нынешних условиях в большинстве своём они остаются недоучками и даже просто невеждами. Но это необходимо преодолеть. Абай надеется, что если образованием будет охвачено большое число казахов, то со временем образованные люди заменят нынешних их невежественных родителей, и в Степи наступит благоденствие. Абай пишет: «Обучать детей хорошо, но, чтобы они служили своему народу, надо их учить родному языку» [2, с. 65]. Но этого мало. «Нужно овладеть русским языком. У русского народа разум и богатство, развитая наука и высокая культура. Изучение русского языка, учёба в русских школах, овладение русской наукой помогут нам перенять все лучшие качества этого народа, ибо он раньше других разгадал тайны природы, и избежать его пороков. Знать русский язык – значит раскрыть глаза на мир» [2, с. 66]. Так он пишет потому, что на то время русская культура была ближайшей культурой, в которой имела место сравнительно развитая наука. Он настаивал: «Русская наука и культура – ключ к осмыслению мира, и, приобретя его, можно намного облегчить жизнь нашего народа» [2, с. 67]. Абай считал, что образование – это удел не только мужского населения, но и женского. «Девушек, – писал он, – тоже следует приобщить к учёбе, пусть они изучают хотя бы религиозные науки, если невозможно заняться другими» [2, с. 142]. То есть он ратовал за полное образование – как религиозное, так и светское, но если уж со вторым возникают сложности, то необходимо сохранить хотя бы второе.

**Литература:**

1. *Абай.* Книга слов. Алма-Ата: Ел, 1993.
2. Абай (Ибрагим Кунанбаев). Слова назидания. Алма-Ата, 1983.

# АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ЖҮРЕК ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ

***ОШАҚБАЕВА Жазира Бейбітқызы,***
*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының кандидаты*

«Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма?» деп Абай айтқандай, тіршіліктің көзі жүрек болып саналады. Жүрек – иманның мекені, адамгершіліктің тұрағы, махаббаттың баламасы, Алланың нұры. Исламда иманның тұрақтайтын мекені жүрек, тірі жанның болмысы. Шығыстың философ ғалымы Әбу Мұхаммед әл-Ғазали «Жүрек – адам денесінің барлық мүшелерімен байланысты және мемлекет әміршісі сияқты оларға билік жүргізеді» дейді. Жүрек – иманның көрінісі, иманды адамның жүрегі нұрланып тұрады. Адамның игі қасиеті жүректен шығады, жақсылыққа қуанады, жамандықтан жиренеді.

Абай философиясында жүрек – философиялық ұғым ретінде айрықша ерекшеленіп, дараланып көрінеді. Жүрек – жиынтық ұғым: адамның сезім дүниесін, ақылы мен парасаты қызметін, білімі мен ғылымы деңгейін анықтап, тарихқа айналған еңбек нәтижелерін сұрыптап, жүйелі ойлау (логикалақ ойлау) үстіндегі, мәтіндегі ойлау мәдениеті қызметін бақылайтын, ұйымдастыратын, қадағалайтын тарихи үдеріс. Жүрек қарапайымнан күрделіге бет алған адамның іс-тәжірибесін, ақиқат жолын, ойлау мәдениетін қамтитын күрделі диалектикалық үдеріс. Абай түсінігінде, біздің пайымдауымызша, жүрек қан айналымын қамтамасыз ететін не табиғи, не биологиялық үдеріс деп саналмайды, қайта айрықша дараланып, зерттелетін философиялық қағида сапасында танылады. Абай сана, ойлау «жүрек отымен» байланысты дейді. Жүректе оты жоқ, Адамда ми болмас, – десе, тағы бірде Абай: Жүректің көзі ашылса, Хақтықтың түсер сәулесі... Жүректе айна жоқ болса, Сөз болмайды өңгесі, – деп, ми қызметін жүрек отына, яғни қайратына, ақылына байланыстырып отыр. Жүрек оты іс-қимыл, тәжірибе орнына жүретін сияқты.

Абай шығармаларында жүрек ұғымы оның дүниетанымдық түсінігінен, адам болмысы туралы, оның түпкілікті мәні жайындағы философиялық-танымдық, моральдық-эстетикалық пайымдарынан айқын көрініс табады.

Адам қалай толық, жетілген тұлға болады? Абайдың жауабы қысқа, қысқа болса да нұсқа: *«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек»,* – дейді. «*Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек»*, – деп тағы қосады. Адамның басқа қасиеттері осыдан шығады. «*Адамзатқа не керек? Сүймек, сезбек, күйінбек. Харекет қылмақ, жүгірмек, Ақылмен ойлап сөйлемек»,* – деп Абай ақыл, қайрат, жүректің қалай іске асатынын көрсетеді.

Батыс философиясында ақыл туралы көп айтылады. Қайратқа, дүниені өзгертуге көп мән беріліп, практикалық ақылды алға тартады. Бірақ классикалық философияда жүрек туралы сөз болмайды. Тек Блез Паскаль таным құралдарының қатарына ақыл-парасатпен бірге жүректі қосады. «Біз ақиқатты ақыл арқылы ғана емес, жүрек арқылы да тани аламыз», – деп жазады. Абайдың даналығын, тереңдігін адам өміріндегі жүректің ерекше рөлін ашып көрсетуінен аңғаруға болады. Абай ақылды, қайратты жүрекке бағындырады. Адам өмірінде бәрі жүректің әмірімен, қалауымен болады дейді. Құдайды қалайтын – жүрек. Адамды адамға жақындататын – жүрек. Махаббат та, достық та – жүректің қалауы. Он жетінші сөзінде «Әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық» – бәрі де жүректен шығады деп жазады.

Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес», – дейді [1, 289 б.]. Әл-Фарабидің «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» жөніндегі осы философиялық тұжырымы Абайдың «Он жетінші сөзінде» өзінің логикалық жалғасын тапқан сияқты. Абайдың осы сөзінде «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» үшеуі әрқайсысы өзін мықты санап, айтысып, таласып, ақыры «ғылымға» келіп жүгінеді. Сонда «ғылым» бұл үшеуіңнің де айтқандарың рас, үшеуің де қажетсің: «Ей,

Қайрат, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаталдығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман», – депті. Бұдан кейін «ғылым» өз шешімін «Ақылға» айтыпты: «Жаратқан тәңіріні де сен танытасың. Жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның-екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің дегенін тауып беріп жүресің, соның жаман»,-депті. Бұдан кейін Абай осы үш категория жайында түйін жасап, Әл-Фарабидің жоғарыда айтылған пікірін өз оқырманының ұғымына лайықтап жеткізеді. Абай «Осы үшеуің басынды қос, бәрін де «Жүрекке» билет, – деп ұқтырып айтушының аты «ғылым» екен. – Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табыссаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен «Жүректі» жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы», – депті деген қорытындыға келеді. Әл-Фарабидің «қайрат», «ақыл» және «жүрек» жайындағы философиялық ой-пікірлерін Абай өзінің «Әсемпаз болма әрнеге» атты өлеңінде де әрі ойшыл-кемеңгер, әрі аса дарынды сөз зергері ретінде оқырманға зор шеберлікпен жеткізген. Абай ақыл мен қайраттың иесі болған адамды «жарты адам» дейді. Өйткені ондай адам тек «суық ақыл» мен «жүгенсіз қайраттың» ғана өкілі болып табылады. Ал бойына осы екі қасиетпен қоса-қабат әділет-шапқат (жүрек) біткен адам ғана «толық адам» [2,137 б.], яғни ол енді «нұрлы ақылдың» өкілі деп танылады.

Абай махаббаттың мәнін «жүрек» ұғымы арқылы ашып көрсетті. Махаббат философиясының және жүрек философиясының тілі мен шығу тегі бір, адамда бұл сезім әуелден-ақ сақталған. Оның өмірі махаббатты іздеуден және оны табудан тұрады. Абай өзінің «қара сөздерінде» жүрек, махаббат туралы көбірек айтады, «жүрек», «намыс», «рух», «ерлік» «ар-ұят» туралы философиялық пайымдауларын терең герменевтикалық талдаумен кеңейтеді. Ол махаббаттың мәнін анықтай отырып, тек сол ғана адамның өмірін толықтырады деген қорытынды жасайды. Адам өз махаббатын басқаға силай отырып, өзінің жанын біреу-

ге қия отырып, өзі оны жоғалтпайды, керісінше, өз болмысының мәнін жауапкершіліктен, қуаныштан, құрбандықтан табады. Абай сезімдік махаббатты кемсітпейді, оны рухани махаббаттың жоғарғы сатыларының бірі деп есептейді. Абай бізді жүректің тілімен сөйлеуге шақырады. Шәкәрім болса, махаббатты ақиқаттың, руханилықтың жарығымен байланыстырады. Оның пікірінше, адам өз махаббатын жоғалтса, онда ол өзінің адамдық мәнінің тереңдігінен де айрылады.

Махаббат ұғымы – қазақ дүниетанымының өзекті де күрделі мәселесі. Махаббат деген адамның өмір сүруінің бірден - бір тәсілі, оның еркіндігінің көрінісі. «Махаббат пен құштарлық ол екі жол» деп Абай айтқандай, махаббат адамдардың қоғамдағы отаншылдық, халық сүйгіштік, ұлтжандық, патриоттық, адамгершілік, имандық қатынастарын айқындайтын халыққа тән философиялық ұғым. Махаббатқа әркімнің қолы жете бермейді, ол алланың нұры жауғандарға ғана болмақ. Махаббаты жоқ адам әлемді де, өзін де тани алмайды, оның өмірге деген рухани құштарлығы да жоқ.

*Өлсем орным – қара жер сыз болмай ма?*
*Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?*
*Махаббат ғадауатпен майдандасқан,*
*Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?* – деп жазады Абай [2, 168 б]. Мұндағы Махаббат – ғаламдық көлемдегі сүйіспеншілікті бейнелесе, Ғадауат сол махаббатқа қарама-қарсы – жек көру, мейірімсіздік, қаскүнемдік, дұшпандық деген ұғымдарды бейнелейді. Абайдың талқысына түсетін Нәпсі сөзінің мағынасы тіпті жан-жақты: адамның ішкі жан дүниесі, құштарлығы, құлқы-пейілі болып таралып кетеді. Махаббат. Ғадауат. Нәпсі. Саналы адамның өмірі осындай үш тағанға тіреліп тұратын болса керек. Абайдың айтуынша, Алла тағала әуелде адам баласын махаббатпен жаратқан. Махаббат – адам өмірінің тұғыры мен тіреуіші. Махаббат – өзіңді ғана емес, ең алдымен өзгені сүю, қарапайым тілмен айтсақ, жақсы көру, ұнату. Жаны ашу, мейірбандық, жақсылық істеу, қамқорлық көрсету осыдан шығады. Көкірегін махаббат жайлаған адам – қашанда қайырымдылықпен, әділдікпен, адалдықпен ауылдас отыруға тырысады. Ондай адамның кейде сырты байсал, суықтау көрінуі мүмкін, бірақ іші – нәзік, сезімтал,

сергек келеді. Ойынан бұрын сезімі бас көтеретін де кездері бар. «Мұның арты қалай болар екен» деп ойы тартпақтай бастаса, сезімі ілгері қарай сүйрелейді. Сөйтіп, бұлдыр ойды мөлдір сезім тазалап жуып тұрады. Махаббат – сүю болса, Ғадауат – жек көру. Бұл екеуі тіршілікте қатарласып өмір сүреді. Тіпті жұмыр басты тірі адамның тұла бойында осы екеуінің айқасы тынбай жүріп, әрқашан ит жығысқа түсіп жататыны да белгілі. Абай жазғандай, түптің түбінде әлсіз жүректерді мұзға айналдыратын – сол майдандасу. Өйткені, біз ет-жүректен жаралған пенде болғасын, нені жек көру керек екенін үнемі анық ажырата білмейміз. Жек көру сезімінің де ар жағында әділеттілік жату керектігін ескермейміз. Әдетте жек көрген адам бәрін ұмытып кетеді. Осыдан барып асқына бастаған жек көрушілік мейірімсіздікке, қаталдыққа, қаскүнемдікке ұласады. Мұндай жағдайда Махаббат жеңіліп, Ғадауат жеңіске жетеді. Қалайда дүниеде әділеттілік бар, әділеттің біржола үні өшіп, жоғалып кетпеуін жоғарыдан қадағалап отырған ғаламдық абсолюттік ақиқат бар. Жанды, жансыз тіршілікте есепсіз, себепсіз, салдарсыз ештеңе жоқ. Бүгіндері жазықсыз зәбір-жапа шеккендердің түбінде бір қуанатыны анық Адам баласы жақсы үмітпен өмір сүріп келеді. Ал сол жақсы үміттің иесі де – Ғадауат емес, Махаббат.

Ғадауат та, нәпсі құмарлық та – адамның ішінде, жүрегінде, жанында жатыр. Құдай адамға ерік-жігер, еркіндікті де аямай берген, ал таңдау – өзімізден, бірақ сол таңдау оңай шаруа емес. Қиынның қиыны сол. Өйткені, адамды қоршаған айнала өмір «қызықтарға» тұнып тұр. Байлық, дәулет, мансап, атақ, билік – оның ең бастылары ғана. Бұлар әрі оңайлықпен қолға түспейді. Соларды қолға түсіру үшін жұмыр басты пенде қай жолды таңдайды? Әрине, мұратына тезірек жеткізетін төте жолды іздей бастайды. Әділет жолы тым ұзақ. Бірақ ізгілікті басшылыққа алып, бақ-дәулеттің жолына жармасу үшін сабыр, тағат, берік шыдам, ұзақ өмір керек болады.

Дүниедегі бар жақсылық махаббатпен жасалады, махаббатпен нұрланады. Ең арғысы сәулетті үй салып, бітік егін өсірсеңіз, жер қойнауын қопарып кеніш көзін ашсаңыз, кітап жазып, ою-өрнек тоқысаңыз да қаншама ой қуатын, жан мейірімін жұмсайсыз. Өйткені, шын сүйіспендіктен туған дүние ғана құнды, сұлу

болмақ. Ғаламдық биіктен қарасақ та, махаббаттың орны орасан екені көрінеді.

*Махаббатпен жаратқан адамзатты,*
*Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.*
*Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,*
*Және хақ жолы осы деп – әділетті.*

*Адамзатты сүю, әділетті сүю* – бұдан асқан асыл мұрат болушы ма еді? Өйткені, Абайша: «Ғадаләт барша ізгіліктің анасы дүр. Ынсап, ұят бұл ғадаләттан шығады» (Отыз сегізінші сөзден) [3,144 б.]. «Адамшылықтың алды махаббат, ғаделет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ... Бұл ғаделет, махаббат сезімі кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол ғақил» (Қырық бесінші сөзден) [3,164 б.]. Демек, күллі адамгершілік қасиеттер, ізгілік, ар-ұят, қанағат-ынсап – махаббат анадан туады екен. Абай саналы адамзат өмірінде жиі ұшырасатын жамандықтарды махаббатпен емдеуге болады деп сенген. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы. Дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны» (Отыз сегізінші сөзден) [3,152 б.]. «Жер бетіндегі адамдарды біріктіруші күш ретінде қызмет атқаратын рухани құндылық – махаббат деп аталады. Адамдар бір-бірінің тілін түсінбесе де, дінін, саяси жүйесін қабылдамаса да өзара жақындастырушы, біріктіруші күштің әрқайсымыздың ішімізде екенін сезеді. Сол махаббатты әрбір субъект Адам-Әлем қатынасының өзегі етіп алса, онда көптеген мәселелер өзінің жоғарғы деңгейінде шешімін табар еді, тұлға үнемі дамуға, жетілуге мүмкіндіктер алады» [4, 51 б].

Ақын: *Жүрегімнің түбіне терең бойла,*
*Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.*
*Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім*
*Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма!* – [2].

деп, келешек ұрпаққа әрі өсиет, әрі үлкен сенім, әрі зор салмақ тастайды. Абай атамыз өзі айтқандай «жұмбақ адамды» түсіну

үшін оның ең алдымен жүрегіне үңілу керек екендігін, бар сырды жүректен іздеу керек екендігін, ең бастысы не нәрсенің барлығын да жүректен қарау керектігін айтып өткен. «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас» өлеңінде қызық та, қызу қандылық та бір ғана жүректе дейді. Теңізде не болмайды, асыл маржан да, інжу тас та, меруерт те – бәрі сонда. Жүректе жасық, жаман нәрсенің болуы мүмкін емес. Өйткені ол асылдың асылы, қасиеттінің қасиеттісі. Жалыны оттай жайнаған достық та, амал-айласы бұқпантайлап жасырынған қастық та бір ғана жүректің әмірімен болмақ. Жүрек – адам мүшесінің патшасы, ол – шындық сүйетін әділ патша. Сондықтан жүрекке шын берілген көңіл, шынайы достық, айнымас махаббат, нәзік сезім, сүттей ұйыған ауыз бірлік, ағайын арасының балдай татулығы қажет [5, 260 б.].

Жүрек қағидасына Абай тың ұғымдарды: «батыр», «ерлік», «тіл», «әділетті ақыл» қағидаларын шоғырландырады. Жүрек шектіліктің де, шексіздіктің де тұрағы. Абай философияда «тілін ұстартып», білім мен ғылым шырағын жақпаққа бет алғанын танытады. Жылдар өтіп, ой тереңіне батқан сайын философ ақын Абайдың философиялық ойлау жүйесі «үшкіл» түгастығы болып қалыптасып, жүйе сипатына ұмтылыс жасайды.

Жүрексіз адам – тексіз, жұртсыз, елсіз адам. Тексіз, елсіз адам сатқын адам, ұлттығын, ұлтжандылығын бақырға сататын адам. Сатқын адамның тәні болғанымен жүрегі мен жаны жоқ адам. Абай айтқандай «ақылсыз», «мисыз», «шаруасыз» адам. «Жүрегімнің түбіне терең бойла» деп, Абай жүрек философиясы сырын ашуға ынталандырады, саналы ұмтылыс жасауға шақырады. Қорыта келгенде жүрек философиясын паналайтын тұжырымдар, пікірлер, ойлар құрылымы қалыптасқанын көреміз.

**Әдебиеттер:**

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 446 б.
2. Абай. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1976. – 240 б.
3. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы / Аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: Жазушы, Т.2. 1986. – 200 б.
4. Иасауи Қожа Ахмет. Хикметтер. Аударған Ә.Жәмішұлы. – Алматы: Өнер, 1995. – 208 б.
5. Абай: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.

# АБАЙДЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ӘЛЕМІ

***ҚОҢЫРБАЕВА Күлсия Мағражқызы,***
*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының кандидаты*

Абайдың этикалық көзқарастары ойшыл шығармашылығы арнасының өзегі арқылы көмкеріліп, мораль, этика, адамгершілік мәселері жайлы ойлары оның поэтикалық, философиялық пайымдауларының орталық ұстыны болды. Абайдың этикалық ілімдері қазақ философиясының кемелденген кезеңімен айшықталады. Одан қазақ халқының әлемді философиялық тұрғыда пайымдап, түсінуінің мәнін анықтап, ашып көрсетуге болады. Абай пайымдауында, адамгершілік өзінің мәңгіліктігімен айқындалады. Адам бар жерде адамгершілік мәселесі де қоса жүреді.

Абайдың рухани ізденістерінің орталық өзегінде адамның шығармашылық қабілетін оятатын және әлем мен адамның түбегейлі жаңаруына, оны моральдық тұрғыдан кемелдендіруге, оны басқа мәдени әлемдермен байланыстыруға шақыратын жаңа құндылықтар мен бағдарларды іздеу жатыр. Ж.М. Әбділдин: «Абайдың шығармашылығы біздің дәстүрлі мәдениетіміздегіден мүлдем өзгеше жаңалыққа ие. Ол жаңа ойлау мен дүниетанымды негіздеді, ол тыңнан этикалық және эстетикалық құндылықтарды дамытты, қазақтарға өмір сүрудің, болмыстың және жаңа идеалдардың жаңаша қағидаттарға ие болу қажеттілігін дәлелдеді ... Оның шығармаларындағы сынының объектілері – ең алдымен қазақтар, қазақ қоғамы, бұл жағдай ерекше және айырықша нысан болып табылғанымен, ол осы арқылы жалпы адамзаттық мәселелерді, адамзаттың көкейкесті толғанысын, жақсылық пен сұлулық идеяларын көтереді» , – деп жазды [1].

Абайдың негізгі жалпыадамзаттық құндылықтарға – ақиқатқа, әдемілікке және ізгілікке деген қызығушылығы ол үшін адамның бәрінен жоғары тұратынын көрсетеді. Абай үшін адам барлық философиялық толғаныстардың мәні мен шегі болған, өйткені ол

адамды әлемнің орталығы, жаратылыстың шыңы, қоғамның негізі мен өзегі деп санаған. Абай оны жаңартудың жолдарын іздеді, оған жақсылық жасауға тырысты, адамгершілікті жетілдіруге шақырды, ол адамның рухани мүмкіндігінің шексіз күшіне сенеді. Қазақ ойшылының негізгі этикалық қағидасы – «Адам бол!» идеясы оның философиялық ой-толғаныстарының бағдарына айналды.

Абайдың гуманистік үндеуінің этикалық мәні – адамның өмірдегі маңызды рөлі мен мақсатын ардақтау. Ақиқатты іздеуші Дала индивиді ақиқатты іздеу жолында жүрген субъектіге ғана емес, таным үрдісі ықпал ететін объектіге және моральдық әрекеттерді іске асыратын этикалық субъектіге айналады [2, 468 б.] Оның түсінігінде адам ақыл мен адамгершіліктің, еңбекқорлық пен білімнің, достық пен махаббаттың бейнесі болуы керек.

Абайдың пікірінше, адам Құдайдың жазасынан қорқатындықтан емес, өзінің іс-әрекеті үшін өз ар-ожданының, ақыл-парасатының және адамдардың алдында жауапкершілігі үшін ізгілікті болуы керек. Абай үшін шынайы ізгі адам – бұл сауап күтпестен, риясыз жақсылық істейтін адам, өзінің жасаған қайырымдылығы үшін рақаттану, әлде қайғы-қасірет күтіп тұрса да жақсылыққа ұмтылатын адам деп сенді. Пайдалы әрекеттер – бұл қоғамға, адамдарға пайдалы және ортақ мүддеге сәйкес келетін істер.

Абай адам үшін ең үлкен бақыт – халықтың қайғы-қасіретін жеңілдету.. Ол адамның ең жоғарғы мақсаты адамдарға барынша пайда әкелу екенін көре білді. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың», – деп тұжырымдады қазақ философы [3, 75 б.]

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында эмоциялық интеллект деп аталатын мәселеге ерекше назар аударылған, өйткені XIX ғасырда Абай өзінің туындыларында өзін-өзі тәртіпке келтіру мәселесін ұдайы қозғап жазған болатын. Адамды қалыптастыруда қоршаған ортасы мен тәрбиенің рөліне зор мән берген көрнекті қазақ ойшылы өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін тәртіпке келтірумен

үнемі шұғылдану қажеттілігі жайындағы ойды ерекше атап көрсетеді. Адам өзіне сырт көзбен қарауды үйренуі керек, өзін-өзі бақылауды, өзіне өзі есеп беруді, өзін-өзі бағалау қажеттілігін естен шығармағаны жөн. «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың? [3, 36 б.]  Абай адамды тәндәк құрылысымен табиғаттың туындысы ретінде қарастырған жоқ, ол адамды Құдайдың шығармашылық іс-ірекетінің туындысы деп түсіндіреді. Адам өз тағдырын өзі жасап, өзі шешетіндігіне сенді.

М.С. Орынбеков моральдық қағидалардың қоғам өмірінде аса зор рөл атқаратындығына тоқтала келе, қазақ моралін адамгершіліктің дәстүрлі формасына жатқызады. Қазақтар тарихында мұндай дәстүрлі формалар стихиялық бейсаналы түрде құрылып, белгілі моральдық құндылықтардың ритуалдандырылуы нәтижесінде туындайды. Адам өмірі тұлғалық байланыстар, өзара қатынастар, қойылған мақсатқа жету жолындағы адамдардың коллективті топтасуы, ұйымдасулары мен байланыстары пайда болатын қоғамдық әрекет болып табылады. Адамгершілік әрекет бұл қырынан алғанда кең мағынадағы қоғамдық әрекет болып шығады. Моральдық қатынастарды адам ойлап таппайды, олар адамдардың объективті реалды қатынастары ретінде болмыстың рухани құрылымында болады. Мұның қазақтар үшін мәні зор... Қазақ мәдениетінде адамаралық қатынастардың фундаменталды сипатқа ие болғаны соншалықты, бүкіл өндіріс жүйесін солар қалыптастырады [2, 437 б.] Қазақтардағы осындай адами биік адамгершілікті қарым-қатынастардың бір кездері орнап, заман көшінің шаңына оранып қалып кеткендігін Абай өзінің отыз тоғызыншы сөзінде: Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайлығы, тазалығы төмен болған, бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп

тастап келеміз, әлгі екі мінезін біржола жоғалтып алдық. Осы күнгілер өзге мінезге осы өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай, сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік, мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, сайтандыққа тартып барады, жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді. Ол екі мінезі қайсы десең – әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. ...Екіншісі намысқор келеді екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға, өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен.... Кәнеки, ені осы екі мінез қайда? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айрылдық. Ендігілердің достығы – бейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық [3, 106 б.]. Абай заманына дейінгі қазақ қоғамындағы адамаралық қатынастардың өнегелі үлгісін алға тартады. Ел ішіндегі бірлік, татулық, бірегейлікті орнықтырудың тәсіліне айналған қағидалар мен нормалардың үйлесімділігін ашып көрсетеді. Адамгершілік мақсатқа жету дегеніміз, абыройлы әрекеттер арқылы адамшылық тұрғыдан жетілу болып табылады. Бір кездері осындай биік этикалық құндылықтарды өмірінің мәні еткен халқының мінез-құлқындағы теріс пиғылдарға қарай ауып бара жатқанын данышпан Абай ар, намыс, бірегейлік, ынтымақтың азайып бара жатқандығы деп білген. Бұл жерде ең бастысы адамгершілікті сана күшті жүйелеуші тетік болып отыр. Көшпелі жұрттың басқарушы жүйесі мен жеке адамдардың тәртібі арасындағы осы үйлесімді жарастықты орнатты. Елдік мұратты асқақтату, әділетті қоғам орнату жолындағы Абай арманы қазіргі қазақстандық қоғамның бағдарына айналып отыр. Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты тұжырымдамасы болашақтан Абай күткен әділетті қоғам құру идеясымен үндесіп, жалғасын табуда. Ең бастысы арасы алшақтап кеткен билік пен халық арасындағы сындарлы сұхбат арқылы, «ақылдаса пішкен тон келте болмайды» деген халық нақылына сәйкес мемлекеттің дамыған елдер қатарына қосылуының Абайша айтқанда өзге жұртпен теңесу.

Ұлы Далада билік тізгіні кісілік, тұлғалық қасиеті бар адамдардың қолдарында болды. Ал еркіндігінен айрылып, басыбайлы күйге түскен шақтан бастап ел тізгінін ұстаған билеушілерден бұл өлшемдер сырғи берді. Орыс әкімшілігінің басқару жүйесі дәстүрлі қоғам билігінің ерекшеліктерін жойып, қайшылықтар тудырды. Елге болыстық басқаруды енгізу барысындағы қазақ ішіндегі бүліншілікті, адам мінезіндегі жаман қарай өзгерістерді «Болыс болдым мінеки», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген туындыларында нақты айшықтайды. Адамдар пара беру, жағайымпаз, құлқынын арандату сияқты кесірлі әдеттер мен қылықтарға үйір бола бастайды. Бұрынғы ағайынгершілік, бауырмалдық сезімдері сөніп, туыстар арассы алшақтай түскендігін білдіреді. Белең алып отырған осы құбылыстар жағдайында Абай халықты бірлікке, ымыраласуға шақырыды. «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген Абай өсиеті тек қана қазаққа емес, жалпы адамзатқа қарата айтылған ғақлият.

Абайдың этикалық ілімі іс-жүзінде адамның дұрыс өмір сүруінің қағидаттары ғана емес, оның іске асыруға талпынған даналық мұраты. Ойшыл білімді болумен қатар адамгершілікті болуға үндейді. Ол өзінің ғақлияттарында орыстың ғылыми өнерін үйрену керектігін, бірақ ғылым мен білімді баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы да бір-бірін, өз қазағын аңдысам екен деген ниетте екендігін ашып көрсетеді. Адамдар іштарлығын, қызғаншақтығын, дүниеқаңыздығын т.б. кесірлі пейлден құтылмай, тек қана ғылым үйренгенен рухани жағы жұтаңдайтынын сұңғыла ойшыл қарапайым мысалдармен көрсете алған. Ғылымды игеру қажет, сол игерілген білімді адамзат игілігіне жаратуды алдыңғы орынға шығарады. Сонда ғана қоғамдық прогресс алға жылжиды.

Абай дүниетанымына, дүниетүсінігіне қайта оралу, бүгінгі өмір талабымен астасып жатыр. Жаһандану заманында қазақтың ұлы ойшылының рухани мұрасын жаңа көзқарас тұрғысынан зерделеу халқымыздың ой-санасының оянуына және ұлттың сапа жағынан түлеуіне қосар үлесі зор екені сөзсіз. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ...

Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек», – деген бір ғасырдан бұрын айтылған сөзі қазіргі қазақтар үшін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың қара сөздерінің мән-мағынасы қазіргі өмір шындығын, ондағы түйткілді мәселелерге арналған. Адам бойындағы әлсіздік салдарынан туындап отырған кемшіліктермен күресудің жолдары көрсетілген философиялық ой-тұжырымдарға толы еңбектен алар ғибрат шексіз. Сондықтан әрбір ұрпақтың Абай көрсеткен жолға қайта-қайта оралуы заңды құбылыс. Ойшыл шығармашылығын қайта зерделеу бүгінгі таңдағы өзекті болып отырған рухани жаңғырудың кілті деп білеміз.

Ұлттық болмысты жаңғыртуда Абай байқаған адам бойындағы керітартпа мерездер сақталып отырғаны шындық. Қандастарының замана көшінен қалмай шымырланып, жаңғырып, түлеуі үшін, ұлттық намысын оятып қайрау арқылы ішкі жан-дүниесін өзгертуді ұсынды. Өзіндік ұлттық «Менді» оятуға тапыныстар жасағаны байқалады. Абай сыншылдығы оның зор қайраткерлігімен ұласып жатыр. Оның шығармашылдық мақсаты, өмірлік  ұстанымы ұлтты рухани жетілдіру идеясы болды. Ол сыншыл көзбен барлай, бақылай, тани білген қоғамдық дертттің емін де ойлап тапты, оны халқына ұсына да білді. «Ғақлияттарында» орыс, ноғай, сарттардың қазақтардан артық болу себебін, олардың шаруақор, еңбекқор болғандығанан деп көрсетеді. Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, саудаға салынса, қолы тиер ме еді? Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының майын сұрап мініп, тамақ асрап, болмаса сөз аңдып, қулық сұмдықпен адам аздырмақ үшін, яки аздырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмысссыз қаңғырып жүруге құмар. Абай түсінгінде еңбек ету, пайдалы іспей айналысу жалқау, сұрамшақ, өсекші, күндес, қызғаншақ адамдарды азайтып, адамдар арасында шынайы сыйластық орантуға жол салады.

Ал енді өз жұртының азып-тозуын адам бойындағы мерездерден арылудан бастауды жөн көрді. Қазақтардың билікке құмар болатынын қазақ қоғамының әлеуметтік сыншысы дәл аңғарған болатын. Өз заманындағы ел ішінде сайлау өткізудегі әбігершілік,

болыстыққа талас, партия құру науқанын өз өлеңдерінде, қара сөздерінде әжуалап көрсетеді. «Болыс болдым мінеки, бар малымды шығындап» деген жолдардан қазақтар арасында бұрын болмаған пара беру сияқты жаман әдеттердің қалыптасып отырғандығына қынжылады. Абайдың билікке талас кезінде аға інісімен, әке баласымен қарсы болатын, руластар арасында іріткі туып ел ішін бүлдіретіндігі жайлы ойлары телеарналардан арнайы бағдарламалар болып таралса деген пікірдеміз. Біздің замандастарымыз бойынан да көрініс беріп отырған жаман мінездің жойылуына әсері болары сөзсіз. Билікке ие болғандардың пара бермейтіні, пара алмайтыны қалмай сыбайлас жемқорлық тәрізді теріс үдеріс қалыптасып отыр. Халқымыздың қасиетті құндылықтарын қайтару арқылы мемлекетті басқарудың тиімді жолын табуға септігін тигізері даусыз. Абай қара сөздері жас ұрпақты кесірлі мінездерден арылуға үндері сөзсіз.

**Әдебиеттер:**

1. Абдильдин Ж.М. Собр.соч. в пяти томах. Том V. Алматы: Өнер, 2001, с. 353.

2. Орынбеков М.С. Моральды руханият ретінде түсіну. Философиялық антропология. Мәдениет философиясы. Дін философиясы. Жиырма томдық. 19-том. Астана: Аударма, 2006. – 536 б.

3. Абай. Қара сөздер. Алматы: Жазушы, 1970, 75 б.

# АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫ РУХАНИЛЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

***АЙМҰРАТОВ Сағынгерей Болатқалиұлы***
*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты*

Ұлы даланың ұлы перзенті Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы туған халқына баға жетпес рухани қазына сыйлаған адам. Абай шығармашылығында қуатты ойын даналықпен өрнектеп, қазақ философиясын поэзиямен тілімен көркемдеді. Құдайға сенімнің, жүрек культінің және адам болмысының генезисін ашып берген данагөй ойшыл. Өмір, махаббат, өлім, әділет сияқты рухани әлемнің түбегейлі ұғымдарына ғарыштық мағына берді. Кез келген құбылыс терең зерттеліп, ғылыми тұрғыда жан-жақты зерделенбеген жағдайда аталған феномендерді түсіну, түсіндіру қарапайым оқырманға қиын соғатыны анық. Абай мұрасының ұлылығы, әрине, оның ішкі ғажап сыры мен терең философиялық мәнінде жатыр.

Өткен ХХ ғасыр әлеуметі куә болғандай, Абай айтқан даналық өсиеттер, оның өлеңдері мен жырлары, поэзиялары мен қара сөздері қазақ халқына қалтқысыз қызмет етті. Оның еңбектері руханиятымызда тозбайтын, тозғанның орнынына түлей беретін киелі қазына екеніне көзіміз жетті. Хакім Абай күллі адамзатқа ортақ жантану, кемел адам, үш сүю сияқты өлмес ілімдер қалдырды. Оның идеяларын толықтай әлем мойындайтын, дүниежүзі халқының назар аударатын алтын дәуір, сөз жоқ әлі алда деп ойлаймыз. Алыс-жақын шет елдерде қазірдің өзінде қазақ данасының кемеңгерлігі мойындалып, көптеген ескерткіштер орнатылып, көше аттары да беріле бастады. Барлығынан маңызды Абай дәріптеген рухани құндылықтар барлық елдерге бірте-бірте таралуда. Демек, қазақ халқының рухани мәдениетінің асыл үлгісі болып саналатын Абай дүниетанымы көзі ашық азаматтар үшін руханилықтың қайнар көзіне айналуда.

Қазіргі жаңа заман өзінің технология мен ақпараттар әлеміне бет бұруымен қазақтың тұрмыс-тіршілігіне де, қоғамдық сана-сезіміне де түбегейлі өзгерістер әкелді. Бүгінгі таңдағы діни сенім де, идеал да, таным да, көзқарас та трансформациялану үстінде, яки бәрі де басқа. Демек, бүгінгі күннің шындығы – адами қатынастардың барынша формалдануында, тұтынушы қоғамның ықпалында қалуында, адам әлеуметтік сұраныстар әлеміне тәуелділіке бой алдырып, өз жүрегінен, руханилық кеңістігінен алыстап кетіп барады. Сондықтан да рухани жаңғыруымыз, тұлғалық кемелденуіміз үшін үшін ұлы ұстаздың этикалық іліміне арқа тіремесек болмайды. Себебі, «келер ұрпақ онсыз бізді тани алар ма екен, рухани сабақтастық жалғасар ма екен?» деген сұрақтар да бізді мазалау керек.

Ұлы Абай өзінің рухани әлемін халқына арнағанын білеміз. Біріншіден, өзінің рухани деңгейін көтермеген ұлтқа да, жеке-леген азаматқа да болашақ жоқ, Ол кері кету мен құлдыраудың құрсауында қалады. Екіншіден, кешегі бодандық дәуір мен бүгінгі тәуелсіздік кезеңінің арасы жер мен көктей алшақ болғандықтан Қазақ елі өзінің өркениетті елдер қатарына қосылуға ниетін белсенді түрде жүзеге асыруы керек. Абайдың «Қара сөздерінде» сынға ұшыраған халқымыздың этникалық санасы мен болмысы қазір де ол нысаннан алшақтап кеткен жоқ. Кемшілігіміз жеткілікті. Бірақ ұлттық сана-сезім таяздамауы тиіс, рухани байлық әрқашан-да ортаймағаны абзал. Оны көбейтетін де, жетілдіретін де замана-уи азаматтарымыз екені анық.

Абай Құнанбаев өзінің философиялық шығармашылығында терең ойларды түйіндей келіп, төмендегідей маңызды мәселеге тоқталады:

*«Малда бар жан мен тән*
*Ақыл, сезім болмаса.*
*Тіршіліктің несі сән,*
*Тереңге бет қоймаса»,* [1] – деп тіршіліктегі руханилықтың маңызды орнын айқындайды.

Туған тілінен, мәдениетінен жеріген, алыстаған ұлттың да, жеке адамның болашағы да бұлдыр. Кемел Абай: «Қайран

тіл, қайран сөз, наданға қадірсіз болды» [1] деп осы рухани қараңғылықтан сақтандырған болатын. Ой алыбы Абайды тану мен танысу ісінде екі деңгей бар: біріншісі – қазақ әдебиетін негіздеген классик, екіншісі – жалпы адамзатқа ортақ ойшыл. Танымдық деңгейдің биігіне көшетін, яғни әдебиеттің көркем образдар сипаттамаларынан философияның терең ұғымдарына сатылайтын уақыт жетті.

Абайдың қай шығармалары да терең философиялық ой-аңсарларға толы. Ол материалдық дүние мен идеалдық дүние арақатынасы шешілетін адам проблемасын барынша өткір түрде алға тарта білген. Онымен қоса шайыр, философ өзінің шығармаларында адамгершілік қасиеттерді талдай келе, адам баласын иман тұрғысынан жетілуінің адам парықтарын қозғайды. Абайдың қаламынан философия бойынша өзінің даналық философиясынан басқа философиялық толғаныстар мен төлтума философиялық идеялардан да тұратын. «Ғақылия» немесе «Қара сөздер» [1] – атты еңбек туды.

Жүсіпбек Аймауытұлы 1917 жылы «Абай» журналында жарияланған «Журнал туралы» – атты мақаласында Абайдың дарынына алғашқылардың бірі болып баға бере келіп, былай деп көрсетті: «Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда Абай қазақтан шыққан нағыз философ данышпан» – деп жазған болатын.

Әрине, Абай туралы қалам тартқан авторлардың барлығы, оның қазақ халқы үшін ренесанстық тұлға екендігі, Абайтанудың – өз халқымызды, тарихымызды мәдениетімізді тану және оларды әлемге таныту, сол Абай үлгісімен халқымыздың бүіл рухани байлығын терең игерудің қажеттілігін мойындайды.

Әсіресе, белгілі қазақстандық философ Ғарифолла Есім «Абай туралы философиялық трактатында» Абайды «ренесанстық тұлға деп мәлімдеді. Әрине Абай шығармашылығының аса маңызды қырларының оның бірі философиялық толғаныстары мен көзқарастары. Ұлы Абайдың қиын-қыстау соғыс жылдарында, яғни 1945 жылдың өзінде 100 жылдығының тойлануы ойшылдың қазақ және адамзат әдебиетінде қаншалықты орны зор екенін көрсетеді.

Сол кездегі «Абай азат ойшыл» – атты мақала жазып, «Данышпан Абай» тақырыбына мерекелік баяндама жасаған Ақжан Машановты атап өтуге болар еді. Ол өзінің «Әл-Фараби және Абай» – атты еңбегінде «Абай шығармасы әдебиетке сыймайды, оның ойшыл философ екені мәлім» – деген тұжырымға келеді. Әрине мұндай атақты философтың пікіріне қосылмасқа да болмайды.

Халқымыздың тарихында даналықтың нағыз шығыстық көрінісін Абайдың дүниетанымынан, шығармашылығынан тұтастанған тереңдеген сипатта көре аламыз. Әсіресе оның жастарға өнегелі жолды сілтейтін, кез келген пендені рухани жетілу жолына шақыратын идеялық маңызы бар шығармасы.

«Ғылым таппай мақтанба» – атты еңбегінен көреміз.

*«Ғылым таппай мақтанба,*
*Орын таппай баптанба,*
*Құмарланып шаттанба,*
*Ойнап босқа күлуге.*
*Бес нәрседен қашық бол,*
*Бес нәрсеге асық бол,*
*Адам болам десеңіз.*
*Тілеуің, өмірің алдыңда,*
*Оған қайғы жесеңіз.*
*Өсек, өтірік, мақтаншақ,*
*Еріншек, бекер мал шашпақ –*
*Бес дұшпаның, білсеңіз.*
*Талап, еңбек, терең ой,*
*Қанағат, рақым, ойлап қой –*
*Бес асыл сөз көңсеңіз»* [1].

Осы бір еңбегінде Абай жас ұрпаққа адамның жақсы мен жаман қасиеттерін аса шеберлікпен, әдемілеп жіктеп береді. Көңсеңіз осы бір даналықтың жолы дегендей тұжырым жасайды. Әрине, адамның қандай жолды таңдаудағы еркі өзінің жеке басының құзырында. Бірақ сол көп жолдардың ішінде адамның өзіне рухани пайдасын тигізетінін көбіне ғұламалар тереңірек аңғарады.

Абайдың осы бір өлеңінде айтылған сөздер оның жетінші қара сөзінде де жалғасын тапқандай: «Жас бала анадан туғанда

екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйқтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Демек, біреуі – білсем екен демелік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр - жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай – керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» [1] деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген. Ал, екіншісінде «Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық?» [1]. Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде, хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп те таласпайды екен.

Абайдың ұлы еңбегі «Ғақылия» немесе «Қара сөздерінде» жан, ой, дін, ыңсап, ләззат, түйсік, ақыл, ғылым, құмарлық, еңбек, талап, ар, намыс, махаббат, қайрат және тағы басқа да көптеген философиялық және этикалық категорияларды ашады, философиялық әдіспен талдайды, сондықтан да бұл еңбегін философиялық трактатқа жатқызамыз.

Бұдан Абай әлемінің шексіз екендігін, оны меңгеру тек қана бір ұрпақтың ғана ісі емес екендігін мойындаймыз. Әртүрлі көзқарастар таласынан Абай шығармашылығының нақты мазмұны өзгеріп, маңызы жоғалмайды. Бірақ әрбір зерттеуші ғалым өзінің таным субъетісі ретінде Абайға жақындауға, оны өзіне жақындатуға құқылы.

Абайда қарастырылатын күрделі адам проблемасы үлкен ауқымда, яғни қоғамды, руханилық, құндылық, этикалық, эстетикалық жақтар да қаралады. Ал, бұл мәселелердің қайсысыда бірбірімен тығыз байланысты екендігі күмәнсіз.

Абай адам табиғатын этикалық тұрғыдан қарай отырып, оның тұтас алғандағы кісілік қалпын, ұжданды, «сегіз қырлы,

бір сырлы», сырбаз адам, яғни кемеліне жеткен «толық адам» кейпінде алға тартады. «Адам деген даңқым бар» – дейді Абай. Сол арқылы ол неден қашық, неге асық болуға керектігін үндейді, жақсылық пен жамандықтың, надандық пен имансыз адамның шынайы мәнін ашады.

Абайдың философиялық бағдарламасы «Ғақылиянның» бірінші қара сөзінде берілген. «Ғақылияны» философиялық трактаттар деп қарауға негіз бар. Себебі, қысқаша философиялық трактаттар ежелгі дүниеде пайда болып қазіргі кезге дейін рухани және мәдени өмір кеңістігінде орын алып келеді. Мысалы, ежелгі Үнді біздің заманымызға дейінгі екінші ғасырдан бастап біздің заманымыздың жетінші ғасыр аралығында әртүрлі мәселелер бойынша қысқаша философиялық трактаттар – сутралар орын алған. Сутралар әрі қарай дамытуды, толықтыруды, әртүрлі қосымшалар беруді талап ететін жүйелер болды.

Абай «Ғақылиясының» бірінші қара сөзінде «Жаза берейін ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын. Кімде кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе өз сөзім өзімдікі» – деп қорытындылайды.

Данышпан ақыннан философиялық айдармен басылған шығарманы күтудің қажеті жоқ. Бірақ оның поэзиямен қатар проза жанрын пайдалануының өзі философиялық толғаныстар диапазонының кеңдігін, қарама-қарсы жақтарды бірлікте ұстай алатын терең ой иесі екендігін дәлелдейді.

Абай таным субъектісі ретінде белсенді қарекетшіл, іс-қимыл қозғалыстың адамы «,,,алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілдікті көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік, қажыдық, жалықтық, қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрін қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтып, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай қайранмын» – деп қорытады.

Абай жақсыға да, жаманға да қайран қалады. Бұл Аристотельдің философиялық бастауы болған таңдаулы, Декарттың күдіктенуі сияқты Абай дүниетанымындағы бастапқы философиялық принцип. Басқа ақындармен салыстырғанда Абай

шығармашылығында сезімдіктен рационалдыққа өрлеу басым. Өзінің көңіл күйін, ішкі толғаныстарын, сырын, жанын мазалаған ойларын, поэзия тілімен өрнектелген логикалық тұжырымдарын көпшілікке жеткізуге ұмтылады.

Абай табиғат құбылыстарына, оның заңдарына, шексіздігіне, ұлылығына және сұлулығына таңқалған болса, қоғам мен адам даму динамикасына қайран қалады. Себебі, бұл соңғылардың аса күрделі жүйелер екендігіне байланысты. Автордың пікірінше, таңқалу және қайран қалу ұғымдары қарама-қарсы жүйелердің ішкі мәнін ашуға бағытталған. Таң қалу Абайды өнерге, поэзияға жетелеген болса, қайран қалу оны жетілген таным субъектісі ретінде философиялық толғаныстарға итермеледі. Осы сатылардан өту арқылы таным процесінің аса маңызды деңгейі рационалистік ойға дейін көтеріледі.

Абайдың еңбектерінде болашаққа деген сенім мен оптимизм сезімі бар. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген тұжырымы жастардың белсенді өмірге, білімге, ғылымға, рухани даму жолына шыға алатынына кәміл сенімін көрсетеді. Өзі бұрын дүниені сезімдік, қарапайым пайымдау деңгейінде бейнелеумен шектелген болса, енді ақылға бетбұрыс жасадым деген сияқты. Яғни, «біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке сермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз» – деп жетілдіре түседі. Бұл – надандықтан сақтандырып, көкірекке білім, ғылым нұрын түсіруге шақыру.

Кешегі кеңестік дәуірде «Абайды трагедиялық тұлға деп таныдық. Бірақ біз оны қазіргі таңда басқаша айтамыз: «Абай нағыз бақытты адам, өйткені ол бүкіл ұлтының сана-сезімін соны денгейге дейін көтерген – Тәңірінің ұлы миссиясын орындаған ренесенстық тұлға» деген пікір орынды айтылады. Еліміздің мемлекетінің басшысы Қ.К. Тоқаев өзінің Абай шығармашылығына арнаған мақаласында оның көзқарастарының қазіргі заман үшін маңыздылығы артпаса, кемімейтіндігін айтып өткен [2].

Энциклопедист ойшыл, әлемдік деңгейдегі философ Әбу Насыр Әл-Фараби: «Тәңірінді тану – ең жоғарғы ғылым, одан биік

ештеңе де жоқ» деп қорытса, Шығыстың дүлдүлі Ибн Араби: «Данышпандық мөрі» – атты әйгілі шығармасында «Кәміл адам жүрегінің тиянағы – Жаратушысын танып білу» – дейді. Атақты Руми: «Бақытты өз жүрегінен табатын адамды әулие дейміз» – десе, имам әл-Ғазали осы ойды: «Адамның бақыты Құдайды танып, оған махаббат қылудан», – деп тиянақтай түседі.

Міне, Абай жүрегі де түп бір Алламен қауышуды тілеген, өлімнің көзіне тура қарап, қорықпаған. Хакім өлімді жеңерінде білген: «Өлді деуге сия ма, айтындаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», [1] – дейтіні сондықтан болар.

Қорытындылай келгенде, Абайдың философиялық дүниетанымының диалектикалық жолы, ыстық қайраттан нұрлы ақылға және одан жылы жүрекке қарай жол. Мұны қазіргі ұрпақ дұрыс түсініп, шынайы қабылдап, басшылыққа алуға және мойындауға тиісті деп қабылдауымыз керек. Зияткерлік мәдениетті дамытудың қайнар көзі руханилықтың үлгілерін барынша насихаттау, оның әлеуметтегі қызмет атқару әлеуетін көтеру. Сонда ғана қоғамымызда рухани түлеудің механизмі өзінің қызметін мүлтіксіз атқара алады.

**Әдебиеттер:**

1. Құнанбаев А. Қара сөздер. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. – 154 б.
2. Тоқаев Қ.К. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан. 2020. 9 қаңтар.

# АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ДИАЛЕКТИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР

***ИЗОТОВ Мухтар Зиядаевич,***
*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы, профессор;*

***ЖАНАБАЕВА Динара Мұхтарқызы,***
*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының аға ғылыми қызметкері, PhD*

Диалектика – әлемнің дамуының теориялық негіздерін анықтайды және болмыс пен бүкіл әлем дамуының жалпы байланыстары туралы ілім. Онда даму процесі зерттеледі, дамудың философиялық теориясы. Сонымен қатар, ол – әлемді біртұтас және қарқынды бүтіндік деп қабылдайтын ойлау тәсілі. Диалектика мәнісін түсіну үшін, оның даму тарихын антика философтарынан бастап, Маркс пен Энгельске дейінгі кезеңдерін қарастыру қажет. Тарихы софистер мен Сократтан басталған бұл мәселені қарама- қарсы пікірлерді қарастыра отырып ақиқатқа жетуді, яғни айтыса білуді, дәлелді, дәйекті сөз жүйесімен қарсыласты жеңуді диалектика деп ұғынды. Диалектиканың екінші тарихи формасы неміс класикалық философиясында идеалистік негізде қалыптасты. Мысалы, сол неміс класикалық философиясының өкілдерінің бірі, Гегель дүниеде бардың дамуының қайнар көзі абсолюттік идея деп білді. Абсолюттік идея үнемі өзіндік қозғалыста болады, ол дамуының әр кезінде табиғат, адам болмысы түрінде нақты көрініс табады. Маркс пен Энгельс Гегельдік диалектиканың «мәнді дәнін», – даму идеясын ғана сақтап қала отырып, нақты, шынайы материалдық және рухани дүниенің біртұтас даму диалектикасын қалыптастырды. Диалектиканың ең жалпы заңдары объективті дүниеге де, рухани салаға, адам ақыл – ойы мен санасына да ортақ, тұрақты әрі мәнді байланыстарды қамтиды.

Диалектика мәселесінің қазақ философиясындағы көрінісіне тоқтайтын болсақ, қазақ халқының маңдайына біткен ал-

тын жұлдызы іспетті жеке дара, алып әрі қайталанбас кемеңгер тұлға Абай шығармашылығындағы диалектикалық мәселелерге тоқталу жөн секілді. Абай шығармашылығындағы диалектикалық мәселелерді қазіргі таңда зерттеп, зерделеу ерекше қажеттіліктерді тудырып, оның философиялық ақыл-ой кеңістігіне үңілудің маңызды жолы ретінде танылып отыр. Осы мақсатта Абай еңбектеріндегі, атап айтсақ қара сөздері мен философиялық негіздегі өлеңдерінде қаншалықты дәрежеде қарама-қайшылық ойдан теориялық ойлау әдісі мен логикалық ойлау формасы дүниеге келетініне талдау жасау, Абай философиясының диалектикалық ерекшелігіне жетелейді. Оның шығармашылығындағы диалектиканы жетік түсіну үшін ең алдымен сол дәуірдегі қоғамдық қайшылықтарды, әлеуметтік күйзелістерді дұрыс бағалай білу керек. Өйткені, тарихтағы даналықтың кез-келген формасы, сол тарихи дәуірдің, заман талабының айнасы болып табылады. Философия тарихындағы диалектиканың даму ерекшеліктерінің өзі бұл ойдың айқын дәлелі бола алады. Сонау замандардағы антика философтары Гераклит, Демокрит, Сократ, Платон мен Аристотельдің даналығы өз кезеңінің бұлжымас керекті, алдыңғы қатарлы ой санасы болатын.

Абайдың философиясын қарастырғанда, оның өзіндік ерекшелігін атап өту керек. Абай диалектикасы, белгілі бір дәрежеде қоғамдық санаға, әлеуметтік болмысқа негізделген диалектика. Сонымен қатар, Абай өзінің жан мен тән туралы түсінігінде диалектикалық танымды арқау етеді, сол арқылы адамның рухани әлемін, идеалды кеңістігін түсіндіреді. Сонымен, халқымыздың алып бейнесі бола білген Абайдың шығармашылығын диалектика тұрғысынан талдау жасайық.

Философия тарихында, диалектиканың бастауында тұрған, соның көрнекті өкілі бола білген Гераклит десек, қазақ халқындағы диалектикалық сананың көрінісін кемеңгер тұлғаның шығармасынан да кездестіре аламыз. Адам өмірінің маңыздылығы оның физикалық жетілуі емес, керісінше руханилықта болатындығын айта отырып, рухани жетілу үшін ең алдымен қажеттісі білім екендігін көрсетеді. Өмір бір қалыпта тұрмайтынын,

адамның өсіп жетілу үрдісімен бірге өзгере беретіндігін бір ауыз шумақ өлеңімен жеткізе білген Абай:

*Мені мен сен тең бе деп мақтанасың,*
*Білімсіздік белгісі – ол баяғы.*
*Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,*
*Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.*
*Адамды сүй, алланың хикметін сез,*
*Не қызық бар өмірде онан басқа?!*

Абайдың «Ақыл мен жан мен өзім, тән менікі. «Мен» мен «Менікінің» мағынасы екі. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ, әуел бастан. «Менікі» өлсе өлсін оған бекі» – деген сөдері қарама-қайшы түсініктердің адамдық бүтіндікті құрап, тіршілікке арқау болатынын меңзеп көрсетеді. Ары қарай «Мені» мен «Менікінің» айырылғанын, «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес» – дейді. Яғни өлімнің өзі белгілі қайшылық арқылы өмрдің ары қарайғы жалғаса беру екендігін белгілейді:

*Өлсе өлер табиғат, адам өлмес.*
*Ол бірақ қайтіп келіп ойнап – күлмес.*
*Мені мен, менікінің айырылғанын,*
*"Өлді" деп ат қойыпты өңкей білмес* [1].

Абайдың қара сөздері ғалымның даналық ілімінің негізгі қайнар көзі және ақын ойының бағалы туындысы. Өмірінің кемелденген шағындағы айналадағы ортадан, әлеуметік күрделі қатынастардан шаршаған Абайдың ғұламалық санасы. Жас күніндегі танымы мен кемелденген сананың танымындағы қайшылықты, атап айтқанда екінші қара сөзіндегі басқа жұрттардан өзін артық санаған қазақ елінің мешеулік күйін терең толғаныспен жеткізе біледі. Көзқарас қайшылығының тәжірибелік таныммен терістелуі, Абай ойындағы қазақ халқының жетілуі, сол қара сөздегі халықтардың ерекше жағымды қасиеттерін игере білумен шешіледі. Басқа жұрттардың жоғарғы дәрежеге жетуі туралы Абай: «Оның бәрі – бірін-бірі қуып қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып, зор болғандық әсері» деп қорытып, содан үлгі алуға шақырады.

Абайдың өлеңдеріндегі диалектиканы, қайшылықтың күресі арқылы дамудың болу үрдісін жиі кездестіруге болады. Адамның саналы тіршілігіндегі өзіне тірек қылатын қасиеттердің болатынына және құтылуға тырысатын жаман әдеттердің қатар жүретініне көңіл бөлуі, адамның адам болуы үшін, адам болып қалыптасуы үшін маңызды екенін айтады. Турасын айтсақ:

*Ғылым таппай мақтанба,*
*Орын таппай баптанба,*
*Құмарланып шаттанба,*
*Ойнап босқа күлуге* – деп, адамның менмендік, нәпсілік, тұрлаусыз қасиетіне шектеу қояды. Адам болам десең бес нәрседен: өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашпақтық (ысырап) аулақ бол, керісінше бес нәрсеге: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым деген қасиеттерге ие бол деп тайға таңба басқандай қылып жаман мен жақсыны, адамдық пен арамдықты, кісілік қасиет пен жануарлық тірлікті, бір-біріне қайшы түсініктерді ажыратып береді, оларды асыл іс және дұшпан деген ат беріп, қайсысынан үлгі алу керектігін басып өрсетеді. Осының түп негізін, астарын философиялық көзқараспен қарастырған зерттеушіге диалектикалық байламдары мен түйіндері айқын көрініс береді.

Абайдың жоғарыдағы келтірілген «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің дүниетанымдық, құндылықтық маңызын бағалай келіп, қазақтың белгілі жазушысы Мұқтар Әуезов былай деп тұжырымдайды: «Ел ішіндегі жас желеңге Абайдың әсіресе көп ой қорытып айтқан мағыналы да програмдық бір өлеңі осы деуге болады. Бұнда Абай адам бойындағы қазынаның үлкені және әрбір жігерлі жастың талпынатын арманы – ғылым дейді. Осы өлеңнің әр кезінде сол ғылымды Абай шап-шағын дүние деп бағаламайды. «Ғылым» деген сөзді әдейі бірнеше қайырып қолдану арқылы ұзақ өрісі бар терең білім деп таниды. Сол ғылымға талпыну жолында үгіттеп, тәрбиелемек болған жастарды айналадағы көпшіліктің сорақы, бұзық мінездерінен жирентіп өсірмек» [2]. Осы «терең білімнің» құндылығын дәріптеген елдің болашағы кең екені анық.

Ұлы Даланың перзенті ретінде, данышпан Абай адамның үш маңызды қасиетін нұрлы Ақыл, ыстық Қайрат және жылы Жүректі

атап өтеді. Дана адамда білім, ақыл мен қайрат зұлымдыққа емес, қайырымды іске, адамға деген махаббатқа бағытталған. Даналық адамда міндетті түрде руханилықпен, ізгілікпен, нәзік ұжданмен, ақиқат пен әділдікке деген ұмтылыспен тұтасады. Абайдың шәкірті Шәкәрім жаман қылықтардан аулақ болудың басты шартын атап өтеді. Бұлар, оның ойынша, ар ілімін қалыптастыруда және бала жастан осы ілімге үйретуде жүзеге асады. Осылардың барлығы, Абай мен Шәкәрімнің философиясында өмірдің мәнін түсіну мен адамды жаман қылықтардан арылтуда даналықтың рөлі мен мәнін тереңнен түсіну байқалатынын дәлелдейді. Абай мен Шәкәрімнің мұраты – ақиқат пен шындықтың, адамгершілік пен ақылдың, ғылымның, сенім мен ардың бірлігі. Ақыл мен сенім бір-біріне қарама-қайшы емес, ақиқат жер-анадан, өз халқы – елден, ал адам оған ақылмен барады, ал шындық бір Алладан, ол оны сенім деп қабылдайды. Біздің ұлы ағартушыларымыздан, Шығыстың руханилығы мен Батыстың парасатының, екі қарама-қайшы бастауларының саналы тұтасуын анық аңғаруға болады. Абай үшін, даналық дегеніміз тек қана ілім емес, ілім мен руханилықтың тұтасуы, яғни тұтас білімдер жүйесі. Абай адам болмысын тануда тың дүниетанымдық ойлар айтты. Адамзатты Алла махаббатпен жаратқан, демек, махаббат адамға дейін болған, Алланың тек өзіне ғана тән құдіреті деп білген Абай Адам мен Алланың арасындағы қатынасты сүю деп атайды. Өзін махаббатпен жаратқан Алласын адамның сүюі парыз. Абай сүюдің үш түрін айтады, олар: Алланы сүю, оның жаратқан кереметі – адамды сүю және хақ жолы деп әділеттілікті сүю. Осы үш сүюді Абай имани гүл дейді.

Абай өзінің Жетінші сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп,

«ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» [3] деген. Дәл осы қасиет адамның хайуандардан кейбір айырмашылығы болып табылады. Бұл қасиет табиғаттан дарыған, оны сақтап ары қарай жетілдіру керек. Оның осы дүниетанымдық көзқарастары Аристотельдің «Метафизикасындағы» барлық тірі ағзалар білмекке құмар деген түсініктерімен сәйкес келеді.

Абай ақиқатты тануды білім деп санайды. Ақиқаттың жоғарғы сатысы – ол болмыс, дүниені тану маңыздылығының құпиясы деп танылады. Адамның өміріндегі білімнің рөлі өте жоғары, адамды адаммен теңестіретін білім, ақыл мен таным өмірді толық мәнді ететін адам бойындағы жоғарғы қасиет. Ақыл арқылы адам дүниенің кез-келген құпиясын түсінуге әзір. Бірақ сол ақылды адам шыңдап отырмаса, ақпараттар ағыны заманында тоқырап, кешеуілдеп, мардымсызданып қалуы мүмкін. Абай өз заманында болашақтағы білімнің құрылымы күрделене түсетінін аңғарған. Бір күн оқымаған, жаңа мәлімет алмаған маман өз саласының алдыңғы қатарлы шебері болуынан қала бастайтын заман туындап отыр.

Бүгінде ғылымның дамуына жан-жақты қолдау да көрсетіліп, біршама қаражаттар да бөлінгенімен, өкінішке орай ғылыми білімге қатысты әлеумет пен әкімшілік тарапынан немқұрайлы қатынастар да жоқ емес. Елдің дамуы мен өркендеуінің негізін қалап, халыққа бағыт-бағдар беріп, жол сілтеу, қоғамдық сананы қалыптастырушы ғылыми қауымдастық болып табылады. Алайда осы немқұрайлықтың нәтижесінде кейбір ортада әлеуметтік жауапкершілік төмендеді, сапаға емес санға қызмет ету көрініс бере бастады. Оны мемлекеттік құрылымдардың ғылымның дамуы жөніндегі әртүрлі есептерінен, анықтамаларынан байқауға болады.

Сонымен өз ғысырының ғұламасы, он тоғызыншы ғасырдағы қазақ санасының айнасы Абай Құнанбайұлының шығармашылығындағы диалектикалық астарларын толық қамтыдық деп айта алмаймыз. Ол өзінше жеке зерттеулерді, терең

толғаныстар мен шығармашылық шабытты талап ететін кемел туынды. Сондықтан да, Абай шығармалары қазірдің өзінде көптеген тілдерге аударылып, әлем халықтарының жақсы бағасын алуда. Соның бір дәлелі, Қытай Халық Республикасында Абай шығармаларының қазақша нұсқаларынан сырт оның үш бірдей дастаны және өлеңдері мен қара сөздері қытай тілінде жарық көрді.

Қорыта келе, Абайдың философиясын бір ғана диалектика заңдарымен түсіндіру жеткіліксіз. Дегенмен оның қоғамдық қайшылықты, болмыс пен рухани әлем түсініктерін жүйелеуде диалектикаға арқа сүйей аламыз, Абайды диалектика заңдарымен ойшықтауға мүмкіндік бар. Абай әлемі қандай да бір заңдылықтарға сия бермейтін ерекше әлем, ол қазақтың шынайы болмысы.

**Әдебиеттер:**

1. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер / Абай. – Алматы: «Жібек жолы, 2005. – 488 б.
2. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20 том. – Алматы: Жазушы, 1985. 110-136 б. // Абай Құнанбаев. «Қалың елім қазағым...». – Астана, 2006. – 160 б.
3. Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. – 356 б.

# ТАНЫМДЫҚ ІЗДЕНІС – АДАМ БОЛМЫСЫНЫҢ МӘНІ

***МЕЙРМАНОВ Аманжол Досжанұлы,***
*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының аға ғылыми қызметкері,*
*ҚазБСҚА профессор ассистенті*

Абай қазақ тілін рухани жаңғыртып, тазалығы мен тұнықтығын паш еткен, заманауи ұлттық жазба әдебиеттің бастау көзінде тұрған, бүгінгі қоғамдық-гуманитарлық ғылымның негізін салушы ғұлама. Абайдың танымдық һәм әдеби шығармашылық дәстүрінің заманауи ұлттық қоғамдық ойдың көшбасындағы ағартушылардың баршасына үлгі болғандығы осыған дәлел. Мұндай кемел тұлғаның басты бағдар болып қала беруі, кейінгі ғасырлардағы халқымыздың қандай да идеологиялық қыспақтар мен жойдасыз қиянаттарға қарамастан, ұлттық құндылықтарын біршама сақтап, танымдық, шығармашылық дамуында жалпыадамзаттық құндылықтарға қарай ойысып, кенжелеп қалмауына мүмкіндік берген.

Абайдың адамның танымдық мүмкіндігі мен танымдық ізденісі жайлы ойларына назар аударсақ – алдымен айтарымыз оның, мұсылман әлеміндегі өзінің өзгермейтін тұрақты негізімен ерекшеленетін аксиологиялық құндылықтарына сүйенгені. Сондай-ақ, осы діни ғылым-білімді біздің заманымызға тақау уақытта терең зерттеп игерген және діннің рухани танымдық тәжірибесін өз хәлінде жүзеге асыра отырып, өз басының тікелей хәл күйін ұлттық әдеби дәстүр мен көркем образдық әлемінің айшықтарымен суреттеп жеткізе білген. Ал, бұл өзгермейтін негіз, саф құндылық – Матрудии ақидасы, яғни сенім негіздері болса, ғұлама қазақ рухани байлығының осы тұрақты жүйелі іліммен тығыз байланысын түйсініп, оны жаңғыртқан, өзінің ішкі рухани тәжірибесімен ұштастыра отырып, әдеби көркемдік тәсілдермен, оқырманның жүрегіне жол тапқан. Жалпы ислам ғұламаларының танымдық ізденістерінің бұлжымас ақиқатты негіз қыла отырып, өрбитінін және қай заманда болса да өзекті, ортақ құндылықтар-

ды паш ететінін көреміз. Осыған дәлел ретінде Абайдың және ортағасырлық ғұлама әл-Фарабидің көзқарастарын қатар ала отырып қарастырамыз.

Адамды ғылым мен білімге үндеген екі ғұламаның арасында орасан зор уақыт кеңістігі болса да, олардың мәңгі бақи өзгермейтін ортақ негізге сүйенгенін көреміз. Осы жағдайларды ескере отырып, қос ұстаздың танымға байланысты көзқарастарын ұштастыра зерттеудің өзіндік маңызы бар. Екі ғұлама да жалпы мұсылман ғұламалары сияқты Матрудия ақидасындағы имандылық ұстынға сүйеніп еді, сонымен қатар олар ақылға ерекше назар аударады. Ақылмен тапқан иманның маңыздылығына ден қояды.

Олардың әрқайсысы өз заманының ұрпақтары әрқайсысының өмір сүрген өз дәуіріндегі қоғамдық-әлеуметтік, саяси қатынастарға араласып, тұлға ретінде кемелденген. Әрқайсысының ғылыми танымдық көзқарасы қалыптасқан ортасы, мектептері, ұстаздары болған. Осы тұрғыдан алғанда оларды қатар алып қарастырудың мәні болмас еді. Алайда оларға тән басты ортақ қасиет, ортақ негізге тұрақтауы және діни-рухани тәжірибені тікелей өз бастарынан өткеріп, сол тәжірибені заман талабына лайықтап ұсына білуінде.

Адамның адамдық қасиеті – Ақыл деп білген бұл екі ғұламаның да бүкіл адамзат қоғамы үшін көкейкесті ғылыми танымдық мәселелерді өздерінше шешуіне қарап, олардың ілімдерінің бірімен-бірі ұштасар тұсынан кейбір мәселелердің ақиқатын пайымдаймыз. Абайға жүгінсек былай дейді: «Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпен табылады. О баста ол – Алланың ғылымы емес, һәммені білетұғын ғылымға ынтықтық (тың) өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Оның үшін де (сол себептен де) ол Алланың өзіне ғашықтық. Ғылым – Алланың бір сипаты, ол (Алла) – хақиқат, оған ғашықтық (тың) өзі де хақтық һәм адамдық дүр» [1, 192].

Әл-Фараби философияның мақсатын былай белгілейді. «Философияны зерттеу мақсатына келетін болсақ, мұның өзі барлық нәрсенің қозғаушысы, себебі болып табылатын, өзгермейтін және бірегей бәрінен жоғары жаратушыны тану. Ал, мұның осылай болатын себебі, ол – Алла өзінің рахымымен даналығымен,

ғылымымен, әділеттілігімен осы дүниені аса келісіммен жаратушы. Ал, философтың әрекеті адамға тән күш жігермен мүмкіндігінше сол жаратушының әрекетіне ұқсас болуға тиісті» дейді [2, 85]. «Иеңдей болам деме иеңе ұқса» – деген Шәкәрім Құдайбердіұлы:

*«Құлы болсаң, қожаңның сүйгенін қыл.*
*Шын мұсылман болайын деп ойласаң,*
*Құдайға құл болудың мәнісін біл»*, [3, 120].

– деп Құдайға құл болу басқа құлдықтан азат қылып, шын мәнінде рухани еркіндікке қол жеткізудің жолы деп біледі.

Әл-Фараби үшін де Абай үшін де ғылымның мақсаты жаратушыны тану. «Құдай тағала ғылымды, рахымды, ғадалетті, құдіретті еді. Сен де бұл ғылым, рахым, ғадаләт үш сипатпенен сипаттанбақ: иждахаттық (ғылымға талпыну) шарт еттің, мұсылман болдық һәм толық инсаниятың (адамгершілігің) бар болады. Белгілі жәуанмәрттілік үш хаслат (сипат) бірлан болар деген, сиддиқ (шындық), кәрем (ақ пейіл жомарт), ғақыл (ақыл) – бұл үшеуінен сиддиқ ғадаләт болар, кәрем шафағат (рахым) болар. Ғақыл мағалұм дүр, ғылымның бір аты екендігі» – дейді [1, 199]. Абай мұсылман болдық дегенде бұл жерде шын мәнінде имандылыққа келдің, ақыл-парасатыңды Хақты тануға бағдарладың деген мағынада қолданып отыр.

Абай «Ақылмен таппай иман жоқ» деген мәселені, яғни адамның ең қымбат қазынасы иманын өсіру және сақтауы үшін ең асыл қасиеті – ақылды ақиқатты тану жолына дұрыс бағыттай білуінің маңызы мен қыр-сырын ашады. «Өлшеулінің өлшеусіздің» алдындағы кішіктігін білдіре тұра, адамның ақиқат мақсаты – ақылды түп иеге бағыттау дейді. «Өлшеулі ақылмен, өлшеусіз Ақиқатты тану» қалай жүзеге асуы мүмкін? Бұл танымның мағынасы қандай, мәні неде? Адам үшін маңызы қандай? – деген сан алуан сұрақтың жауабын іздейді. Иманның негізгі мәні – Алланы тану екенін осыған адастырмай бағыт сілтейтін иманның шарттары екенін, ал тағат-ғибадат сол иманның күзетшісі ғана екенін дәлелдейді.

«Инсанияттың кәмелеттігін» – толық адам болуды талап қылуың ғылымға, мейірімділікке, әділдікке ұмтылумен, өз пиғылдарыңды соған (Аллаға) өз халіңше ұқсатумен іске аса-

ды. «Алла тағалаға ұқсай алам ба деп надандықпен ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ – дәл бірдейлік дағуасы емес, соның соңында болмақ, оның үшін Алла тағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдірет, Басар, Сәмиғ, Ирада, Кәлам, Тәкин. Бұл сегізінен алла тағаладағыдай кәмәлат – ғазалат бірлән болмаса да, пендесінде де әрбірінен өз халінше бар қылып жаратыпты. Біз өз бойымыздағы сегіз зәрра аттас сипатымызды алла тағаланың сегіз ұлық сипатына бас бұрғызып, пиғылымызды ертуіміз керек» дейді [1, 192].

*«Азды ұқсаң, бұл сөзімді анықтап ұқ,*
*Иеңдей болам деме, Иеңе ұқса.*
*Тәңірің – таза, болып бақ сен де кірсіз,*
*Әлің келсе, меннен қаш, Иең – мінсіз.*
*Бұл Құдайдай боламын деген емес,*
*Сөзімнің түбін ұқпай деме дінсіз»* [3, 120], – деген Абайдың шәкірті Шәкәрім қажының да сыр сөздерінде адамның рухын дамытуы, тазартуы, өзінің нәпсілік табиғатынан бойын жиып, шын мәнінідегі рух азаттығына қол жеткізуі, осылайша адамның рухани кәмелеттігінің үддесінен шығуға ұмтылысын сипаттайды.

«Қашан бір бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады» [1, 189] деген Абайдың сөздерінен – адамның адамшылық мақсатының өзі мейірімділік, әділеттілік, ғылым сүю арқылы Ақиқатқа ұмтылу дегенін көреміз. Әл-Фараби де ақиқат мақсаты түп иені жаратушыны тану екенін нақты белгілеп философияны хақтыққа жетудің бірден бір құралы деп біледі. Ол ұстаздарынан мұра болып қалған ғылыми әдіснамалық жүйеге сүйенеді. Сол ұстаздарының көзқарасын дәлелдеуде де, айшықтап түсіндіруде де, өзінің ғылыми ой-түйіндері мен пайымдауларында да иманның шарттарын негіз қылады. Иман шарттары – мұсылман әлеміндегі ғұламалардың барлығы үшін табан тірер ортақ негіз.

Әл-Фараби ғылымдардың ішіндегі философия ғылымы үшін осы мақсатты нақты белгілейді. Әл-Фараби «Философияны үйренуден бұрын нені білу керектігі туралы» атты еңбегінде философияны зерттеудің алғы шарттарын сөз қылады. Ілгерідегі ғұламалардың философияны зерттеуден бұрын шәкіртке логика, физика, геометрия т.с.с. жекелеген ғылымдарды терең игеру,

сондай-ақ жан мен тәнді тазарту сияқты талаптар қойғанын айтады. Осы көзқарастардың бірде-бірін жоққа шығаруға болмайды деп түйеді, себебі, осының бәрі философияны оқып үйрену алдындағы дайындық, сезімтал жанның қасиетін негізгі талапқа сай тәрбиелеу жолы дейді.

«Философияны зерттеуден бұрын сезімтал жанның қасиеттерін, мысалы, рахатқа бату мен мансапқорлық сияқты алдамшы шындыққа емес ізгілікті ақиқатқа талпынатындай етіп тәрбиелеу керек. Бұл мінез-құлықты сөз жүзінде емес, іс жүзінде тәрбиелеу арқылы жүзеге асады. Қателіктер мен адасудан сақтарлықтай таза жолды түсінетін парасатты жанды осылай ғана тәрбиелеуге болады» – дейді [2, 89].

Абай өзінің отыз екінші қара сөзінде «ғылым-білімді үйренудің басы білім-ғылымның өзіне ғана құмар ынтық болып бір ғана білмектің өзін дәулет білу» деп үйретеді. Ғылымды ақиқат мақсатпен үйренуге үндейді. Бақастықпен «мен білеміңінді» дәлелдеу үшін ғана үйренген ғылым түпкі мақсаттан адастырады. «Бақасшыл адам хақты шығару үшін емес, қалайда жеңуді ғана мақсат етеді» деп біледі.

Абай «білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек». Ниет-пейілің басқада болып, білім-ғылымды белгілі бір дүниелік, пенделік мақсатқа жетуге себеп қылып, өгей көңілмен үйренсең жақсылыққа әкелмейді» дейді. «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп тезірек қолға түседі. Ғылым-білімге мейірленіп, ынталы жүрек, шын көңілмен ұмтылсаң, соның нәтижесінде көңілге рахат табасың». Осы рахат күйдің дәмін алып, білгеніңді берік ұстап, білмегенді тағы да сондай білсем деген үміттен ғашықтық махаббат пайда болады». Алла деген сөз жеңіл,

Адамның ғылымы о баста хақиқатқа, шындыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке құмар болудан басталуы керек. Алланы тану ғылымы болмай жалпы дүниетанымдық білімге ынтығудың өзі адамға өзіндік ғылым береді. Осы ынтығудың да бастау көзі Аллаға ғашықтық. Адамның ғылымға, білімге, ақиқатқа, шындыққа, әр нәрсенің сырын, хикметін білуге ұмтылысы да Аллаға ғашықтық. Ғылым – Алланың бір сипаты, хақиқат бір сипаты, осыларға ғашықтықтың өзі адамдық. «Болмаса мал таппақ,

мақтан таппақ, ғиззат құрмет таппақ» сияқты нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды» [1, 190]. Демек, Ғылым-білімді махаббатпен іздеген, хақиқатты шын жүрегімен көсеген ізденуші – нағыз адам атына лайық. Абайдың «адам бол» үндеуінің мағынасы да осы.

Одан әрі «Ақыл мен жан – мен өзім, тән менікі, «мені» мен «менікінің» мағынасы екі «мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан. «Менікі» өлсе өлсін оған бекі» дейді. Бұл үмітсіздік емес қайта «менікінің» уақытша болғанымен «меннің» бақиға ұласатынан үміт ету. Бірақ бақидағы бақытқа жету немесе азапқа душар болуды бір Алла ғана біледі» дейді. Әл-Фараби жаратушының мәңгілігін айтса, Абай Жаратушыны танитын адам рухының мәңгілігін айтады.

«Біз айтарымыз: Жаратушы (даңқы арта түскей Оның!) өзіне ғана тән қасиетімен және өзінің мәнімен басқалардың баршасына қарама-қарсы тұрады. Ол мағынасы жағынан ең ізгі, ол нағыз армандағыдай, ол ең жоғары нәрсе тікелей де жанамалай да – оның өзіне сәйкесі де, ұқсасы да жоқ. Сонымен бірге Жаратушыны жалпыға мәлім ұғымдармен де бейнелеуге болмайды. Сондықтан оның әрбір сапасын бейнелеу үшін қолданылатын ұғымның қандайын да болсын сол сөздің біз білетін мағынасынан басқаша өзінше бір мағынасы болатынын білуіміз қажет. Егер, мысалы, біз оны орасан ізгі және құдіретті десек, оны сонымен бар нәрсе деп айтуға болады; Сонымен бірге біз оның болмысы өзінен төмен тұрғандардың бәрінің де болмысына ұқсамайды деп түсінеміз» дейді әл-Фараби [4, 228].

«Ол – Алла тағаланың заты ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж, сипаттар бірлән тағрифлар (түсіну үшін) керек. Біз Алла тағаланың білінгенін қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл хикметіне ешбір хакім ақыл ерістіре алмайды. Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулі мен өлшеусізді білуге болмайды. Біз Алла тағаланы «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол бір демеклік те - ақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз. Болмаса бір демеклік те Алла тағалаға лайықты келмейді. Ол «бір» деген сөз ғаламның ішінде, ғалам Алла тағаланың ішінде, құдай табарака уа тағала кітаптарда сегіз субутия (дәлелді) сипаттары бірлән,

уә тоқсан тоғыз Әсма-и хүсналар (көркем жақсы есімдер) бірлән білдірген.

Оның барлыққа келтірмегі – құдіретіне бір ғана шарх. Бұл ғылым, құдіретте ешбір ниһоятсыз, ғылымында ғафләт, құдіретінде епсіздік және нашарлық жоқ.

Ғылым, құдірет біздің ұғуымызға ғана екі хисап, болмаса, бір-ақ ғылымды құдірет болуға тиісті» – дейді [1, 192].

Бірінші тұлғаның есімдері жайлы әл-Фараби былай дейді. «Мың сан атаулар арқылы, – оған өзіміз тағатын есімдер арқылы, – көрсетілген бұл кемелділік түрлері (соншалық) көп түрлер екен деп ойламау керек, керісінше, осы мың-сан есімдерді мүлде бөлінбейтін бірегей субстанция және бірегей болмыс деп түсіну керек» [4, 94]. Яғни, осы жерден ұғарымыз Абайдың да, әл-Фарабидің де айтары Жаратушының барлығымен оның сипаттарының бірегейлігін естен шығармау керек. Біз оның сипаттары жайлы ақылға салып ойланғанымызбен ешбір сипатын толық ақылға сиғыза алмаймыз. Біздің ақылға сиғызуымыз үшін жеке-жеке атайтын әрбір сипатының шексіз терең мағынасы бар болуымен қатар, ол сипаттардың барлығы бірегей, біз ақылымызға сиғызуға талпынып, бөлшектеп түсінуге мәжбүрміз. Біздің түсінуімізге ол тіптен мұқтаж емес. Біз имандылығымызды бекітіп, ақылымызды өсіру үшін мұқтажбыз.

Ғылым және Ақиқат біздің ақыл түсінігіміз үшін жеке-жеке айтылатын өзіндік сипаты бар ұғымдар, ал бастау көзде біреу. Ал, осы екі ұғымның бірлігін тануға ұмтылудың өзі – Алланы тануға ұмтылу. Өйткені қазіргі қазақ тілінде қолданылатын осынау руханиятқа байланысты ұғымдардың барлығы Алла тағаланың сипаттарын білдірген атау сөздер. Алла деген сөз олардың барлығының мағынасын сиғыза алатын жалпы есім. Сондықтан да Жаратушының бірегей біртұтас бірлігінің мағынасын береді. Абай тілінде «Алла- ху» немесе «Ол» – «Алла» деген сөздік тіркестегі екі жалпы есімнің қатарластыра қолданылуының бір мәнісі бар. Осы екі жалпы есімді қатар қолдана отырып Құдірет, Ақиқат, Ғылым, Рахым, Әділет сияқты Алланың сипаттарын біздің ұғымымызға сидыру үшін қолданылатын есім сөздердің түп негізінде, яғни рухани мәнінде, уақыт және кеңістік өлшеміне симайтын бастауында бір және бар, бүкіл осы есімдерді бойына сиғызатын бірегей құдірет

бар екенін айқындай түсу үшін қолданады. Осы ұғымдарды қолдану арқылы хақты тануға ұмтылу біздің ақыл тиянағымыз үшін қажет. Хақ тағала осынау мың сан сипаттарын бойына біртұтас бірегей сиғызады. Әрбір сипатқа бөлшектеніп кетпейді, ол бөлшектенуге мұқтаж емес. Осынау сипаттарының бәрінің барлығымен және бірлігі бар. Біз оның өлшеусіздігін өлшеулі ақылымызға сиғызу үшін жеке сипаттарын бөліп тануға мәжбүрміз. Жалпы сопылық ілімнің зікір ғибадатында осы «Алла һу» сөзінің негізгі формула ретінде көп қолданылуы да осыған меңзейді.

Ақылға салып дәлелдеудің өзі ақылдың дәрменсіздігін біле тұрған белгілі бір мәжбүрлік. Абай Ақыл мен Хауас (бес тән сезімі) Алланың барлығын білмейді, жүрек сезеді мүтәкелим (дінді дәлелдеушілер) мен мантикиндер (қисынмен түсіндіріп сөйлеушілер) жүректің білген ақиқатын жеткізуде дәрменсіз дейді.

*Дененің барша қуаты*
*Өнерге салар бар күшін.*
*Жүректің ақыл суаты*
*Махаббат қылса тәңір үшін* [1, 190].

Алланы махаббатпен тану жүректің еншісінде бірақ, оған сусын болар ақылға жүгіну керек дейді.

Әлемдегі діндердің түп мақсаты үш нәрседен бұлжымай құшақтасар құдай бар, ұждан дұрыс, қимет шын, еш діннің мақсаты жоқ, мұнан асар деп, Шәкәрім Құдайбердіұлы айтқандай, Құдайдың барлығы мен бірлігі, оның мәңгілігі, оны танушы адам рухының бақиға ұласуы, адам өмірінің мәні, екі дүниеде бақытқа жету мәселесі әрбір ілімге ортақ имандылық негіз болатын. Әр заманның ойшылдары да осы тақырыпта толғанған.

**Әдебиеттер:**

1. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II т. – Жазушы, 1995. 384-б.
2. Аль-Фараби. Избранные трактаты. – Алматы, Ғылым. 1994. – С. 85.
3. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: өлеңдері, дастандары, 1 том. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2006. – 524 бет.
4. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, Ғылым, 1978. – 228-б.

# АБАЙ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ФИЛОСОФИЯҒА ЫҚПАЛЫ

***НҮСІПОВА Гүлнар Игенбайқызы,***
*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми қызметкері, PhD докторанты,*

***РАХМЕТОВА Жазира Әкітайқызы,***
*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми қызметкері, гуманитарлық ғылымдар магистрі*

Тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстандағы гуманитарлық ойдың жаңа бағыты – абайтану дами бастады. Абайтанудың қалыптасуы бүгінгі күні үлкен ғылыми саланың біріне айналды. Абай арнайы философиялық еңбектер жазбағанымен, философиялық терең толғаныстарға, әртүрлі идеяларға толы поэзиялық туындылары мен қара сөздері баға жетпес құндылық. Ойшылдың осы ерекшелігін алғашқылардың бірі болып аңғарған қазақтың аса көрнекті жазушысы Жүсіпбек Аймауытов. Ол Абайдың ақылы мен білімі, дүниені дұрыс философиялық тұрғыдан түсінуі, ой-толғаныстарының тереңдігін бағалап, данагөй философ деп таныды [1, 6 б.].

Сонымен қатар Абайдың барлық рухани мұрасын жүйелі зерттеген, абайтанудың негізін салған адам М.О. Әуезов болды. Ол Абай жолының бүкіл адамзаттық мазмұнын аша отырып, дүниежүзілік мәдениеттің ауқымына көтерді. «Абай Құнанбаев: мақалалар мен зерттеулер» атты ғылыми еңбегінде М.О. Әуезов былай дейді: «...жақын заманда қазақстандық әлеуметтік, философиялық ойдың өсу тарихын зерттейтін... жаңа философтарымыз Абайдың жаңағыдай мұраларын түгелдей теріп, тереңдеп талдап тексеруге мейлінше баратын болады» [2]. 1924 жылы М. Әуезов Абай шығармаларының толық жинағын құрастырып, болашақтағы абайтану саласындағы көлемді зерттеулердің іргетасын қалап берді.

Абайтанудағы бұрынғы еңбектердің ерекшелігі таптық көзқарас тұрғысынан қарастырылып, халқымыздың рухани жан-дүниесін байытқан ақын-жазушылар қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Бүгінгі тәуелсіздік заманда қазақ халқының рухани қазыналарын, өткені мен бүгінін, құндылығы шексіз асқақ идеяларын зерттеу, Абайдың дүниетанымын қалыптастырған қоғамдық-мәдени жағдайлар қайта назар аударуды қажет ететін өзекті мәселе болып отыр.

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» деген еді [3]. Абайдың философиялық ойы қазақ халқының рухани байлығының көрінісі. Ол халқының бүгіні мен ертеңіне зор алаңдаушылықпен қарады. Ойшылдың философиясындағы басты мәселе адам болғандықтан, оның эстетикалық, этикалық көзқарастары, арман-мақсаты, өмірінің мәні, сезімі мен түйсігі, болмысы мен сол заманда қалыптасқан ұлттық ой-сананың ерекшелігі Абайды терең толғантты. Өйткені, адамның өмірі мен тұрмысының мәні, дүниемен қатынасы философияның негізгі өзегін, басты мәселесін құрайды және оның ерекшелігін қазақтың шынайы ұлттық болмысы ретінде қарауға болады. «Абайдың дүниетанымы адам туралы ілім деп айтуымыз керек. Ал адамның мақсаты – жетілу, жетілу ол – арылу, ағару, рухани тазару» [4, 34 б.].

Абай өзінің шығармаларында бүкіл адамзаттық мұрат пен арман-мүдделерді жыр еткен бір ұлттың әлемдік деңгейдегі терең ойлы асқақ философ-ақыны. Ол тұлғаның адамгершілік тұрғысынан биіктерге көтерілуін насихаттай отырып, өмір мен өлім туралы кең мағыналы қорытындылар жасады. Ойшыл өз еңбектерінде «Адам бол!» деген адамгершілік үндеу тастай отырып, кісілікке, адамшылыққа, имандылыққа жетеледі, адамды сол тұрғыда жетілдіруге, сол арқылы қоғамды кемелдендіруге ниеттенді. Бұл – ақын шығармаларының басты өзегі. Осы арқылы

ол адамның қоғамдық өмірдегі басты рөлі мен орнын анықтайды, ондағы сыншыл ақылды жоғары бағалайды. Соның арқасында ол тек бір халықтың данышпан ойшылы ғана болмай, бүкіл әлемдік мәдениеттің көрнекті өкіліне айналды.

Абайдың қарасөздері – оның ағартушылығын биік сатыдан айқындайтын еңбектер. Ол өзінің қарасөздерінде оқу, өнер-білім мәселелерін өте жоғары бағалап, өнер-білімсіз надандыққа қарсы шығып отырды. Ол: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» [5, 14 б.] немесе «Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешнәрсені оларсыз біліп болмайды» деген еді [5, 35 б.]. Бұл жерде ойшыл адам өмірінің маңыздылығы оның рухани құдылықтарды меңгере білуінде және адамзаттың кемелденіп, рухани жетілуіне, ең алдымен сауаттылық, білім қажет екенін айтады. Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін талдай отырып, оның қарасөздері арқылы ғылымның адам өмірінде алатын орнының ерекшелігін, адамның ішкі жан дүниесін ұғынуға, ақыл, қайрат, жүрек сияқты қасиеттердің болуына күресе білуге, ғылыми-философиялық ойды түсінуге, сөйлеу, талдау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Шығыс ойшылдары мен орыс мәдениетінің қоғамдық-философиялық ой жүйесі Абайдың дүниетанымы мен эстетикалық көзқарастарының қалыптасуына үлкен әсерін тигізді. Ол осы елдердің білімінен, мәдениетінен және діни құндылықтардан өзіне қажеттіліктерін игеріп, терең түсінетін, өнегелі, заманына лайықты адамды қалыптастырғысы келді. Соның негізінде жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуына түрткі болып, оның өзін-өзі тануына, өзін-өзі тәрбиелеуге ықпал ету, тәлімдік мүмкіндік туғызу, адамдардың бір-біріне деген сыйластық, өзгені өзіндей қабылдауға, өзге ұлттардың салт-дәстүрлерін сыйлаудың маңызына мән беру. Яғни, адам өзінің моральдық, адамгершілік құндылықтарын сақтай отырып, соңғы демі қалғанша адами қалпында қалуын аңсады.

Сонымен қатар, ежелгі антикалық мәдениеттен бастау алған Батыс Еуропа мәдениеті Абайдың дүниетанымының тарихи

сабақтастығында маңызды рөл атқарды. Ойшыл Сократтың, Платонның, Аристотельдің шығармаларымен жақсы таныс болған. Бұған ақын шығармалары дәлел. Ол көптеген ойшылдардың және орыс ақындарының шығармаларын қазақ тіліне аударды. Г.К. Бельгер «Гете және Абай» атты қызықты еңбегінде Абай поэзиясының терең философиясын ашып, өзгешелігі жағынан Гетеге жақындығын айтады. «Мен әуелі Абай арқылы Гетені таптым. Бұл әншейін айтыла салған жылтырақ сөз емес. Басқасын былай қойғанда, Гетенің әйгілі «Жолаушының түнгі жыры» атты өлеңін мен әуелі Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» деген өлеңін оқып барып, Лермонтовтың «Тау шыңдары» арқылы бойыма сіңіріппін» дейді Г. Бельгер [6].

Абай адам үшін ұлы бақыт халықтың қайғы-қасіреті мен ауыртпалығын жеңілдету деп біледі, оның жоғары міндетін адамдарға зор пайда әкелу деп бағалайды. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» [5], – деп жазды қазақ ойшылы.

Абай шығармашылығында қазақ халқының дәстүрлі діліне сай әлемге деген ашықтық идеясы адамгершіліктің, сүйіспеншіліктің, әділдіктің, әділеттіліктің, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы мен ауызбірлігінің негізі деп санайды. Адамзат барлық ой-толғаныстарын бөлісіп, бірін-бірі түсінісу арқылы бақытқа қол жеткізеді дей келе халықты өзара түсіністікке, бейбітшілік пен келісімге шақырады. Көпұлтты қоғамы бар мемлекет жағдайында ойшылдың бұл идеялары қазіргі заманда өзектене түсіп, өз келбетіңді, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, өзге халықтармен достық байланысты орнатуға деген үндеуі бүгіннің негізгі ұранына, құндылықтық бағдарына айналуда. Қоғамның тұтастығы мен мемлекеттің өміршеңдігі әрине, бір аумақта тұратын адамдардың ұлттық бірегейлігіне тікелей байланысты, олар өздеріне ортақ діни және зайырлы құндылықтарын, мемлекет бола алатын байланыс тілін құрады. Мұндай біртұтастық және біртекті қоғам мемлекет болып, оны танытуға көмектеседі. Осыған байланысты көпұлтты елді біріктіру ұлттық бірегейлікті нығайтуды талап етеді.

Қазіргі уақытта жаңа философиялық пайымдаулар бойынша шығарылған елеулі еңбектер көп. Әрине, тәуелсіздік кезеңіндегі еңбектердің мәні мен мағынасы алдыңғы тарихқа қарағанда ерекше сипаттамаларға ие. «Ағартушылықтың ұлы идеяларын өзіне сіңірген және әлемдік мәні бар орыс және батыс мәдениетін шығармашылықпен өзгерткен Абай қазіргі кезде бізге басқа негізде қызмет етеді. Абай бізді ұлттық эгоизмнен сақтайды. Шығыс пен Батыстың қайнар көздері мен тәжірибесін біріктіріп үйлестіре отырып, әлемдік көзқарастағы еуразиялық мәдениеттердің тоғысында Абай таза ұлттық құбылыс ретінде әсерлі көрінеді» [7].

XXI ғасырда ұлы Абайдың сарқылмас рухани мол мұрасын жүйелі түрде зерттеу қажеттілігі туындады. Белгілі абайтанушы Ғ. Есімнің «Хакім Абай» кітабында «Асылында, адамның ғұмырынан асқан қандай ақиқат болуы мүмкін: тек ғұмыр болған жерде ғана зерделі сөз, айтылар ой, жазылар кітап болмақ. Адам ғұмырынсыз болмыс мәнсіз. Себебі болмыстың бар-жоғы туралы айтатын жан болмаса, оның растығын кім дәлелдемекші? Осы идеялары үшін біз Абайды хакім дейміз. Хакімдер – болмыс құбылысының мәні мен себебін анықтап, адамзатты түзу жолға салушылар» [8, 385 б.] деп, ұлы ақынның даналық дүниетанымын сараптайды. Ол ақынның жекелеген ойының түйіндерін түсіндіретін герменевтикалық тәсілді қолдана отырып, Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі философиялық тұжырымдарды нақтылы ұғымдар түрінде қарастырды. Бұл еңбек ұлы ойшылдың мәңгілік өшпес рухани мұрасын қайта жаңғыртып, жастардың санасына даналықтың нұрын шашып, парасатты ой ұялататын, қазақ халқының қоғамдық ой-пікірінің қалыптасуына ықпал етеді деп сенеміз.

Қазақ тарихы мен әдебиетін зерттеуде ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтында ежелгі дәуірден қазіргі күнге дейінгі қазақ философиясының көп томдық үздіксіз тарихын жасауда көлемді бес томдық кітап жарық көрді. Соның ішінде 3 томның бір бөлімі Абайдың дүниетанымы мен философиясына арналды. Оған белгілі философтар Ә.Н. Нысанбаев, С.Е. Нұрмұратов, Г.Г. Барлыбаеваның зерттеулері енгізілді.

Белгілі ғалым С.Е. Нұрмұратовтың пікірінше: «Өз уақытында мәселені өткір қоя білген ойшылдың негізгі еңбектері – Абайдың келесі ұрпақтарға қалдырған рухани мирастық сәлемдемесі болып табылады. Бұл әрекет ақын дара руханилығының көрінісі, халқының жарқын болашағына деген үміті мен сенімінен туындаған әрекеті деп бағаланады» [9, 180 б.].

**Әдебиеттер:**

1. Аймауытұлы Ж. Журнал туралы // Абай, 1918. – № 1.
2. Әуезов М.О. Абай Құнанбаев: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1967. 171-б.
3. Қасым-Жомарт Тоқаев. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан // Егенмен Қазақстан, 9 қаңтар 2020 ж.
4. Барлыбаева Г., Ерғалиев І. Абайдың этикалық және шуманистік ой-толғаулары. – Алматы: ҚР ҒМ-ҒА Философия институты, 1997. – 48 б.
5. Абай. Қара сөздер. https://abaialemi.kz/kz/post?cid=9.
6. Бельгер Г.К. Гете және Абай. – Алматы: Жалын, 1989. 45-б.
7. Бижанов А., Барлыбаева Г.Г. Абай в современном мире // Казахстанская правда, 17 января 2020 г.
8. Есім Ғ. Хакім Абай. – Астана: Фолиант, 2012.
9. Нұрмұратов С.Е. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). Қазақтың ағартушылық философиясы / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015.

# АБАЙДЫҢ ОН ЕКІНШІ ҚАРА СӨЗІНДЕГІ ҒИБАДАТ МӘСЕЛЕСІ

***ҚАЛДЫБЕКОВ Нұрбол Сейілбекұлы,***
*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми қызметкері, PhD докторант*

Жалпы қазақ халқының Ислам дінін ұстанып келе жатқанына мың жылдан астам уақыт өтті. Осы кезең аралығында ислам өркениетіне елеулі үлес қосқан қазақ даласынан шыққан ойшылдар баршылық. Соның бірі де бірегейі – Абай Құнанбайұлы. Азан шақырып қойған аты – Ибраһим. Абай шығармашылығында қара сөздерінің орны айрықша. Себебі оны қырықты алқымдап, жан-жақты жетіліп толысқан шағында жазғандығын белгілі ғалым Мұхтар Әуезов айтып кеткен: «1890 жылдардан бастап ұстаздық, үгітшілік жолына түскен соң, «қара сөзбен» айтатын өсиетті көп жазды» [1]. Қара сөздерде әртүрлі тақырып қозғалған. Бірақ жалпы сипаты өсиет, толғау, сын, тәрбие төңірегінде. Ал оның біршамасы бірыңғай дін тақырыбында сөз қозғайды. Дін болғанда да екінің бірінің тісі бата бермейтін Исламдағы ақида (сенім) саласының өткір мәселелерін жан-жақты саралап, оқырманға қарапайым тілмен баяндайды. Қара сөздерді мұқият оқыған адамға Абайдың Исламның қайнарынан қанып ішкені, яғни дін саласындағы классикалық еңбектерге сүйене отырып сөз тарқатқаны тайға таңба басқандай көрініп тұрады. Енді соны шама-шарқымызша қарастырып көрелік.

Дана Абайдың бұл қара сөзінде қазақтың Құдайға деген құлшылығы сөз болады. Бұл әрберден соң тек қазаққа емес, исі мұсылманға қатысты мәселе екені белгілі. Жалпы ғибадат сөзі тілдік тұрғыдан (العبادة) «әл-ғибәдә» – бас ұру, тіл алғыштық, берілу мағыналарын береді. Ал, Исламда ғибадат – Ұлы Жаратушыға деген шексіз құрмет пен ұлықтаудың көрінісі. Мұнымен қоса Алла Тағаланың әмірлерін орындап, тыйымдарынан тыйылу мағынасын береді. Сонымен аталмыш қара сөз **«Кімде-кім жақсы-жаман ғибадат қылып жүрсе, оны ол ғибадаттан тыюға аузымыз бар-**

**майды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз»** деп басталады. Шариғатта адамның сыртқы сипаттары мен әрекеттеріне қарап үкім беріледі. Ішкі дүниесі тек Алла Тағалаға ғана мәлім. Сол себепті қандай деңгейде болсын әйтеуір ғибадатын жасап жүрген мүмінге қандайда бір кінә арта алмаймыз. Ақида ғалымдары «Тақлиди иман*[1] – қабыл етіледі, яғни жарамды» деп айтады [2]. Яғни, сенген нәрсесінің дәлелін іздеместен, ол жайлы ой жүгіртпестен қабыл ету. Матуриди ғалымдары тақлиди имандағы адам дәлелін егжей-тегжейлі білмесе де, қарапайым түрде болса да иман шарттарын біліп, иман етсе оның иманы дұрыс болады [3] деген. Яғни оны толымды ғибадат жасамадың деп айыптап, құлшылықтан тосуға немесе оны діннен шықты деуге ешкімнің хақысы жоқ. Абайдың «ғибадаттан тыюға аузымыз бармайды» және **«Ләкин, сондай адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса екен»** деуі содан. Міне, бұған қоса хәкім Абайдың бұл жердегі «..қылса екен» деген төзімділікке негізделген ұстанымы назар аударарлық мәселе. Абай әлдекімдер секілді қыңыржақтылықпен «ұр да, жық» тәсілге жүгініп, озбырлыққа салмайды. Керісінше Пайғамбар алейһиссаламның «Қиындатпаңдар, жеңілдетіңдер! Қорқытпаңдар, сүйіншілеңдер!» деген хадисіндегі рухпен «...қылса екен» немесе «...үйрене берсе керек» деп бұл мәселеге байсалдылықпен қарайды. Дінді өзгеге түсіндіру барысында тың тәсілдердің бірі осы. Құранның мына бір аяты да осыны насихат етеді: «(Уа, Мұхаммед!): Раббыңның жолына даналықпен әрі жанға жағымды уағыз-насихат айту арқылы шақыр! Сондай-ақ (өзгелермен қарым-қатынаста) сөз бен іс-әрекеттің ең жақсысын таңда» (Нахыл сүресі, 125-аят) [4].

Содан соң Абай «толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де» шама-шарқынша атқарып жүрген мүмінге екі шарт қояды: **«Әуелі – иманның иғтиқатын махкамлемек керек».**Махкамлемек деп иманын жүрекпен беріктей түсуді әрі тілмен растауды, нақтылауды айтады. Әбу Ханифаның пікірі бойынша иман – жүрекпен мақұлдау.

---

*Тақлиди иман – әке-шешеден, ұстаздан немесе өмір сүріп жатқан ортамыздағы адамдардан естіп, олардан көріп, үйреніп, соларға еліктей отырып иман ету. Яғни, ол мәселенің дәлелін іздеместен, ол жайлы ой жүгіртпестен қабыл ету.

Ал, тілмен кәлимә шәһадат[*1] айтып, растау иманның шарты [5]. **«екінші – үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек»**. Иман мызғымастай берік болуы үшін үздіксіз үйренуі, талмай талап қылуы керек. Ілім алуды тоқтату мұсылман үшін айып болмақ. Себебі тал бесіктен жер бесікке дейін ілім іздеу – шариғат талабы. Әрине мұнда баршаға бірдей өмірін ғылымға арнасын делінбейді. Тек хадис шәріпте айтылғандай «Амалдардың Аллаға ең ұнамдысы аз да болса үзілмей жалғасқаны» [6]. Әркім шамасына қарай ізденіп, іліміне ілім қосу керек. Хәкім Абай үйренуін тоқтатқан адамды қатаң сынға алып: **«Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды»** дейді. Неге «ғибадаты ғибадат болмайды» деді? Абайдың түсінігінде дін ол – тек дене әрекетінен тұратын мүлгіген ғибадат емес. Қос дүниені бірдей қамтыған білімге негізделе отырып, мағрипатпен[*2] қуатталған парасатты діндарлық. Адамның ғибадаты өз дәрежесінде болуы үшін хәкім Абай айтқандай бірінші – анық бұлтартпас иман, екінші – сол иманын одан сайын шыңдай түсетін білім керек. Мүмін адамға мүмкіндігінше әрбір жасаған құлшылығының сыртқы пішініне емес, ішкі механизміне көбірек үңіліп, тереңіне бойлауы қажет іс. Әйтпесе шайқалған әлсіз иман мен болмашы білім адамды өрге бастырмасы белгілі. Аллаға деген сенімнің нығаюымен үздіксіз алынып отырған білім адамның Құдайға деген құлшылығын көркемдей түседі. Бір өлеңінде ақын:

**«Ақылға сыймас ол Алла,**
**Тағрипқа[*3] тілім қысқа-ақ!»** – деп Ұлы Жаратушыны тануға деген құштарлығын білдіре отырып,

**«Ақылдың жетпегені арман емес»** – дейді. Себебі шектеулі пенде Алла Тағаланы толықтай түсінуі мүмкін еместігін білдіреді.

**«Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын»** деу арқылы Абай шариғатымызда ғылым-білімнің парыз екендігін еске салады. Алла елшісінің баршамызға белгілі «Әрбір мұсылманға ілім іздеу

---

[*] Кәлимә шәһәдәт – Лә иләһә иләллаһ, Мұхәммәдур Расулаллаһ сөзі.

[*]Мағрипат – тану, білу мағыналарын береді. Ал мағрипатулла болса – Алла Тағаланың Құранның білдіргеніндей тану. Оның есім-сипаттарының шексіз әрі кәміл екендігін ұғыну.

[*]Тағрип – түсіндіру, ұғындыру.

– парыз» деген хадисі бар. Жалпы иман – білім арқылы суарылып, қуатталады. Білім алу – Исламның алғашқы бұйрығы әрі рухы. Білім іздеу – құлшылық. Білім – пенденің жәннатқа барар жолын жеңілдететін пырақ. Сондықтан да ол иманды күшейтудің, күзетудің төте жолы. Білімге ұмтылмайтын адам мен білім жолында жүрген адамның құлшылығында, ықыласында үлкен айырмашылық болады. Құран Кәрімде Алла Тағала «Шынтуайтында Алладан құлдарының арасында тек ғұламалар (ілімі барлар) ғана шын именеді» (Фатыр сүресі, 28-аят.) [4]. Иман – бейне бір гүл секілді. Гүлді қалайша топырағын қопсытып, мезгілімен суғарып бақылау қажет болса, иман да сондай нәзік күтімді қажет етеді.

Мұнымен қоса мүмін адамға жоғарыда атап кеткеніміздей іліммен қатар мағрипат қажет болады. Мағрипат – адамның өз бойындағы сипаттары арқылы Ұлы Жаратушыны тани білуі. Даналардың «Өзін таныған Раббысын таниды» [7] сөзі осыны меңзейді. Себебі мағрипатсыз ғибадатта жалығу пайда болады. Ал құлшылықта жалығатын адам оған салғырт қарай бастайды. Енді құлшылыққа деген салғырттығын жалғастыра берген адам күндердің күнінде одан қол үзіп кетуі ықтимал. Сол себепті «салғырттың иманы бар деп болмайды» дейді.

Содан кейін Абай осы қара сөзінде иман мәселесіне кеңірек тоқталған. **«Уа-ләкин, кімде-кім иманның неше нәрсе бірлән кәмәләт табатұғынын білмей, қанша жерден бұзылатұғынын білмей, басына шалма орап, бірәдар атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүрген көңілге қалың бермей тұрып, жыртысын салғанға ұқсайды»** деп иманның толық болу шарттарына ишара жасайды. Әрине, ислам теологиясында иман алты шартпен толық болады. Олар: Аллаға, Оның кітаптарына, пайғамбарларына, періштелеріне, ақырет күніне және жақсылық та, жамандық та жалғыз Алланың бұйрығымен болатынына қалтқысыз сеніп иман ету. Бұл иман шарттарының бір-бірімен өзара тығыз байланысы бар. Оның біріне иман еткен адамға басқаларына да иман етуі қажет болады. Ал біреуін жоққа шығарған адам қалғандарын да жоққа шығарған болып есептеледі. Мысалы, Аллаға иман ету өздігінен басқа иман шарттарына да иман етуді қажет етеді: Шексіз

әсемдік пен кәміл сипат иесі,кемшіліктен ада болған Ұлы Жаратушы әлбетте пендесіне Өзінің құдіретін, шеберлігін танытып, әмір-тыйымдарын жеткізуді қалайды. Ал бұл іс пенделеріне пайғамбар жіберу арқылы жүзеге асады. Олай болса, Аллаға иман еткен адам Оның пайғамбарларына да иман етуі қажет; Алла Тағала өте әділ әрі мейірімді. Ол Өзінің әміріне мойынсұнған пенделеріне лайықты сый береді. Ал қарсылық танытқандарға тиісті жазасын да береді. Әрине, бұл ақырет күнінде жүзеге асады. Яғни, Аллаға иман ету ақырет күніне иман етуді қажет етеді; Ұлы Жаратушы Өзінің теңдессіз құдіретін таныту үшін ұшы қиыры жоқ, осыншама шексіз, шетсіз ғаламды жаратты. Бұл ғаламның сан алуан хикметі мен мәнін, адам баласының өмірге не үшін келіп, не үшін кететіндігін түсіндіріп, адамға жұмбақ болған ұғымдарды ұқтыратын кітап ол – Құран Кәрім. Ендеше, Аллаға иман еткен жан Құранға (және басқа да сәмәуи кітаптарға) да иман етеді деген сөз; Сәмәуи кітаптар пайғамбарларға Ұлы Жаратушы тарапынан періштелер арқылы келгені белгілі. Сонымен қатар адамның амал дәптеріне оның жақсы-жаман істерін жазып отыратын да періште. Демек, Аллаға сенген адам Оның періштелерін де жоққа шығара алмайды; Алла Тағала Өзі жаратқан жаратылыстардың болашағын белгілеп жазып қойған. Бұл Оның құдіреттілігін білдіреді. Аллаға иман еткен жан Оның әрбір болып жатқан құбылыстардан хабардар екенін, әрбір іс Оның қалауымен іске асатындығын жақсы біледі. Олай болса, Аллаға иман еткен адам тағдырға да имандай сенеді. Ал иман шарттарын түгелдемей, жүрегіне үңілмей жатып, тек сыртқы сипатына ғана мән беріп, «оразашыл, намазшыл болып жүретін адамдардың иманында кінәрат болатындығын дана Абай қадап айтады.

**«Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласыменен өзін-өзі аңдып, шын діни шыншылдап жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды».** «Күзетшісіз иман тұрмайды» деу арқылы Абай атамыз Исламдағы «Мурақабә» ұғымын қарапайым тілмен түсіндіруге тырысқан. Бұл ұғым Алла Тағаланың «күзетіп, бақылап тұрушы, қадағалап тұрушы» деген мағынаны беретін «الرَّقِيبُ» – «әр-Рақиб» есімімен тығыз байланысты. Жаратушының осы сипатының шағылысы көрініс тапқан

пенденің бойында Алланы көріп тұрғандай құлшылық ету деңгейі пайда болады. Міне бұл – мурақабә дәрежесі. Құранда бұл жайлы: «Алла барлық нәрсені толық бақылап тұрушы» (Әхзәб сүресі, 52-аят.) [4] делінеді. Мурақабә – Жаратушы Иенің әр сөзімізді бақылап, әрбір ісімізді қадағалап, көкейімізде жасырылғанның барлығын біліп тұратындығына иман ету. Мурақабә – бүкіл ой-сананы Құдай Тағаланың жақсы көретін істеріне бағыттау, Оның қалауын барлық нәрседен жоғары қою, Оның маңыз бермеген мәселелерін санадан шығарып тастау деген сөз. Ал **«ескерусіз иман тұрмайды»** деген сөзіне келер болсақ, бұл ардақты сахабалардың біріне-бірі «Кел! Иманымызды жаңартып алайық» деп өзара насихат жасасып, имандасу әрекеттерін еске салады. Жаратушы Иеміз осы тұрғыда: «(Ақиқатты еске салып, насихат қылып) ескерт. Себебі ескерту мүміндерге қашан да пайда береді» (Зәрият сүресі, 55-аят.) [4] дейді. Адам әлсіз жаратылыс. Ол білген нәрсесін ұмытуға бейім. Сондықтан да үнемі жасалып тұратын насихатқа, көркем уағызға мұқтаж. Абай атамыз басқа бір қара сөзінде адамның жақсылыққа бейім болып қалыптасуына ықпал ететін себептерді атайды. Соның бірі – жақсы орта. Иә, иманды күшейтіп, жаңалап тұруда, сол арқылы мағрипатқа жетуге ұмтылу үшін имани мәжілістерге көп қатысу ықпалды факторлардың бірі. Хазірет Лұқман хәкімнің баласына айтқан мынадай насихаты бар: «Ей, ұлым! Ілім адамдарымен бірге отырып, даналардың сөзіне құлақ ас! Алла Тағала көктем жаңбырымен топыраққа өмір бергеніндей, өлі жүректерді хикмет нұрымен тірілтеді».

**Әдебиеттер:**

1. Мұхтар Әуезов, «Абай Құнанбаев». – Алматы, 1995, 75-бет.

2. Әт-Тәфтазани, «Шәрху әл-Мәқасид», Әләмул-кутуб, Бәйрут, 2 том, 264-бет.

3. Сабуни, әл-Бидая, 79-бет.

4. Құран Кәрім қазақша түсіндірмелі аударма. Аударғандар: Әкімханов Асқар Болатбекұлы, Анарбаев Нұрлан Сайлауұлы. – Алматы: Нұр-Мүбарак баспасы, 2019. – 624 бет.

5. Әбу Ханифа, «Шәрху фиқһи әл-Әкбәр» 11-бет, Дәру ән-Нил, 2007.

6. Бухари, Риқақ, 18; Муслим, Саләту әл-мусаффирин, 216-218.

7. Әл-Әлжуни, Кашфу әл-Хафә, 2 том, 343-бет.

## АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДІНИ МӘСЕЛЕЛЕР

***АЛТАЙҚЫЗЫ Айкерім,***
*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми қызметкері, PhD докторанты*

Қазақстанның плюралды және зайырлы табиғатын ескере отырып, діни қатынастарды реттеу – қазіргі қоғам үшін маңызды сұрақтардың бірі. Осы орайда қандай діни көзқарастар дәстүрлі, қандай ағымдар жаңадан енген конфессиялар екенін анықтау өзекті. Бұндай зерттеулер халықты сауаттандырумен қатар қазақ дәстүрлі ойларын жан-жақты талдаумен жүзеге асырылуы тиіс.

Қазіргі қазақстандық қоғам үшін ар-ождан еркіндігі мен төзімділік ұлтаралық, конфессияаралық бірліктің негізгі тірегі болуы тиіс. Жалпы халықтың ділінде басқа сенімдегі адамдарға деген төзімділік қасиеті бар, ол рухани мәдениеттің арқасында ғасырлар бойы қалыптасты. Ал руханияттың орталық түсінігі болып адам саналады, яғни оның өмір салты, мүдделері мен қажеттіліктері. Діни философияда адам өмірінің мәні туралы ойлар сенім мәселесі айналасында өрбиді. Сенім феноменін философиялық талдаудың айрықша мысалы ретінде Абай Құнанбайұлының ойларын қарастырсақ болады. Абай қазақ халқының рухани тәлімгері, оның діни ойлары мен көзқарастары сенімнің мәніне терең бойлаған, адамның күнделікті тұрмысымен байланысын түсіндіре білген. Сонымен қатар оның дін, сенім, руханият пен өнегелік туралы ойлары ұрпақ тәрбиелеуде өшпес із қалдырды. Абай сенім, дін және адам туралы көзқарастарын сана мен ақыл арқылы ғана қарастырып қоймай, сезім мен жан толғанысы арқылы талдауға қол жеткізеді. Сенім жайында сұрақтарды қарастыруда Абай өзін-өзі тануға, сараптауға, жеке сезімдер мен күйзелістерге жүгінеді. Оның ойынша, адамның Құдай туралы ойлай алуы, сезінуі және толғануы – маңызды. Өзінің ойларында ол Құдайдан адамға емес, керсінше, адамнан Құдайға жақындайды [1]. Осылайша Құдай туралы ұғымға адамға тән мән-мағына береді, яғни ол алыстағы

шынайылық емес, адам жандүниесінің – бір бөлігі. Құдай мен сенімнің болмысын терең түсіну арқылы адам өзінің өмірі, көзқарастары мен құндылықтары туралы қайта ойлануға келеді.

Абайдың көзқарасы бойынша, сенім адам өмірінің рухани құбылысы ретінде бірден түсінуге болатын жеңіл ұғым емес. Оның мәнін түсіну толғану, күйзеліске түсумен қатар жүреді, сондай-ақ жалпы халық арасындағы діни бағдарларға сыни көзқараспен қарау. Ойшылдың өзінің ішкі дүниесінде сенім күшінің тартысы байқалады, ол оның шығармашылығында ерекше ой толғанысын қалыптастырады. Сол себепті дінтану және философия ғылымдарында дін мен сенім мәселелерін зерттеуде ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеу қызығушылық тудырады. Абайдың шығармашылығы дін адамға қатысты сыртқы дүние емес, оның рухани әлемінің мәні екендігін айқындап отыр. Ол әрқашан жалпы қабылданған діни көзқарастарға, діни мекемелердің уағызына сенімсіздікпен қарады, діндарлар уағыздаған сенімге күмәнмен қарады, себебі олар қарапайым адамның мүдделерінен алшақ деп есептеді.

Абай бүкіл саналы өмірі бойы діни догмалардың мәнін нақты, жан-жақты түсінуге негізделген сенімді берік қолдады. Абай өзінің діни ізденісі шынайы сенім сыртқы қолдауды қажет етпейтіндігіне негізделген. Ол діни институт пен оның қызметшілері адам үшін ғұрыптық мәнді жоққа шығарып, Құдай ілімінің мәнін әдейі бұрмалайтындығына сенімді болды. Абай дінді иманмен (сеніммен) теңестіреді. Ол үшін дін – таза рухани құбылыс, оның негізі – сенім және адамның өмірінің мәнін, оның әлемдегі миссиясын түсінуі.

Абай жаратушы Құдайдың бар екенін мойындайды, бірақ ол Құдайдың мәнін жаратылыс әрекетінен емес, адам өмірінде сүйіспеншілік, мейірімділік, әділеттілік орнатуынан көреді. Абай үшін Құдайдың ең басты көріністері – адам өміріндегі руханият пен мейірімділік, адамдар арасындағы қарым-қатынастағы адамгершілік пен әділеттілік. Шынайы сенім – адам өмірінің өнегелік мазмұнын анықтайтын діни сенім. Абай мұны үш тұрғыдан қарастырады: біріншіден, сенім адамның Құдайға және

әлемге (яғни шексізге дейін, шексіздікке өтетін) деген көзқарасын белгілейді; екіншіден, сенім адам өмірінің мағынасын анықтайды, үшіншіден, сенім әлемдегі адамның тағдырын айқындайды [1].

Сенім адамның басқа әлемдегі тәжірибесін білдірейді, бұл адамның жандүниесінің әлемдегі мақсатын түсіну, өмірінің мәнін түсіну қабілеті болып табылады. Сенім өмірмен, оның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Шынайы сенім адамнан тек оның руханиятқа негізделген мағыналы өмір сүруін талап етеді.

Абай дін мен иман, яғни сенім бір ұғым емес деп санайды. Дін – адамдардың білімсіздігін қолдану үшін дін басылары мен табынушылардың құралы. Шынайы сенім – адамның Құдайдың ақиқаттық болмысын түсінуі, оның әлемдегі орнын түсіну қабілеті. Шынайы сенім − иман, ақылдың нұрымен сәулеленіп, жалған сенімге қарсы тұру. Абай былай дейді: «Енді бұл иман дерлік инануға екі түрлі нәрсе керек. Әуелі − не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел − испат қыларға жараса, мұны якини иман десе керек. Екіншісі − кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық берік боларға керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айнып, көңілі қозғалмастай берік болу керек. Бұл иманды иман таклиди дейміз» [2]. Ол адамның бойында білімнің, дәстүрдің, кітап оқудың, молданың сөздерінің әсерінен қалыптасатын дәстүрлі сенімге баса назар аударады. Бұл сенім адамның жан дүниесінде жеке ойлау нәтижесінде емес, оған дейін дайын шындықты игеру нәтижесінде қалыптасқандықтан, ол адамнан азғыруларға төтеп беру үшін рухтың берік болуын талап етеді, адамның зор рухани күш-жігерін және ішкі еркіндігінің жетілуін талап етеді. Бұл адамның жан дүниесінің ішкі саналы қажеттілігі, яғни Аллаға соқыр құлшылық жасау емес.

Абай Құнанбайұлы қарасөздерінде ойларын жеткізу үшін Мұхаммед Пайғамбардың хадистерінен дәлелдер келтіре отырып талдау жасайды. Абайдың қырық бес қарасөздерінің ішінде он бірі толықтай діни сұрақтарға жауап іздеуге арналған. «Он үшінші қарасөзінде иман мен ғибадат, жиырма жетінші қарасөзінде

құлшылық, хикмет, ақыл жайында, жиырма сегізінші қарасөзінде тағдыр, иман, ақыл, ғибадат, отыз төртінші қарасөзінде ақырет, иман, дүниелік өмір, қырық үшінші қарасөзінде жан мен тән, ақыл, талап, қуат, қырық бесінші қарасөзінде Аллаһ Тағаланың барлығына дәлел, әділет, махаббат туралы баяндайды» [3].

Абай Құнанбайұлы 38 қара сөзінде мынадай ой айтады: «Құдай тағаланың затына пендесінің ақылы жетпесе, дәл сондай ғашықпын демек те орынсыз. ...Алла тағаланың пендесін махаббат уә мархаматпенен жаратқанын біліп, махаббатына махаббатпен елжіремекті Құдайға ғашық болды дейміз. Олай болғанда хикмет құдаға, пенде өз ақылы жетерлік шамасында білсем деген әрбір істің себебін іздеушілерге хакім деп ат қойған» [4]. Бұл жерде да философ адам болмысындағы Құдайға деген сенім махаббатпен, мейірімділікпен өлшенетінін меңзеп отыр.

Абай 12-13 қарасөздерде Құдайға деген сенімнің, яғни иманның негізгі екі түрін бөліп көрсетеді. Оның бірі «якини иман» болса, екіншісі – «тақлиди иман». Бұл жердегі «якини иман» дегеніміз ақылмен илануды білдіреді, ал «тақлиди иман» біреуге еріп илану деген мағынаны білдіреді. Ғылыми тілде алатын болсақ, ол діншілдік пен имандылыққа (сенушілік) жіктеп отыр. Сенушілікте Құдайға сену сезімі басым болады, жүрегінде иман болады. Ал діншіл бағыттағы адамдар сыртқы ғибадатқа, діни жораларды қатаң орындауға басты назар қояды.

Абай Құнанбайұлы ғибадаттың, яғни Құдайға табынудың ішкі және сыртқы түрлерін көрсетеді. Сыртқы дегеніміз әдет-ғұрыптылық, жорашылдық санаты. Ал ішкі ғибадатқа Абай шынайы иманды жатқызады. Оған адамдар махаббат пен әділеттілік арқылы жетеді деп санады. Жаратушы Құдайдың хақ әмірі – мейрімді, әділетті болу. Иманның әлсізін Абай соқыр діндарлыққа теңеді. Осы тәрізді мәселелерге сараптаманы келесі өлең жолдарынан жасауға болады:

*«Осы үш сүю болады имани гүл,*
*Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл.*
*Ойлан-дағы үшеуін таратып бақ,*
*Басты байла жолына, малың түгіл.*

*Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,*
*Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.*
*Бастапқы үшті бекітпей, соңғы төртті,*
*Қылғанменен татымды бермес жеміс»* [5].

Яғни хәкім Абай төрт парыздың – ораза, намаз, зекет, қажылықтың маңыздылығын төмендетпейді. Оның ойы ең алдымен Алланы, адамды және әділетті сүю қажет, себебі онсыз пенде діншілдікке, рухани тұғырыққа келеді.

«Соңғы өсиет» өлеңінде де ақын соқыр нанымға жол бермеу үшін «иманигүл (кәміл иман)» жүректе орын алу керектігін айтады:

*«Мүмин болсаң, әуелі иманды бол,*
*Пендеге иман өзі ашады жол».*

Кемеңгер қарасөздерінде, өлең жолдарында иман, ықылас, ішкі және сыртқы ғибадат, тағдыр, Жаратушы Алла Тағаланың сипаттары, ғашық-мағшұқ, иман мәселесіндегі сүйіспеншілік пен әділеттіліктің орны, Құдайдың хикметпен жарату сияқты мәселелер бойынша ой толғайды. Абай шығармашылығындағы діни пікірлер мен көзқарастар Исламға қарсы келмейді, қайта онымен үндесіп, үйлесімділік табады. Ненінің ақиқат, ненің жалған наным, соқыр сенім екенін көрсетеді. Сенім философиясының тұңғиықтағы мәнін ашады.

Абай Құдай мен пенденің, өмір мен өлімнің, жан (рух) мен тәннің, иман (сенім) мен ұяттың, дін мен ғылым, дін мен дін иелерінің өзара қатынасы туралы ұғымдарға философиялық талдау жасайды. Хәкім Абай Құдайды дәріптеуге ұмтылмайды, ол Алланың жақсы қасиеттерін адамның өң бойына сіңіруді көздейді. Сол себепті кемеңгер «Құдай» феноменімен пенденің бойындағы асыл қасиеттерді байланыстырады, оларға адамгершілікті, әділеттілікті, ақиқатты, тәрбиені, махаббатты және тағы сол сияқты рухани құндылықтарды жатқызады. Діншілдікті адамгершілікпен, имандылықпен бағындыруды мақсат етеді.

*Абай келесі өлең жолдарында былай дейді:*
*«Махаббатпен жаратқан адамзатты,*
*Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.*

*Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,*
*Және хақ жолы осы деп әділетті...».*

Яғни Құдай сені махаббатпен жаратты, ал сен өзің хақты танимын десең, ақиқат жолында өмір сүрем десең, Жаратушыны және тұтас адамзатты шын жүрекпен жақсы көр дейді.

Абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы «Абай діні – адамгершіліктің діні» деп анықтайды. Қорытындылай келе, Абайдың діни дүниетанымы – дін мен ғылымды, әдеп пен философияны байланыстырудан туындаған қорытынды дүние. Қазіргі қазақстандық қоғамда дәстүрлі емес діндерден жастарды сақтау өзекті мәселе болып табылады, сол себепті қазақы діни сана мен ділді қалыптастыру жолында Абай шығармашылығы мен оның руханият ілімі негізгі құралдардың бірі бола алады.

**Әдебиеттер:**

1. Науанова К.М. Проблема религии и веры в творчестве Абая Кунанбаева // https://e-history.kz/ru/contents/view/1653 . 16.10.2013.
2. 13 қара сөз. Абайдың қара сөздері // https://abai.kz/post/6. 08.05.2009.
3. Абай және Ислам діні // https://www.uniface.kz/index.php?post=article&id=30. 17.06.2013.
4. 38 қара сөз. Абайдың қара сөздері // https://abai.kz/post/6. 08.05.2009.
5. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 487 б.

# АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ҚАЙЫРЫМДЫ ҚОҒАМ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

***ЕРЖАНОВА Айдана Жеңісқызы,***
*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану*
*және дінтану институтының ғалым хатшысы,*
*PhD докторанты*

***Аннотация.*** Мақалада 19 ғасырдағы Қазақ даласындағы қоғам болмысы мен әлеуметтік-саяси өзгерістердің регрессивті гуманистік дүниетаным мен прогресситі қоғам дамуының дуалдық нәтиже шарттары қарастырылады. Абай философиясындағы қайырымды қоғам тұжырымдамасын жүзеге асыруда басты объекті ретінде адам мәселесін шеше отырып, оның рухани, этикалық қырларын дамыту арқылы толық адам мінсіз қоғамды құрады деген ой-қорытындыға келеді. Абай өз заманындағы қазаққа тән теріс мінез-құлықты сынай отырып, өз ұлтынан осы сынға қарсы күрес күткен, және ол сын айтумен шектелген жоқ, дәйекті дәлелдер мен жаңа заманға сәйкес келетін ағартушылық әрекеттер жүйесін ұсынды. Қазақ қоғамының болашағы ой жүйесі мен ісінің бірлігі туралы ойды алға тартты. Абайдың жаратушы мен білімге қатысты деистік көзқарасы әл-Фарабидың діни-философиялық ойымен сәйкес келеді, жаратушыны жаратқан дүниелер себебінен тану мүмкіндігіне білім арқылы ие болатын ойлары талданды. Қайырымды қоғам тұжырымдамасына Абайдың көпшілікке игі болатын білім тұжырымдасы арқылы жетуге болады деген ой ұсынылады.

***Түйін сөздер:*** қоғам болмысы, толық адам, қайырымды қоғам, еркіндік, білім, гуманизм, руханилық, этика.

«Қазақ» термині 1245 жылы Мәмлүк мемлекетіндегі қыпшақтардың ортасында жазылған ерте қыпшақ жазба деректерінде (түрік-араб) сөздігінде кездеседі. Қазақ сөзінің этимологиялық анықтамасына зер салсақ еркін, кезбе деген мағына берсе, қазақтардың өмір салты ешқашан өзінің еркін қозғалысының шекарасын білмеген, бірақ туған жеріне, туған ауылына деген антогонистік ойларды кездестіреміз. Қоғамның әлеуметтік болмысы дегеніміз әлеуметтік кеңістік пен әлеуметтік уақыт аралығында өмір сүретін қоғамның мәдени, тарихи, саяси үрдістерін бірегейлік сипатымен талдау. Сондықтан, 19 ғасырдағы Қазақ халқының

әлеуметтік болмысын осы сипат арқылы анықтаймыз, қазақ қоғамы өмір сүру салтында шынайы еркін болған, қазақтардың басым көпшілігі мал шаруашылғымен айналысқан, тебін тірейтін төрт жайылымдық орны бар (қыстау, күзеу, көктеу, жайлау), бұл сол кездегі қоғамның көшпенді өмір салтын айғақтайтын дәлелдер, сонымен қатар, жер шаруашылығымен, балық шаруашылығымен, қолөнер, саудамен татар көпестері арқылы айырбас саудамен айналысқан. 18-19 ғғ. Кіші және Орта жүздегі хандық билік жойылды, Абылай хан қайтыс болғаннан кейін, әр жүзде жеке хандар сайланып, бытыраңқылық жүйе қалыптасты. 19 ғасырда Ресей патшалығы қазақтарды қыстау мен шабындық жерлерді пайдалану құқығын шектеумен қатар, жеке иеліктерді де тартып алумен айналысты. Мұның бәрі қазақ руларының қалыптасқан көшіп-қону жолдарының бұзылуына, мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырап, жайылымдық жерлердің құлдырап, қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымының бұзылуына әкелді.

Қазақ қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер, хан-сұлтан-би-батыр-халық құрылымдық жүйесінен тұратын болса, енді нарықтық сауда қатынасының пайда болуымен жаңа әлеуметтік қабат байлар тобы пайда болды. Демек, қазақ қоғамы екі қарама-қарсы топқа бөлінді, біріншісінде хан, сұлтан, би, байлар болса, екіншісінде батырлар, қарапайым халық пен жатақтар, бақташылар болды. Осы уақыт аралығында халық батырларының бастауымен орын алған көтерілістер басқару жүйесіндегі өзгерістер есебінен орын алған. 1822-1824 жж. Сібір, Орынбор қазақтарын басқару туралы декрет, 1867-1868 жж. Түркістан облысын басқару туралы реформалар көшпенділердің патриархалды-феодалдық өмір салтын сілкіндірді, сұлтандар, билердің билігі бұрынғы жүйедегі ақсақалдардың билігімен қатарлас маңызға ие болды. Қазақ жері жеті округке, әр округ болыстар мен ауылдарға бөлінді. Генарал-губернатор – округтык приказдарды аға сұлтандар, болысты сұлтандар, ауылды ауыл старшиналары басқарды. Қазақтарға өз округінде ғана көшіп-қонуға рұқсат берілді, ал екінші бір округке рұқсат қағаз қажет етілді. Казактарға, аға-сұлтандарға, сұлтандарға, тілмаштарға үлкен көлемде жер бөлінуі шаруашылыққа әсер етті. Жаңа әкімшілік жүйе қазақтардың дәстүрлі жер қатынасын

күйретті, қарапайым халықты салықтармен (үшір, зекет, соғым, сыбаға, түтін) тығырыққа тіреді. Ресей патшалығы әміршіл-әкімшіл жүйедегі азшылықты тойдыра отырып, өзінің «құлағы мен көзі» етіп, азышлық пен халық арасындағы араңдатушылықты тудырды. Бұл жүйе көшпенді-қазақ дүниетанымындағы еркіндікті шектей отырып, санадағы нададық қоқақтақты, қоқарктық бағынушылық пен мойынұсынушылықты тудырды, араңдатушылық адамдар арасындағы қарым-қатынаста антигуманистік әрекеттерге жол ашты, сатқындық, алдау-арбау, жемқорлық, билікке құмарлық сезімдерді өршітті. Бұл антигуманизм қазақ даласында бұрын-соңды болмаған деген ой-қорытындысынан аулақпыз, бірақ Ресей патшалығының кірігуі қоғамда осы теріс мазмұнындағы ойлар мен әрекеттерді ашық түрде жасалуына қолғабыс етті. С. Асфендияров [1], Е. Бекмаханов [2], С. Зиманов [3] өз еңбектерінде дәстүрлі қазақ қоғамының жаңа империялық реформалардың нәтижесінде әлеуметтік-саяси құрылыстың өзгергерісі салдарынан қазақ элитасының Ресей патшалығының жоғарғы дворяндар табына интеграциялануы жөнінде жазған. XX ғасырдың басында С. Асфендияров, «...Ресей империясы қазақ ақсүйектерін өз тарапына шығару арқылы, қазақ даласындағы өз билігін нығайту саясатын жүргізе отырып, Орталық Азиядағы сауда жолдарына шығуын қамтамасыз етті...». Қазақ ақсүйектеріне қалған әлеуметтік топтарға қарағанда бірқатар жеңілдік пен артықшылықтар берілгендігі жөнінде тарихи дәлелдер бар, ол әміршіл-әкімшіл жүйедегі сұлтандарға, болыстарға, ауыл старишиналарына қазыналық марапаттау, офицерлік және генералдық шендер, мундирлер мен айырықшалау белгілерін киюге, медальдар алу сияқты атрибуттар алуға мүмкіндік жасады, 1722 жылы қабылданған «Табель о рангах» заңы жоғарыдағы марапаттар алу құқығын береді (мысалы, Б. Айшуақов, М. Баймухамедов және т.б. Ресейлік патшалығының генаралы атағын алды). Бірақ, қазақ қоғамындағы ақсүйектер тобы өзіне берілген артықшылықтарын дұрыс пайдалана алмағаны, және жеңілдік пен артықшылық жөнінде барлық элита құлағдар болмағаны, сол элитарлы топтың білімділік деңгейінің төмендігін көрсетті, қазақ элитасына берілген атақтар Ресей патшалығындағы шендердің мәртебесіне сәйкес келмеді, сондықтан патшалық дво-

ряндар тобына кіру үшін көп жылдар бойы еңбек сіңіруі қажет еді, басқарушылар табында «қызметіне деген адалдық», «шынайлық», «білімділік» сияқты сипаттар жоғары бағаланды. Әміршіл-әкімшіл жүйедегі шенеуніктерге берілген артықшылықтардың бірін пайдалана отырып, балаларын жоғарғы оқу орындарында білім алу мүмкіндігіне ие болды, және олар қазақ қоғамы Ресей билігін позитивті қабылдауына жәрдемдеседі деп есептеген, мысалы, Уали ханның немеремі Шоқан Омбы кадет корпусында білім алған, С. Чингисов бауырларын Паж корпусына (Ресей патшалығында ақсүйектердің балалары оқитын арнайы әскери оқу орны) оқуға түсірген. А. Каппелердің ойынша, метрополия мен перифериялық элитаның арасындағы қарым-қатынас патшалық биліктің жүзеге асуындағы негізгі кілт формуласына сәйкес келеді [4, с. 17].

Жаңа толқындардың оң жақтары, дәстүрлі қазақ қоғамы өзінің даму бағытын анықтауға қадам жасады, еуропалық мәдениеттермен танысуға мүмкіндік туды. Басқарушы аппаратқа берген артықшылықтар есебінен, қазақ қоғамында ағартушылық үрдісі жүрді, қазақ-орыс мектептердің ашылуы, қазақ ақсүйектерінің балалары жоғары білім алып, оны адамзаттың игілігіне жұмсау жолында Ш. Уалихановтың жүрген жолы айғақ, көшпелі шаруашылықтан отырықшылыққа өтті, жаңа ғасырдың талабына төтеп беретін индустриялық кезеңнің келуіне түрткі болды. Қазақ жеріне жер аударылған жандар қазақ зиялыларымен араласып, басқа әлемді тануға жәрдемдесті, мысалы Абай саяси жер аударылғандар Потанин, Михаэлис, Долгополов, Гросспен қарым-қатынаста болуы оның дүниетанымына үлкен әсер тигізді. Сауда қатынасында ақша айналымы жүрді, өздеріне қажетті тауар түрлеріне қол жетімсіздік жойыла бастады.

Абайдың шығармашылығы осы тарихи уақытпен сәйкес келді, дәстүрлі қазақ қоғамының жаңа деңгейдегі қоғамдық болмысқа көшу кезеңіне тұспа-тұс келеді. Жоғарыда келтірілген әлеуметтік, тарихи, саяси өмірдегі түбегейлі өзгерістер ғана емес, қазақ қоғамының санасында, психологиясында, мәдениетінде іргелі өзгерістер орын алды. Бұл өзгерістер, ойшыл-ақын Абайдың дүниетанымында орын алды және өз еңбектерінің өзекті мәселелер қатарына енгізді. Абай, қазақ қоғамы күрделі және қарама-қайшы

әлеуметтік дағдарысқа ұшырағанын ұғынып, «қайырымды қоғам тұжырымдамасын» жасауға тырысты. Ол дәстүрлі қоғам болмысы түбінде құрыған және ешқандай даму болашағы жоқ екенін түсінгендіктен, қабылдай алмады, ол ескіге оралу қағидасынан аулақ еді. Қоғамға да, Абай сияқты мықты тіреу мен берік сенімді қажет етті. Абайдың ізденіс талпынысы өте қиынға соқты, ол мінсіз, бақытқа жету жолы адамның өзін-өзі жетілдіруде деп санады.

Абайдың қалдырған мұрасы, қара сөздері өз заманындағы қазақ қоғамының объективті бейнесін, сол кездегі қазақ халқына тән пендешілік қасиеттерді, адасқан адам баласының надандығын, еріншектігін, талапсыздығын әшкерелейді, қарапайым халық пен бишара халге түскендердің мүддесін қорғау мен күреске түсуі, қазақ даласында адамгершілік және ағартушылық идеяларды көтереді, өз заманындағы негізгі мәселелер- билікке құмарту, білім іздемеу, ұяттан безу, бос күлкіге салыну, оңай жолмен мал табу (барымта, ұрлық, алдау) сияқты тақырыптарды көтерді. Міне, Абайдың қара сөздері біздің қоғамымыз үшін пайдасы зор.

Жоғарыда сөз болған, қазақтың әлеуметтік-саяси құрылымдағы жүйені сипаттайтын, Абайдың үшінші қара сөзінде, «Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілейспейтұғынының, рас сөзі аз болатығұның, қызметке таласқыш болатұғының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады...» [5], қазақ санасындағы еркіндік қорқақтыққа ұласқаны, саяси шенге тартыстың осы білімсіздіктен келетіні жөнінде жазады, жаңа заманның талабына бейімделуге қарағанда, жалқаулықтың, надандықтың оңай жол екендігі, қоғамның дәстүрлі даму жолын жалғастырғысы келген қазақ, мал шаруашылығымен айналысып, малды басқа біреудің еңбегін пайдалана отырып, көбейтуге тырысқандығы, 19 ғасырдағы қоғамдағы өзгерістерге дайын еместігінің санадағы бейнесін көрсетті. Сегізінші қара

сөзінде, «Болыс, би өзінің шенін ойласа, бай дүниенің соңына жете алмайды, сұм-сұрқия, залымдар насихат пен ақыл тыңдауға уақыты жоқ...» [5] қоғамдағы әлеуметтік қабаттардың білім мен ғылымда шаруасы жоқ, өзінің жаны мен малын баққан бірліксіз ыдырауды көрсетеді. Жиырма екінші қара сөзінде де, осы әлеуметтік қабаттардағы адам бойындағы пендешілік қасиеттерді сынайды, би, болыс жалынып, жалбарынып алған билігінінің ешбір қадірі жоқ, мырза мен бай өздерін құрметтеу үшін малын шашып, тойынған қуларды тойдырып бекершілікпен айналысып жүр, ғаріп-қасар бишараны жалқаулығын момындыққа санай алмаймыз деп жазады.

Абайдың алтыншы қара сөзінде, «...Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік – ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді...» [5], бірлік ақылда, істің берекесі сонда болмақ. Адамдар бір-біріне көмектесу керек, бірақ несібесіне ортақтасуда бірлік болмайтындығын көрсетеді. Жәрдем сұрағанға балық емес, қармақ бер, адал еңбек ырыс пен берекенің алды. Мінсіз қоғамды құратын адамдар арасында келісім, ынтымақ, бірлік болуы қажет емес пе? Сондықтан, қайырымды қоғам құрудағы басты шарт ретінде бірлікті қарастырамыз.

Қоғам өмірінің негізгі салалары ретінде әлеуметтік, саяси, экономикалық, рухани өмір көрсетіледі. Абай осы салалардың ең негізгісі рухани өмір саласы деп санады. Ол Құдайдың жаратушы екенін мойындай отырып, оны тану үшін жаратқан дүниелер себебінен тану мүмкіндігін берді және оны тану үшін саған кеудеңе қуат берді. Ал қуатты дұрыс пайдалану үшін ақыл кере, жаратушыны білім мен ғылым арқылы тану мүмкіндігіне ие боламыз. Адамзатты соқыр сенімге шақырмай, танымға қадам жасауы – ағартушылық тұжырымдамасы мен адам бойындағы иман

шарттарына сәйкес келеді. Құлшылық қылудағы екі шарттың өзінде танымның шексіздігі мен білімсіздіктің надандық жолында тұрмауы да осы тұжырымдамаға сәйкес келеді.

Әл-Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты трактатында қоғамның құрылым жүйесін адам мүшелерінің орналасу жүйесімен салыстырады, сол кезде қала басшысы жүрекке теңдестіріледі, ал Абайдың он жетінші қара сөзінде, жүректен барлық мүшеге қан тарайды, жанның мекен ететін орны, ақиқатқа апарады деп, жүрекке алдыңғы қатарлы орын берген ғылымның, жанның түйсігі ақыл, қайрат,ғылымның жолын білетіндігінде. Жүрек адамның ағзасында қандай қызмет атқарса, басқарушы да қоғамда сондай рөл атқармақ. Егер адамды дұрыс қадамға бастайтын жүрек болса, сол адам қоғамды дұрыс даму жолына апарады.

Абай философиясындағы ең негізгі ой, ол «Адам бол!» концепциясы, адам барлық тіршілік атаулыдан ерекше, оның санасы мен сол санаға сәйкес іс-әрекетінде. Ол адамды адам атынан айыратын жаман қасиеттерді айтады – жалқаулық, оны ақтайтын қуаныш пен жұбаныш – біріншісі, елдің жаман іске душар болғанын естігендегі кейпі, ал екіншісі, өзін жұртпен салыстыра отырып ақтау, ар-ұяттан безу, еріншектік, надандық, білімсіздік, талапсыздық, алдау-арбау, жала жабу, білімді тәннің пайдасына жұмсау, ақылсыздық және т.б. Осы қасиеттер адамды адам атынан айыратын, ешбір қайыры жоқ істердің бірі. Бұл қазақ даласындағы ірі гуманистік идея. Қоғамның рухани саласын қоректендіретін негізгі элемент. Абайды қазақтың ұятымен теңдестіруі бекершілік емес.

Абай барлық мәселені ағартушылық тұжырымдамасы арқылы шешімін табуды жөн көрді. Балаңа білім бер, білім жолында мал аяма, балаңа ғылым мен білімді таныттам десең, одан пайда көрем деп жол ашпа, қазақ білімді болса қазқаққа күзет болған орыстарды басқарар еді, орыстардың білімі мен ғылымын таныса, оларға бір табан жақын болып, қазақты басқарар күн туар еді деген ой-толғаныстар жасады. Демек, Ресей патшалығының бізге қатысты пайдаланған қаруын біле отырып, ақыл-кеңес берген, білімді дұрыс қолдана білу, өзге жұрттан ізгі және пайдалы

дүниені үйрене отырып, терезеңді тең қылып, өзіңе-өзің қожа болу әдісін ұсынды. Ресей патшалығы қазақ даласына көз салмас бұрын, экспедициялық топтарды жіберіп, әдбен қазақтар туралы көптеген деректер жинаған, қазақ қоғамның небір әлсіз тұстары білімсіздік пен бөлінушілікті пайдалана отырып, тұтастай жаулап алды. Қазақтың кезегі, үйрене отырып, сол қаруды өздеріне қарсы пайдалану еді. Бірақ, ғасырынан дара туған Абайды кім түсінді? Сондықтан, Абайдың пессимизмге салынуының салдары да осында.

Қорытындылай келе, Құдайды таныған адам, ар-ұжданы бар адаммен теңдестіріледі, демек ұяты бар адам, ол иманы бар адам, иманы бар адам, рухани бай адам, рухани бай адам міндетті түрде білім мен ғылымға жүгіне отырып, толық адамға айналады, ал толық адам мінсіз қоғамды құрады, мінсіз қоғам шынайы бақытқа жетеді.

Абайдың әлеуметтік болмысы өзара байланысты екі қабаттан тұрады. Бір жағынан, антропологиялық қабат, адамның тәрбиесі мен оның өзгеруі болса, екінші жағынан, адамның тұлғалық шығармашылық бастамасынын дамуына, адамдар арасындағы жаңа қарым-қатынастың қалыптасуына мүмкіндік беретін әлеуметтік шарттарды пайда болуы жөнінде. Осы ойы әл-Фарабидың әлеуметтік болмысымен сәйкес келеді, адам өзін-өзі, өзінің әлемін жетілдіру арқылы қоғамды қалыптастырады. Абай қоғамының дамуында адамның рухани-адамгершілік қырларын алға тартады, ал қалған қоғамдық өмірдің салалары тек шарттар мен құрал ретінде түсіндіріледі.

**Әдебиеттер:**

1. Асфендияров С.Д. История Казахстана. Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993, с. 304.
2. Бекмаханов Е. Присоединение Казахстана к России. Алма-Ата: АН СССР, 1957, с.337.
3. Зиманов С. Политический строй Казахстана первой половине 19 века и Букеевское ханство. Алматы: Арыс, 2009, с.419.
4. Каппелер А. Центр и элиты периферий в Габсбургской, Российской и Османской империях (1700-1918 гг.)// Ab Imperio,2007, №2, с. 17-58.
5. Абай. Қара сөздері. Алма-Ата: Жалын, 1982, с. 21.

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ АБАЙДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДЕБИ МҰРАСЫ»**

дөңгелек үстел материалдар жинағы

**«ФИЛОСОФСКОЕ И ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ АБАЯ В КОНТЕКСТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ»**

сборник материалов круглого стола

Дизайн и верстка: ***Ж. Рахметова***

РГКП «Институт философии, политологии и религиоведения» КН МОН РК

Подписано в печать 11.05.2020.
Формат 60x84 $^{1}/_{16}$
Печать офсетная. Бумага офсетная.
Усл. печ. л. 11,25.